

**МӘДИЕВА Г.Б.  
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.  
МАДИЕВА Д.Б.**

**ОНОМАСТИКА: ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Алматы, 2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Оқу құралы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Ғылыми кеңесімен  
ұсынылды

Пікір жазғандар: филол. ғыл. докторы Рысберген Қ.Қ.  
филол. ғыл. докторы Ибраева Ж.Қ.

Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., Мәдиева Д.Б. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2016. – 160 бет.

ISBN

УДК  
ББК

ISBN

2016

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	5
<b>КІТАПТА КЕЗДЕСЕТІН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	9
<b>I ОНОМАСТИКА ҒЫЛЫМИ ПӘН РЕТІНДЕ</b>	10
1.1 Ономастика: нысаны, нысанасы, мақсаты мен міндеттері	10
1.2 Ономастиканың қалыптасу мен даму тарихына қысқаша шолу	12
1.3 Ономастиканың басқа пәндермен арақатынасы.....	15
1.4 Ономастиканың құрылымы мен ономастикалық зерттеу аспектілері.....	23
1.5 Ономастикалық зерттеулердің аспектілері.....	25
1.6 Ономастикалық материалдарды зерттеу әдістері.....	27
1.7 Жалқы есімдердің түрлері.....	29
1.7.1 Антропонимдер.....	29
1.7.2 Топонимдер.....	35
1.7.3 Зоонимдер.....	38
1.7.4 Космонимдер мен астронимдер.....	43
1.7.5 Жалқы есімдердің перифериялық разрядтары жөнінде жалпы дерек.....	46
1.7.5.1 Идеонимдер.....	47
1.7.5.2 Прагматонимдер.....	54
<b>II ОНОМАСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b> .....	61
2.1 Ономастиканың метатілі және концептуалды-терминологиялық аппараты.....	61
2.2 Тіл жүйесіндегі жалқы есімдер.....	64
2.3 Жалқы есімдер семантикасының жалпы мәселелері.....	66
2.4 Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері.....	69
2.5 Жалқы есімдердің қызметі.....	72
2.6 Ономастикалық кеңістік. Ономастикалық шек.....	74
2.7 Жалқы есімдер, мәдениаралық қарым-қатынас, прецеденттік жалқы есімдер.....	77
2.8 Ономастикалық лексикография мәселелері.....	80
2.9 Жалқы есімдердің әмбебаптық белгілері.....	82
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	85
Ономастикалық терминдер құрамына кіретін грек және латын терминдік элементтері.....	102
Маңызды мәселелер мен тапсырмалар.....	87
Ғылыми-зерттеу тақырыптары.....	94
Қазақстан ономастарының персоналийі.....	97
Ономастикалық терминдердің қысқаша сөздігі.....	103
Жалқы есімдер кестелері.....	118
Жалқы есімдер туралы айтылымдар.....	123

Жалқы есімдер туралы мақал-мәтелдер.....	126
Мақал-мәтелдердегі жалқы есімдер.....	127
Прецедентті мәтіндегі прецедентті жалқы есімдер.....	131
Сөзжұмбақтардағы жалқы есімдер.....	133
Сөзжұмбақтардың кілті.....	142
Жалқы есімдер туралы жұмбақтар.....	144
Жұмбақтардағы жалқы есімдер.....	145
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	147
Ғылыми әдебиеттер тізімі және оқу құралдары.....	150
Топонимдік сөздіктер.....	157
Антропонимдік сөздіктер.....	158
Ономастика бойынша Қазақстанда қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялар.....	159

## КІРІСПЕ

Кез келген тілдің лексикалық қорының негізгі қабатын жалқы есімдер құрайды. Жалқы есімдерсіз адамзат қарым-қатынасы болуы мүмкін емес. Белгілі ғалым-топонимист Э.М. Мурзаев былай деп жазған: «Қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Пошта, телеграф, темір жолдар өз қызметтерін тоқтатады, ұшақтар әуежайда, кемелер аты жоқ кеме тоқтайтын жерлерде тұрып қалған болар еді. Ал газеттер жер шарының әр жерінде болып жатқан оқиғаларды қалай жеткізер еді?» [1]. Бұл ойды ары қарай дамытып, кісі аттары, жануарлар, ғарыш, планеталар, әдеби және басқа ғылыми, өнер шығармалары, тағам т.б. атауларын қатыстырып айтуға болады. Егер атаулар жоғалса, адамзат оған жаңасын ойлап табады. Біздің санамыз осылай қалыптасқан, яғни бізді қоршаған ұқсас дүниелерді ажырату үшін осы қызметте жұмсалатын ерекше сөздер жасайды. Бұндай сөздер заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды ажырататын жалқы есімдер болып табылады.

Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда едәуір көп. Дегенмен, олар сөздіктерде барлық жағдайда келтірілмейді, лингвистер де оларды зерттей бермейді, мектепте оқыту үшін де көп қолданылмайды. Ономастикалық материал тек оқу құралы ретінде филология факультетінде оқытылады, ал ономастика бойынша білім бүкіл әлем атаулардан тұратындықтан қажет-ақ. Жалқы есімдер әлемі ерекше және өте қызықты.

Оларға бұрыннан зерттеушілер көңіл бөлуде, өйткені тілдегі рөлі, өзіндік құрылымы, сөйленістегі ерекше қызметіне қарай жалқы есімдер тілдің басқа да лексикалық категорияларынан ерекшеленеді. Кейінгі жылдары Жалқы есімдерді басқа ғылым салаларын, олардың табиғатын ашу үшін қолданатын арнайы ғылым – ономастикада зерттеле бастады. Ғылыми жаңалықтардың ашылуына, қалыптасуына орай оларды зерттеудің жаңа бағыттары мен атаулары да туындайды. Болашақ филолог ретінде тіл лексикасын зерттеуге қажетті жалқы есімдер туралы білімі жеткіліксіз екендігі студенттермен жұмыс барысында анықталды.

Жалқы есімдер адамның барлық тұрмысына қатысты, сондықтан лингвистер мен әдебиетшілерге, журналистер мен тарихшыларға, басқа да филолог-мамандарға ономастиканың теориясы мен прагматикасын білу қажет. Жеткілікті ономастикалық білім тіл игеруде, мәдениаралық қатынас пен аударма техникасын меңгеруге, шығарма мазмұнын ашуда, оны түсіну үшін аса көмегін тигізеді.

Филология факультеттері үшін ономастика бойынша оқу құралы аса көп емес. Ресей ғалымдары В.Н. Никонов, В.Д. Бондалетов, А.В. Суперанскаяның теория бойынша еңбектерін атауға болады [2-4].

Қазақстанда белгілі ғалым-ономаст Т. Жанұзақовтың университет пен педагогика институттарының қазақ бөлімі студенттеріне арналған «Қазақ тілінің жалқы есімдері» атты алғаш рет жазылған оқу-методикалық құралы бар [5]. Онда қазақ топонимдері мен антропонимдерінің лексика-семантикалық және құрылымдық түрлері жөнінде деректер келтірілген. Бірнеше жылдан

кейін, 1982 жылы, Т. Жанұзақовтың филология факультеті студенттеріне оқу құралы ретінде қолдануға болатын «Қазақ ономастикасының очеркі» (орыс тілінде) атты монографиясы жарық көрді [6].

Бұл – қазақ ономастикасының кейбір бөлімдерін (антропонимия, топонимия, этнонимия, космонимия мен зоонимия) кешенді түрде зерттеуге арналған ғылыми еңбек. Монографияда ономастика бөлімдеріне лингвистикалық талдау жасалған, қазақ жалқы есімдерін жасаушы лексемалардың қоры, құрылымдық-сөзжасамдық модельдері, жалқы есімдер жалпы есімдермен, тарихи диалектологиямен өзара қатынасы, сонымен қатар әлеуметтік лингвистикамен байланысы зерттелген. Жұмыста тіл тарихынан, атау этнографиясынан, қазақ халқының мәдениетінен бай дерек келтірілген. Қазақстанда ономастикалық лексикография жасау тәжірибесі болып табылатын кісі аттары, космонимдер сөздігі, халықтар мен рулар тізімі берілген.

Монографиялық зерттеу ретінде лексикалық құрам, этимология, құрылым, хронология тұрғысынан әр аймақтың антропонимдері мен топонимдерін қарастырған Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, О.А. Сұлтаньяев, Е.Ә. Керімбаев, В.У. Махпиров, Г. Сағидолдагийн, Қ. Рысбергенова, Ф.Р. Ахметжанова, А. Әлімхан. Г.Б. Мәдиева т.б. еңбектері өзіндік деңгейде оқу құралы болып табылады [7-14]. Ономастика бойынша әдебиет тізімін кандидаттық және докторлық диссертациялар, жеке ғылыми мақалалар толықтырады, соның ішінде Қазақстанның белгілі топонимісі О.А. Сұлтаньяев алғаш дайындаған орта мектепке арналған «Понятные непонятности» [1973] атты оқу құралын атап өтуге болады.

Қазіргі кезде, өкінішке орай, Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттеріне арналған және жаңа талапқа сай теориялық материалдары бар арнайы оқу ономастикалық әдебиеті жоқ.

Аталған себептерден осы жұмысты жасау қажеттілігі туындады. Бұдан басқа әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті магистратурасының «Тіл теориясы» мамандығы бойынша бірнеше жылдан бері *Ономастиканың теориялық негіздері* деп аталатын арнайы курс оқылады. Осы құралды жазуда негізгі бағыт болған арнайы курс оқу бағдарламасы дайындалған. Онда жалқы есімнің жалпы ерекшелігі көрсетілген. Бағдарлама мазмұны ономастиканың бірнеше негізгі мәселелерін, реферат, курстық және дипломдық жұмыс тақырыптары тізімін ұсынады. Аталмыш оқу құралы Г.Б. Мәдиеваның «Теория и практика» атты кітабы негізінде нақтыланып, толықтырылып жасалды.

Жалқы есім – лексиканың ең жылжымалы, өзгермелі қабатын, атау беруші халықтың танымдық көзқарасына сәйкес әлем моделімен анықталатын ономастикалық кеңістікті құрайды. Жалқы есімдер ерекшелігі мен құрамына әр деңгейдегі лингвистикадан тыс жатқан факторлар (географиялық, идеологиялық, тарихи, әлемге көзқарастық, әлеуметтік, мәдени, тілдік қатынас) әсер етеді. Сол себептен жалқы есімдер ішінде көне атаулардан басқа едәуір орынды кірме және жасанды атаулар алады.

Жалқы есімдерді зерттегенде тілдің ономастикалық жүйесін кез келген синхронды талдау диахронды шолусыз болмайтынын ескеру керек, себебі кез келген тарихи, этнографиялық деректер ономастиканың қазіргі қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі ономастикалық кеңістік әлеуметтік, психологиялық, тарихи жаңалықтарымен ерекшеленеді. Адамның ұлттық нышаны сәл өзгерсе, оның атауы да өзгереді. Бұрынғы кеңес өкіметінің, соның ішінде Қазақстанның топонимдік бейнесі соңғы кездері өзгергені соншалық, географиялық карталар мен анықтама материалдарын өзгертуге тура келді. Қазақтардың антропонимдік жүйесінде едәуір өзгерістер орын алды, мысалы, балаларына ат беру семантикалық принциптері өзгерді, фамилияның жаңа формалары қалыптасты. Қазақстанның эргонимдері айтарлықтай өзгеріп, жаңа модельдермен, атау берудің жаңа тенденцияларымен толықтырылды. Аталған фактілердің барлығы жұмысымызда орын алды.

Бұл басылым отандық және шетел ономастикасында жасалған дәстүрлі теориялық ережелерге сүйеніп, ономастика тұрғысынан жаңа ізденістермен елеулі толықтырылды. Оның негізгі мақсаты – ономастиканың қазіргі теориялық мәселелерімен, жалқы есім спецификасымен байланысты ономастикалық зерттеулердің ерекшелігімен оқырмандарды таныстыру. Сол себептен төмендегілер жұмыс міндеттері болып табылады:

- ономастиканың ғылым ретінде қалыптасу, даму тарихымен таныстыру (Қазақстанның да, шетелдің де);
- ғылыми пәндер арасында және өзара байланысында ономастиканың алатын орнын көрсету;
- тіл категориялары арасында жалқы есім деңгейін және тіл жүйесіндегі онимдік лексиканың орнын, апеллятивтен оның айырмашылығын анықтау;
- денотатпен байланыс негізінде жалқы есімдерді разрядтарға және кластарға топтастыру;
- жалқы есімдердің сөзжасамдық мүмкіндіктерін, құрылымды-семантикалық ерекшелігін көрсету;
- жалқы есімдерге тән қызметін анықтау;
- метатіл мен ономастикалық зерттеулердің әдістерімен таныстыру.

Студенттерді зерттеу-ізденістеріне жетелейтін жоғары мектептің қазіргі әдістеріне қарай аталмыш жұмыс студенттің кез келген ономастикалық мәселені салыстыруына мүмкіндік жасайды. Әр бөлімнің соңында ономастикалық білімді тереңдететін, жалқы есімнің ерекшелігін көрсететін маңызды сұрақтар, өзін-өзі тексеру сұрақтары, мысалдар мен талдау тапсырмалары берілген.

Құралда жалқы есім түрлерінің ерекшеліктерін, олардың сөзжасамдық қасиетін және жалқы есімдердің даму, қалыптасу үрдістеріне зерттеу жүргізетін реферат түріндегі студенттердің жеке жұмыс тақырыптары берілген. Бұл тақырыптарды практика сабақтарында жеке тапсырмалар ретінде, курстық, диплом, бітіру жұмыстары, магистрлік диссертациялары және студенттердің ғылыми конференцияларында баяндама ретінде қолдануға болады. Негізгі және қосымша әдебиеттерден тұратын әдебиеттер, әртүрлі

ономастикалық сөздіктер тізімі, Қазақстанда қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялар тақырыптары көрсетілген. Студенттер және ономастикамен айналысатындар үшін отандық ономастикаға құнды үлес қосқан, негізін қалаушы ғалымдар туралы дерек берілген. Жалқы есімдер туралы белгілі әдебиетшілердің айтқандары және фольклорлық шығармалар да қызығушылық тудырады.



## КІТАПТА КЕЗДЕСЕТІН ҚЫСҚАРТУЛАР

ағылш. — ағылшын

бұл.— бұлақ

фам. — грамматикалық

гр. — грек

е.м. — елдімекен

қаз. - қазақ

қара. — қараңыз

лат. — латын

мыс. — мысалы

ор. — орыс

т.б. — тағы басқа

ТМОИ - кітап атауы: Теория и методика ономастических исследований

# І ОНОМАСТИКА - ҒЫЛЫМИ ПӘН

## 1.1 Ономастиканың нысаны, нысанасы, мақсаты мен міндеттері

Ономастика – заттарды жекелеп атайтын жалқы есімді зерттейтін тіл білімі саласы. Ономастика термині сонымен бірге жалқы есім жиынтығын - қазіргі ғылымда «*онимия*» ретінде белгілі онимдерді (гр. *опота, опита* «есім, атау») атау үшін қолданады. Жеке ел, аймақ немесе мәтіндегі жалқы есімдердің тізбегі «*ономастикон*» (*лексикон* сөзіне сай) деп аталады. XX ғ. 60-жылдарындағы жеке ономастикалық еңбектерде ономастика термині антропонимика, яғни адамның есімдер жиынтығы мағынасында қолданылған.

Кез келген ғылымның, жеке алғанда ономастиканың зерттейтін нысаны болу керек. Пәндік модельдің ғылым ретіндегі жалпы парадигмасына ғылымның субъектілері мен танымдық болмыста әрекеттесетін нысан, құбылыс, шындық болмыстың үрдісі жатады.

Осы ережеге сай, тілдің жалпы өзіндік лексикалық қорын құрайтын өзге тілдерден енген және төл тілдің барлық разрядтарындағы жалқы есім ономастиканың нысаны болып табылады. Жалқы есім қатарына объектілерден бір объектіні жекелеп атау қызметін атқаратын барлық сөздер, тіркестер мен сөйлемдер енеді. Жалқы есімсіз бірде-бір тіл болмайтындықтан, олар ономастикалық әмбебап (универсалий) болып табылады. Атау үрдісінде ақиқат және қияли болмыстың нышандарын жекелеу мен оларды қатыстыруына байланысты болатын көлемі бар жалқы есімдер жиынтығы әр халықта өзіндік ерекшеліктерге ие.

Аталушы объектіге қарай жалқы есім бірнеше түрлерге бөлінеді, ал олар өз ішінде текті-түрлік қатынаста бірнеше кластарға бөлініп кетеді. Мәселен, *антропоним* адамды немесе бірнеше адамдарды атайтын есімдер жиынтығынан, соның ішінде *жеке есім, әкесінің аты, тегі, лақап аты, жасырын аты, андроним* (әйелін күйеуінің аты, лақап аты немесе фамилиясымен атау), *гинеконим* (еркекті кейін фамилиясы болып қалған шешесінің не әйелінің атымен немесе лақап атымен атау), *патроним* (әкесінің не әкесінің тегіндегі атпен немесе лақап атпен атау) онимдердің бір түрі.


Текті-түрлік (гиперо-гипонимдік) қатынасты жер кеңістігінің атаулары – топонимдерді нақты жүйе түрінде төмендегідей көрсетуге болады [15] (қара. Кесте 1, 12 б.).

Жалпы мағынада алғанда ғылым нысаны болып субъектінің зерттеу нысаны, әрекеттесу үрдісі, құбылысы, нәтижесі, байланысы, табиғи мен жасандының қатынасы болып табылады.

Жасанды және табиғи жалқы есімдерді жасауда қолданылатын тілдік құралдар жүйесі, олардың құрылымы, семантикалық және сөзжасамдық модельдері, жалқы есімдерді өзара қатыстылығы, септелу ерекшеліктері, жалқы есімдердің синтаксисі, атқаратын қызметі т.б. ономастиканың нысаны болып табылады.

Өзіндік нысаны, зерттеу объектісі бар басқа ғылымдар сияқты ономастика да өз мақсатын көздейді. Ономастикалық зерттеудің мақсаты – лексиканың басқа салаларымен салыстырғандағы жалқы есім ерекшеліктеріне ықпал етуші өзіндік ономастикалық белгілерін анықтау, онимдердің әртүрлі топтарын зерттеу, ономастикалық атаулар мен жалқы есім қызмет ерекшеліктерін талдау. Бұдан басқа ономастика мақсатына тілден тыс жатқан факторлардың онимдер қалыптасуына ықпалын анықтау, жалқы есімдердің шығу тегін ашу, жалқы есім кодтау және нөмірлеу, жалқы есімдер сөздігін жасау т.б.

Кесте 1 Топоним түрлері



Нақты мақсаттан ономастикалық зерттеудің міндеттері шығады:

- зерттеуге қажетті (онимдердің бөліну критерийлеріне сәйкес) жалқы есімдер жиынтығын бөлу және анықтау;
- мүмкіндігінше қажетті материалды толығымен жинау;
- жалқы есімдерді этимологиялық тұрғыдан талдау;
- жалқы есімдердің әр түріне тән құрамдық және сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтау;
- жалқы есімдердің семантикасын анықтау;
- ономастикалық атлас және карта жасау;
- әртүрлі арнайы ономастикалық сөздіктер жасау;
- арнайы ономастикалық шығу көздерін зерттеу.

Арнайы ономастикалық шығу көздеріне географиялық карталар мен атластар, жеке жазылған естеліктер, публицистика, бұқаралық ақпарат құралдары, географиялық және тарихи очерктер, жазба ескерткіштері, мұрағат құжаттары, анықтамалық көрсеткіштер, телефондық және адрестік кітаптар, тіркеу кітаптары, актілік құжаттар т.б. жалқы есімдер туралы пайдалы ақпарат беретіндердің барлығы жатады. Зерттеудің жеке шығу көзі ретінде әртүрлі ономастикалық сөздіктер (топонимдік, антропонимдік, зоонимдік, терминологиялық т.б.) қызмет атқарады.

## **1.2 Ономастиканың қалыптасуы мен даму тарихына қысқаша шолу**

Ежелгі дәуірден жалқы есімдердің тілдегі ерекше орны мен олардың мәніне назар аударылған. Көне дәуір ойшылдары жалпы есімдер мен жалқы есімдерді бөліп қарастырып, атаулардың ақиқаттығы мен қажеттігі, зат пен атаудың тығыз байланысы, атаулардың мағынасы, атаулардың жекелік тұлғалығы т.б. жөнінде ережелер жасады. Бірақ атаулар әр разрядтарға бөлініп алынбаған, жалқы есім мен жалпы есімге нақты бөлінбеген, олар біртұтас категория ретінде зерттелген, яғни жалқы есімдерді қарастырған көне дәуір ойшылдарынан Хрисипп, Дионисий Фракийский, Апполоний Дискон, Диомед, Донат, Консентий, Демокрит, Платон, Аммоний Диодор Крон, Секст Эмпирик т.б. атауға болады [16]. Олардың ой-тұжырымдары, өткен дәуірлерде өмір сүрген ойшылдар, философтар және лингвистердің ізденістерінің негізіне сүйенген. Алайда, олардың ізденістері бойынша жалқы есімдер жүйе ретінде емес, жеке сөздер ретінде қарастырылған. Кейбір ғалымдар өздігінше талпынып, біраз жалқы есімдерді сөздіктерге енгізген.

Ономастиканың қазіргі теориялық жағдайы ХІІІ-ХVІІІ ғғ. ғалымдардың атаулар жөніндегі философияның ой-толғамдарына негізделеді (Фома Аквинский, Томас Гоббс, Дж. Локк, Г. Лейбниц т.б.), кейінірек ХІХ мен ХХ ғ. басында Еуропада жалқы есімдер туралы, жеке тұлғаларға тағылған белгі, таңба ретінде ерекшелігін зерттеу дамыған, лексиканың басқа қабаттарымен салыстырмалы түрде жалқы есімдердің ерекшеліктері анықталған, жеке алғанда терминдер мен жалқы есімдердің мағынасы мен мазмұны қаралған

(Дж. Стюарт Милл, Х. Джозеф, Б. Рассел, Л. Сьюсан Стеббинг, А. Нурен, М. Бреаль т.б.) [16].

Тек XX ғ. 30-жылдары ономастика ғылым ретінде дәрежеге ие болды. 1930 жылы Альбер Дозаның нұсқауы бойынша әр елде жыл сайын екі рет өтетін І-ші Халықаралық ономастикалық конгресс Францияда шақырылды. 1949 жылы Бельгияда 1950 жылдан ономастика бойынша библиография жасайтын «Онома» журналын шығарушы ЮНЕСКО шеңберіндегі Халықаралық ономастикалық комитет құрылды.

Ғылыми пән ретінде құрылғанға дейін ономастика үш кезеңді басынан өткізді:

- ғылымға дейінгі (XIX ғ. дейін);
- ономастиканың ғылым ретінде қалыптасуындағы алдыңғы кезең (XIX-XX ғғ. басы);
- ғылыми (XX ғ. 30-жылдарынан қазірге дейін).

Тілдің күрделі жеке жүйесі ретінде ономастикалық лексика кеңестік дәуірдегі ғылымда 50-60-жылдары қарастырыла бастады (М.В. Карпенко, А.А. Камалов, К. Конкобаев, Э.Б. Магазаник, А.К. Матвеев, В.А. Никонов, А.В. Суперанская, В.Э. Сталтмане, В.Н. Топоров, О.Н. Трубачев, Н.И. Толстой т.б.). Орыс (славян) ономастикасы В. Н. Татищев, Д.И. Иловайский, А.Х. Востоков, Н.И. Надеждин, Н.П. Барсов, М. Морошкин, А.А. Шахматов, Г.Л. Маштаков т.б. бастаған өзінің қалыптасу жолын өтті [17]. Бірнеше арнаулы зерттеулердің пайда болуы 1963 жылы ономастикалық еңбектерді жеке том ретінде библиографиялық көрсеткіш – «Ономастика. Указатель литературы, изданной в СССР». М.: АН ССР, Институт науч. информ. по общ. наукам. 1963 (1918-1962), 1978 (1971-1975), 1984 (1976-1980) шығарылуына себеп болды.

Сол жылдары түркі ономастикасы да дами бастады. Түркі жалқы есімдері туралы алғашқы мәліметті белгілі орыс ғалымдары В.В. Радлов, П. Мелиоранский, В.В. Бартольд, Г.Е. Грум-Гржимайло, Г.А. Левшин, Н.А. Аристов, С.М. Тянь-Шанский, Т.Н. Потанин, П. Паллас, А.Н. Харузин т.б. түркі жерлерін зерттеумен байланысты ғылыми қызығушылық тудыратын еңбектерінен табуға болады [18; 7; 5]. Түркі жалқы есімдерін зерттеуде В.А. Басқаков, Б.Я. Владимирцов, С.Г. Кляшторный, А.Н. Кононов, Е.Д. Поливанов, А.М. Щербак т.б. ғалым-түркітанушылар үлкен үлес қосты.

Түркі ономастикасын зерттеуде үлкен рөлді ең бірінші болып ғылымда белгілі тюрколог-лингвист, этнограф, тарихшы, фольклоршы Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбегін негізге алуға болады.

Осынау XI ғ. түркі мәдениетінің жазба ескерткіші түркілердің XI ғ. топонимдер, антропонимдер, этнонимдері бойынша ерекше маңызды ақпарат береді. Оның еңбегін құнды дерек көзі ретінде көптеген ғалым лингвистер, ориенталистер, шығыстанушылар, этнографтар, ономаст-мамандар пайдаланып отыр. М. Қашғаридың еңбегінде түркі тілдес руларға қарасты аймақтағы көптеген географиялық нысандар атаулары, көне түркі

байларының, құлдарының есімдері, түркі руларының атаулары келтірілген. «Диуани лұғат ит-түрkte» автордың түркі жерлері мен әлемнің басқа аудандары толығымен көрсетілген әлем картасы үлкен қызығушылық тудырады [19; 9].

**Қазақ ономастикасы.** Қазақ ономастикасы өз кезегінде әлемдік еңбектерге, соның ішінде орыс, түркі ономастикасының еңбектеріне сүйене отырып, Ғ.Қ. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев жүйелі зерттеулерінің арқасында дамыды. Ономастикалық материалдарды апеллятив лексикамен бірге қолданып, қазақ тілін айқындау ХХ ғ. 30-50-жылдары белгілі қазақ лингвистері А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Досқараев, С.А. Аманжолов, А. Ысқақов, Г.Е. Мұсабаев т.б. еңбектерінде жасалған; олар жеке топонимдер мен антропонимдерге этимологиялық этюдтер жазды.

Сөзде фонетикалық өзгерістерді анықтау, қазақ тілінің тарихын және оның диалектілік ерекшеліктерін зерттеу, қазақ қоғамын, рулық құрамының иерархиялық құрылуына тарихи сәйкес ру-тектік атаулардың шығу тегін, этимон және сөз мағынасын анықтау мақсатында этимологиялық принципті қолдану жеке ономастикалық фактілерге сүйеніп жүргізілді.

Ең алғашқы кандидаттық диссертация түрінде «Қазақ халықтық географиялық терминдер» тақырыбына топонимикалық зерттеуді мамандығы бойынша географ Ғ.Қ. Қоңқашпаев жасады (1949 ж.). Ғалым Қазақстан топонимдерінің әртүрлі шығу тегіне және олардың құрамындағы географиялық терминдерге терең талдау жүргізді. Ол ең алғашқы «Қазақ географиялық атаулар сөздігі» атты топонимикалық еңбекті жарыққа шығарды (1963).

1981 жылы Қазақстан Ғылым академиясының А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Т. Жанұзақовтың ізденуімен ономастика бөлімі ашылып, қазіргі кезге дейін табысты қызмет атқарып келеді. Ашылған кезеңінен бастап бөлім қызметкерлері Қазақстанның әртүрлі аймағындағы географиялық атаулар негізін құрайтын өте бай ономастикалық бірліктер картотекасын жасады. Аталмыш картотека қоры бойынша сөздіктер сериясы шығарылады. Тіл білімі институтының жүргізген есебіне қарағанда, 1949 жылдан 2004 жылдар аралығында Қазақстанда 40-тан аса докторлық және кандидаттық диссертациялық зерттеулер қорғалды (Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, В.Н. Попова, Е.А. Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, Т.В. Линко, Г.Б. Мәдиева, Қ.Қ. Рысбергенова, Г. Сағидолда, Б. Тлеубердиев, Ж. Жартыбаев, С.Қ. Иманбердиева, К. Головина, А. Әлімхан және т.б.).

Негізінен Қазақстан ономастарының зерттеулері антропонимдер мен топонимдерге, сонымен бірге этнонимдер, космонимдер, зоонимдерге бағытталған. Қазақ жалқы есімдерінің терминологиялық (Қазақ халықтық географиялық терминология), лексика-семантикалық, сөзжасамдық, стратиграфиялық аспектілері толығырақ зерттелген. Бұл тенденция шетел ономастикасына да тән. Кезінде А.А. Белецкий атап көрсеткен:

«Ономастикалық әдебиет зерттелу материалды екі үлкен класқа бөлу тенденциясы қалыптасқан: географиялық атаулар немесе топонимдер класы және жеке есімдер (негізінен адам есімдері) немесе антропонимдер класы көрсетілген екі кластың әртүрлі кластық топтары» [20, 20].

Соңғы кездерде қазақ ономастикасының зерттеу нысаны ретінде ономастиканың өз ерекшеліктері, өз құрылымдық типтері, модельдері, атау беру принциптері бар және нақты жүйелік тән шектеулі разрядтары (әр жанрдағы көркем мәтіндегі жалқы есім, мерзімдік баспа атаулары, өндіріс орындарының атаулары т.б.) болып табылады.

Жазылған еңбектерде «Ономастикалық кеңістікте шектік орын алған разрядтар (эргонимдер, порейонимдер, фалеронимдер, тауар белгілері т.б.) әлсіз құрылымды және жүйелігі жағынан әлсіз болып ерекшеленеді» деген ой қалыптасқан. Бірақ бұл анықтама нақтылауды талап етеді, өйткені әртүрлі аймақтық және тілдік социумға қатысты көптеген материалдарды зерттеу қажет. Қазірдің өзінде ономастиканың шектік кеңістігіндегі разрядтарға нақты құрылым заңдылықтары, жедел түрдегі онимдер жасау, өзіндік жүйелі-құрамдық құрылым тән екендігі жайында айтуға болады. Тілден тыс факторлардың ықпалымен шектік онимдер (өзегі болып табылатын антропонимдермен салыстырғанда) өте динамикалы, яғни жылжымалы, өзгермелі (тұрақты емес және өзгеріске бейім).

### **1.3 Ономастиканың басқа пәндермен арақатынасы**

Ономастиканың нысаны мен нысанасы, мақсаты мен міндеттері, бағыттары мен зерттеу аспектілерінің анықталуы оның лингвистикалық ғылыми пәндер жүйесіне міндетті түрде кіретінін көрсетеді. Ең алдымен жалқы есімдер тілдің лексикалық бірлігі екендігін атап өту керек, сондықтан да ол лингвистикалық әдістермен зерттеледі және әр атау жөніндегі мәлімет лингвистикалық құралдар арқылы жиналады [1973; 126].

Алайда жалқы есімдердің тілдік жүйеде алатын орнын, олардың пәнаралық қасиеттері ономастиканың ерекшелігін және ғылыми пәндер номенклатурасындағы байланысын анықтады. Ономастика қатып қалған ғылыми парадигма емес. Оның көтеретін мәселелері басқа ғылымдар (тарих, география, психология, археология, генеалогия, мәтінтану, әдебиеттану, астрономия, логика, элеуметтану, геральдика, семиотика т.б.) материалдарын пайдалану керектігін талап етеді.

Бірақ ономастиканың әр ғылыммен арақатынасы әртүрлі, әрі ол ономастикалық мәселелерді анықтауға пайдаланатын факторларға байланысты.

Басқа ғылымдар қатысуымен шешілетін кейбір ономастикалық мәселелерді қарастырайық:

1. Ономастиканың күрделі міндеттерінің бірі – жалқы есімдер дәрежесін, жалқы есімдер мағынаға, мазмұнға ие ме, аталған нысанамен байланысы бар екендігін анықтау. Келесі мәселелер де маңызды болып саналады:

• жалқы есімдер жалпы есімнен және басқа да тілдік категориялардан айырмашылығы;

• жалқы есімдердің тілдегі алатын орны;

• атау беру мәселесі;

• атау көлемі, мазмұны;

• атаудың жалпы және ерекше белгілері;

• жалқы есімдердің қызметі;

• жалқы есімдердің табиғаты;

• атаулардың арақатынасы;

• жалқы есімдерде жасалатын және қызмет атқаратын тіл мен сөйлеудің адам ойымен байланысы т.б.

Қойылған мәселелерді шешу үшін ономастика соған сәйкес ойлау заңдары мен формаларына, болмысты жеткізу әдістеріне, жалқы есімдерде көрініс тапқан адамзаттың кеңістікті игеру, атау беру заңдылықтарына ие болу керек. Жалқы есімдерді жан-жақты таптастыру (классификациялау) үшін әртүрлі негіздерді және олардың экстра-, интралингвистикалық мағыналылығын анықтау қажет. Бұл жағдайда ономастика сөзсіз логика мен философияның жетістіктерін қолданады.

2. Жалқы есімдер тарихы қалыптасқан кезіндегі қоғамның идеологиясымен, мәдениетімен, даму тарихымен тығыз байланысты В.А. Никонов атап өткендей: «Антропонимиканың, сол сияқты бүкіл ономастиканың ең бірінші заңы – тарих» [89, 7]. Сондықтан көп жағдайда жалқы есімдер қалыптасқан дәуірдің, сол уақыттың жемісі болып саналады. Сонымен қатар әр халықтың ономастикасы бірдей болмайды, ол әртүрлі хронологиялық кезең мен әртүрлі тарихи оқиғалардың ықпалымен қалыптасады.

Жалқы есімдердің әр разряды өзінің қалыптасу мен даму тарихына ие екендігін атап өту керек, сондықтан да оларды бөлек-бөлек қарастыру қажет. Мәселен, қазақ қоғамының дамуымен байланысты дамыған қазақ антропонимдік жүйенің өз тарихы бар. Қазақ халқының антропонимдерін зерттей келе, Т. Жанұзақов [6, 16-23], келесі кезеңдерге бөледі:

• көне түркі дәуірі (V-X ғғ.) (аталған кезеңдегі кісі аттары формасы мен мағынасы жағынан қазіргі қазақ кісі есімдеріне ұқсас, себебі олардың көбісі пұтқа табыну кезеңінде қалыптасқан);

• орта ғасыр кезеңі (X-XVII ғғ.) (пұтқа табынушылықтан қалыптасқан кісі аттарын араб, парсы, моңғол, исламға байланысты қалыптасқан кісі аттары алмастырған);

• XVII-XIX ғғ. (негізі кісі есімдерінің қоры сақталып, орыс тілінен енген жаңа кісі аттарымен, араб тілді кірме кісі аттарымен толықтырылған, әкесінің аты мен фамилиясы қалыптасқан);

• кеңес дәуірі (дәстүрлі, тарихи, тұрақты, алдыңғы дәуірлердің кісі аттарын сақтау, орыс тілінен көптеп енген кісі аттарын қабылдау, интернационалды есімдердің пайда болуы, КСРО халықтарының кісі аттарын қолдану, қазақ тілі негізінде кісі аттарының қалыптасуы).



Орыс антропонимиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуын В.Д. Бондалетовтің [17, 96-97] хронологиялық таптастыруы (классификациясы) бойынша 4 кезеңге бөлуге болады:

- христиандыққа дейінгі кезең (көне кезеңнен X ғасырдың соңына дейін, шығыс славян антропонимия кезеңі);
- XI-XVII ғасырлар аралығы (негізгі есімдермен бірге каноникалық есімдер жүйесіне көшу);
- XVIII ғасыр басынан 1917 жылға дейінгі (каноникалық есімдердің басымдылығы, үш тағанды есімге толығымен ауысу кезеңі);
- кеңес өкіметі кезеңі (1917 жылдан қазірге дейін) (дәстүрлі есімдер сөздігін бейканонизациялау, есім берудің үш тағанды болуын заңды түрде бекіту, қала мен ауыл есімдерінің ерекшелігін азайту, кеңес өкіметі халықтары антропонимдерімен өзара ықпал жасау т.б. кезеңі).

Қазіргі кезде Бұрынғы КСРО антропонимикалық жүйенің дамуында тағы бір кезеңді бөліп қарастыруда кеңес өкіметі құлағаннан кейінгі кезең (КСРО-ның ыдырауы мен кеңес республикаларының егемендік алу кезеңі).

Бұл кезең көне, ұлттық есімдердің таралуымен, еуропа кісі аттарын қолданумен (әйгілі киносериалдардан, әншілердің т.б.) ерекшелінеді.

Дегенмен В.У. Махпировтың [9, 146] «барлық материалдарды талдау антропонимдік жүйенің артықшылдығы мен біртұтас екендігі» деген ой-талқысы тек жалпы түркі халықтары антропонимдері ғана емес, басқа да ұлт антропонимдеріне, соның ішінде қазақ антропонимдеріне тиісті айтылғандығын көрсетеді. Басқа сөзбен айтқанда, кейбір ономастикалық жүйеде жалқы есім жеке қорлары бірнеше ғасырлар бойы сақталуы мүмкін.

Жекелеген тарихи кезеңдерге қатысты зерттеу басқа да ономастикалық жүйелерге қатысты. Мысалы, Қазақстан жерінде өткен нақты тарихи оқиғаларға байланысты қазақ топонимиясын да зерттеушілер бірнеше даму кезеңіне бөледі [қара.: А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, В.Н. Попова т.б.].

Жаппай атау өзгертумен ерекшеленетін Қазақстан топонимиясында жаңа кезең де анықталды, бұл жаңа мемлекеттің географиялық картасында жаңа атаудың пайда болуымен байланысты және бұл көрініс Қазақ КСР-нің егеменді мемлекет жөніндегі Декларациясының 1990 ж. 25 қазаннан Мемлекеттің Жоғары Кеңесінің қабылдауынан бастау алды [Казахстан - 10 лет независимости. Этапы развития//Центр внешней политики и анализа. Алматы, 2002, 20 с.]. 1990 жылдың 20 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша өз жұмысын Қазақстан территориясындағы көне атауларды жаңғырту мен жаңа атауларды қабылдауға бағытталған Мемлекеттік ономастикалық комиссиясы құрылды, жалқы есімдерді талдауға қажетті жалқы есімдердің хронологиялық кезеңдері, этимологиялық ізденістері, әртүрлі тарихи анықтамалар, қоғамның дамуы, әртүрлі тайпалар мен халықтардың белгілі бір территорияда тарихи қоныстанғаны, тілдік және мәдени байланыстардың тарихи анықтамаларының қажеттілігін көрсетеді.

Тарихи құжаттар бойынша жалқы есім жеке немесе тұтас қабаттарының қалыптасу тарихын, мағынасының даму, жалқы есім қалыптасу тарихын т.б.

карастыруға болады. Мұндай деректерді ономастика тарих ғылымдарынан алады.

3. Жалқы есімдер, сөзсіз, тіл фактілері, дегенмен, олардың қолдану ареалын, локализациясын (белгілі бір территорияда, аймақта таралуын, мекендеуін, қалыптасуын), ауысуын, шоғырлануын, атауға ие нысандардың орнын зерттеу географияның кейбір тәсілдері мен деректеріне сүйеніп жасалынады. Мәселен, топонимдер құрамындағы географиялық терминдерді бөліп қарастырғанда, топонимдерді зерттеу үшін географияның көмегі өте құнды.

Географиялық терминдер ландшафт ерекшеліктерін, оның топографиялық ерекшелігін, атауы бар нысанды және оның ерекшелігін көрсетеді (түрі, мөлшері, құрамы, сапасы т.б. географияның құзырында). Э.Д. Мурзаев атап көрсеткендей: «Халықтың географиялық терминологиясында жалқы есімдер топонимдердің қалыптасуына заңды және белсенді түрде қатысады. Аталмыш терминдерсіз қалыптасқан топонимдік жүйені бүкіл дүниежүзі бойынша кездестіре алмайсыз» [21, 6-7].

Қазақ топонимиясында қазақ географиялық терминдердің 72% табиғаттың ерекшелігін көрсетеді. Е.А. Керімбаев былай атап береді: «Генезистегі географиялық факторлардың рөлі мен мәні, Қазақ онимиясының дамуы мен қызметі Қазақстан табиғатының ерекше бай дара тұрған географиялық атау беруде көрініс тапқанымен байланысты» [10, 22].

Аталмыш қағида әлемнің көптеген халықтарының топонимдік жүйелеріне де тиесілі.

4. Тіл - қоғам мүддесі. Оның дамуы төмендегідей негізгі әлеуметтік факторларға сүйенеді:

- тіл иелері тобының өзгеруі;
- халық көпшілігінің басқа аймаққа ауысуы;
- тілдің әлеуметтік және аймақтық дифференциациясы - жекеленуі);
- жаңа мемлекет түрінің құрылуы;
- әлеуметтік серпіліс;
- қоғам санасының өзгеруі;
- тілге қоғамның арнайы ықпалы;
- тілдік қатынас;
- тілдік жағдай т.б.

Әртүрлі әлеуметтік факторлар ономастикалық кеңістіктің динамикасына, онимдік жүйенің құрамы мен құрылысына әр деңгейде ықпал жасайды.

Мысалы, Т. Жанұзақовтың пайымдауынша, әлеуметтік факторлардың ықпалымен (Ресеймен байланыс, Ресей құрамына кіру) ХІХ ғасырда қазақтарда орыс фамилиялары мен әкесі атының аффикстері қолданыла бастады. Тек ХХ ғасырдың 30-жылдары фамилия мен әкесінің аты орыстың ұштағанды есімдер формуласы негізінде КСРО-ның барлық азаматтары үшін төлқұжат жүйесінің енгізуіне байланысты ресми дәрежеге ие болды [6, 31].

ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы ономастикалық өзгерістерді зерттей отырып, В.Д. Бондалетов мүлде жаңа есімдер жасауды, батыс еуропа

тілдерінен батыл қолданылған кірмелерді, христиан антропонимдердің тізіміне кірмеген орыс және славян есімдерін қолдану, халықтық есімдердің жаңғыруы, қысқартылған формаларын ресми есім ретінде қолдану, әйгілі есімдердің жаңғыруы, көптеген әйел есімдері т.б. кірген христиан есімдер сөздігін қайта қарау болғанын атап өтеді [17, 128].

XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы қала кеңістігі топонимдерін орыс лингвистердің бақылауы келесі тұжырым жасауға мүмкіндік береді: біздің кезең «айтылым киімінің ауысуымен» ерекшеленеді. Бұл үрдіс қала кеңістігінен де, ең алдымен, Мәскеу көшелері мен алаңдарына бұрынғы атауларының қайтарылуынан байқалады *Остуженка, Воздвиженка, Тверская, Большая Никитская, Поварская* т.б. Кафе, дүкен атауларында бұрынғы сөйленіс атау беру модельдері жаңғырған: «*У Крестьянки*» (яғни Крестьян заставасының тұсында), «*Преображенка*» (Преображенская алаңы)... Кейбір атаулар әртүрлі тарихи, әдеби кейіпкерлермен, оқиғалармен сабақтас: кафе «*Анна Моне*», «*Маргарита*», «*Бегемот*» т.б. [Китайгородская және т.б. 2000, 345-346].

Әлеуметтік үрдістерге байланысты қазіргі Қазақстан өміріндегі түбегейлі өзгеріс те ономастикалық кеңістік мазмұнына да ықпал етті, бұл ең алдымен әлеуметтік орнығуға байланысты атауларға қатысты (астионимдер, комонимдер прагматонимдер, урбанонимдер).

Жекелеуді талап ететін жаңа объектілердің пайда болуы, экономикалық өзгеріс, этносаяси жағдайлардың өзгеруі, халық дәстүрлерінің жаңғыруы, тарих қойнауына ену, ұлттық мәдени құндылықтарды жаңғырту Қазақстан топонимдерінде көрініс тапты. Бұл құбылыс топонимдік атау жасауға, топонимдік объектілер атауды ретке келтіру, қайта атауға негіз болды. Бұл үрдіс ең алдымен төмендегідей атауларда көрініс тапты:

- урбанонимдерде (көше, қала ішіндегі және ауылдық объектілер атаулары);
- астионимдер (қала атаулары);
- комонимдер (ауылдық елді мекендер атаулары).

Атаулардың өзгеру кезеңі жағдайларында бұрынғы және жаңа атаулардың бірге өмір сүру тенденциясы байқалады. Сонымен бірге «ескі» атаулар нақтылау, толықтыру, ақпарат қызметін атқарып, сөйленісте жиі қолданылады, мысалы, Алматы бойынша: Маған Достық даңғылына жетуім керек, бұрынғы Ленин көшесі; Бұл Калинин көшесі, қазір ол Бөгенбай батыр деп аталады; *жарнамалық хабарландыруда мекенжайға сілтеу*: Шашкин көшесі, 31а (Университетская); Манас көшесі (бұрынғы Чапаев) («*БэсТ*» газеті, 3.10.2002); Бөкейханов көшесі, 510а (бұрынғы Аэродромная) («*Қараван*» газеті, 15.02.2002); Жібек жолы көшесі (бұрынғы Горький); Төле би көшесі, 297, Тұрғыт Озал көшесінің бұрышы (Бауман) («*Столичная жизнь*», 1.08.2002).

Кей кезде жаңа атауы белгісіз, бейтаныс нысан иемденеді, мысалы, атау ретінде екінші орында: *Мектеп Ботанический бульварда, қазір бұл көше қалай аталатынын білмеймін*. Көшелердің жаңа атауларының қабылданғандарына

бірнеше жыл өтсе де (Қазақстан егемендігін алғаннан бері), жарнамалық хабарландыруларда көшелердің ескі атауларын көрсету бірге кездесті, мыс.: *Желтоқсан көшесі, Киров көшесінен жоғары (Киров көшесі қазір Бөгенбай батыр аталады)* («Столичная жизнь» газеті, 1.08.2002). Бұл фактілер қала топонимикасында синоним болып келетін, «өзіндік атаудың» туғанын куәландырады.

Осындай атауларды өзгерту үрдістері кеңес өкіметінен кейінгі кеңістіктегі жалқы есім разрядтарында әр көлемде көрініс тапқан. Барлық өзгермелі тарихи кезеңдерде байқалатын қоғам өмірін әлеуметтік тұрғыда өзгерту де заңды болып саналады. Ресейде Петрдің реформа енгізу кезеңіндегі атаулардың өзгеруін зерттеген Ю.М. Лотман, Б.А. Успенскийлердің қызықты байқаулары бойынша, «Бұл тенденцияда сананың мифологиялығы анық байқалады. Бұл «жана» және «алтын» Русьті жасау - атауларды түбегейлі өзгерту: мемлекет атауын өзгерту, астананы өзгерту және оған «өзгеше шетелдік» атау беру, мемлекет басшыларының дәрежесін, мекеме орындары мен атақтарын өзгерту, тұрмыста «өз» тілінің «өзге» тілге ауыстырылуы және осыған байланысты әлем атауларының толық ауысуы деп түсіндірілді. Бір уақытта жалқы есімдер шеңбері адам сенбестей кеңейді, себебі қолданыстағы жалпы есімдердің көбі жалқы есімдерге ауысып кетті... Атаулардың өзгеруі ескі заттарды құрту және оның орнына бұл актіні жасаушының талаптарына сай келетін жаңа атаулардың тууы деп түсіндіріледі» [цитата Китайгородская т.б. бойынша келтірілген, 2000, 381].

Қазақстанда және Ресейде көше атауларын өзгерту үрдісі әртүрлі. Қазақстан көшелеріне ең алдымен жаңа, қазақ халқының тарихи ескерткіштерімен байланысты атаулар берілуде (мыс., Алматы қаласы бойынша бұрынғы *Коммунистический көшесі* қазір *Абылайхан даңғылы*, бұрынғы *Космонавтов көшесі* қазір *А.Байтұрсынұлы көшесі*, бұрынғы *Дзержинский көшесі* қазір *Наурызбай батыр көшесі*, бұрынғы *Мир көшесі* қазір *Желтоқсан көшесі*, бұрынғы *Комсомольская көшесі* қазір *Төле би көшесі*, бұрынғы *Ленин даңғылы* қазір *Достық даңғылы*). Ресейде көше, алаң атаулары ретінде бұрынғы, ескі, көбінесе революцияға дейінгі атаулар қайтарылуда (Мәскеу қаласы бойынша бұрынғы *Писемский көшесіне Борисоглебский переулок*, бұрынғы *Дзержинский алаңына Лубянская алаңы* берілді). Бұл ұлттық колориттің көрсеткіші, көптеген тарихи естеліктерді беретін үрдіс.

Әлеуметтік факторлардың бірі ретінде тауар жүйесінің дамуы, әртүрлі мемлекеттік (ресми), мемлекеттік емес (бейресми), коммерциялық ұйымдардың қалыптасуы қаланың немесе ауылдық елдімекен топонимдік кеңістігіне атаулары өзгерген объектілерді тартады. Бұл объектілердің топонимдік кеңістікке енуі шартты, олар топонимдік бағыт сілтеуші қызметін атқаратындықтан әбден мүмкін болады, мысалы, жарнамалық хабарландырулардан әртүрлі объектілердің мекенжайын оқимыз (мысалдар Алматы қаласы бойынша берілген): *Жібек жолы даңғылы, 50, 400 кеңсе. Көк базарға қарама-қарсы); ТОО «Пирамида», Абылайхан даңғылы, 46 үй, 31 п. (ЦУМ-нан төмен); Жиһаздар салоны, Достық даңғылы, 107, Алатау қонақ*

үйінен жоғары; ТОО «Царица массагетов – Томирис «БипекАвто» компаниясы, Тимирязев көшесі, 42 (Атакент); Сейфуллин көшесі КомСнабСтрой мекемесі, Розыбакиев көшесі, Сәтбаев көшесінің бұрышы (Қарасу базарынан жоғары); Комсомол көшесі, Тұрғыт Озал көшесінің бұрышы (Тастақ жанында) т.б.

Жаңа атау берумен байланысты қазіргі адамның атау беру шығармашылығынан, нақты тарихи кезеңнің құнды бағыттарынан т.б. баға жетпес дерек беретін және арнайы зерттеуді қажет ететін *эргонимдер* мен *идеонимдердің* ауқымы кеңеюде. Қалалық ономастикалық кеңістіктің осы ономастикалық разрядына тарихи әдеби кейіпкерлердің есімдері мен атаулар енуде (мыс., Алматы қаласындағы мейрамхана, кафе атаулары: *Абылай, Әйгерім, Шалқар, Алматы жаным, Алтын адам, Ұлытау, Жерұйық, Дос, Сұлтан Бейбарс, Шыңғысхан, Царица массагетов - Томирис, Золотой теленок Бедные люди, Скарлетт* т.б.).

Егер топонимдер мен урбанонимдер таза ұлттық нышандарға ие болса, эргонимдер (прагматикалық ерекшелігі бар объект атаулары) шығу тегіне қарай көптілді, Қазақстандағы тілдік жағдайды көрсетіп, кірме сөздерді қабылдауға бейім, динамикалы (өзгермелі), қатаң нормаға келмейтін, тез өтімді.

Әлеуметтік факторлардың ықпалымен жалқы есімдердің басқа да разрядтарында өзгерістер болып жатыр. Жалқы есімдердің шектік лексикаға қатыстылығын, үлкен, әлеуметтік маңызды рөл атқаратынын және халықтың мәдени дамуымен байланысын естен шығармау керек. Олар лексикалық аяға ие, әлеуметті-мәдени мүмкіншіліктері бар, яғни хабарламалы болып келеді. Жалқы есімдер, ең алдымен, халықтың белгілі бір тарихи кезеңде жасайтын нақты әлемнің тілдік бейнесінің таңбалары.

5. Мәдениеттану деректерін (мәдени философия, мәдениеттануы әлеумет, мәдениетті антропология, мәденипсихология, мәдениет тарихы) қолдану жалқы есім мен халықтық мәдениеттің арақатынасы тұрғысынан жалқы есім мағынасы мен мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Мәдениеттану «мәдениеттің жүйелі объектілерін адамзат тұрғысынан, өмірдің даму шегіне жеткен формасы тұрғысынан, рухани және тәжірибелік қызмет нәтижесі тұрғысынан зерттеумен айналысады» [Культурология: XX век. М., 1994, 4]. Осы себептерден соңғы он жылда лингвистер жаңа пәннің – лингвомәдениеттанудың қалыптасуына себеп болған тілді мәдениеттану тұрғысынан талдау негіздерін жасауда. Ол жалқы есім табиғатын, ономастика мен мәдениет фактілерінің арақатынасы мен әрекеттесуін зерттеуде қолданылатын белгілі бір уақыттағы халықтың мәдени құндылықтарының мағынасы туралы дерек береді. Көптеген мәдени, қоғамдық құндылықтар жалқы есімдерде көрініс тапқан. Басқа сөзбен айтқанда, «еңбек құралдарынан бастап үй тұрмысында қолданылатын заттарға дейін, әдет, дәстүр адамдардың өмір сүру салты, ғылым мен өнер, дін мен атеизм, мораль мен философия, яғни материалды және рухани мәдениет тілімізде берілген, соның ішінде жалқы есімдер арқылы жеткізілген. Бұл бағыттағы зерттеулер енді басталып келеді,

дегенмен лингвомәдени тұрғыда зерттеулер ономастикалық зерттеулерде имплицитті түрде кездеседі. Тілдік бірліктерді лингвомәдени жағынан зерттеу жалқы есімді зерттеуде қолданылмайтынын естен шығармау керек. Мұнда жалқы есімдердің тілдік ерекшеліктері, мағынасымен ескерілуі керек.

Соңғы жылдардағы зерттеулер тілді тек әртүрлі құбылыс пен үрдістер белгілерін анықтап қоймайды (анықтамалы-таптастыру бағыты), сонымен бірге көбінесе адам факторын ескереді. Бұл әдіс жалқы есімді жана деңгейін зерттеудің адамның ойлау қабілеті мен санасы және санамен байланысты үрдістер мен қалыпты зерттеумен айналысатын когнитивтік ғылым тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. Когниция – таным, сонымен байланысты құрылымдар мен үрдістер; барлық аспект деңгейіндегі білім феноменін зерттеу, сақтау, өңдеу т.б. когнитивті ғылым нысаны болып табылады [Кубрякова т.б. Краткий словарь когнитивных терминов. -М., 1996, 58].

Жалқы есімнің когнитивтік құрылымын зерттеу барлық тұрғыда мүмкін, себебі олар «әлемнің тілдік бейнесінің ұйымдасқан фрагменті» болып табылады және жеке адамның да, тұтас ұжымның да тілдік санасында өмір сүреді. Жалқы есімнің когнитивтік тұрғыдан зерттеу мәселелері төмендегідей:

- нақты тілдік социумның қолданысында болатын жалқы есімдерді тіл иелерінің қабылдауы;
- жеке адам санасындағы жалқы есім қызметі;
- ұжымдық санадағы жалқы есім қызметі;
- жалқы есімдердің болмысты ментальды таңбалауының суреттеуі;
- жалқы есім инвариант пен варианттілігін анықтау;
- тілдік сананың когнитивті ұлттық қорын құрайтын тірек жалқы есімін анықтау;
- нақты разрядтың жеке алынған жалқы есім жүйесінің базалық элементтер мен стереотиптерді айқындау т.б.;
- жалқы есімдер және мифологиялық сананың арақатынасын айқындау т.б.

Жоғарыда аталған маңызды ономастикалық тірек мәселелер мұнымен шектелмейді, оларды басқа да салалар білімін қолдана отырып шешуге болады. Жалқы есім тілдік бірлік болғандықтан, оны зерттеу, әрине лингвистикалық әдіс-тәсілдер арқылы, тіл білімі жасаған ережелерге сүйене отырып іске асады. Сонымен қатар ономастикалық деректер тіл тарихы, лексикология, этимология, диалектология, лингвистикалық география т.б. үшін құнды. Ономастика материалдары басқа да ғылымдар үшін маңызды дерек көзі болып табылады.

#### **1.4 Ономастиканың құрылымы мен зерттеу аспектілері**

Материал, мақсат және міндеттеріне байланысты ономастика *жалпы* және *жеке* ономастика деп бөлінеді.

*Жалпы (теориялық) ономастика* тілге қатысынсыз онимдер жүйесінің

дамуы мен қызметінің жалпы заңдылықтарын зерттейді, сонымен қатар ономастикалық (онимдік) эмбебаптылықты – әр тарихи кезеңдегі, территориядағы тілдегі онимдер жүйесінде кездесетін жекелеген объектілерге атау беру принциптерін, ономастикалық жүйенің көптеген жалқы есімдердің даму бірлігін көрсететін заңдылықтарды, сондай-ақ жалқы есімдерге тән, басқа лексикалық категориялардан жекелейтін ерекше белгілерін анықтайды, көптеген негіздерге сүйеніп, жалқы есімдерді топтастыру принципін нақтылайды.

*Жеке ономастика* бір тілге (тілдер тобына) қатыстылық тұрғысынан жалқы есімдерді (немесе онимдер жүйесін) немесе белгілі бір территорияға, аймаққа қатысты бір разрядтың жалқы есімдерді жинастырып талдайды. Жеке ономастиканың міндеті нақты жалқы есімдердің ішкі болмысы мен атқаратын қызметін нақты тіл заңдылықтарын (мыс., қазақ ономастикасы, түркі ономастикасы, орыс ономастикасы, славян ономастикасы, қазақ топонимдері, нанай антропонимдері, жапон космонимдері т.б.), белгілі бір территориядағы ономастиконның дамуын (мыс., Уфа жеке есімдерінің дамуы Солтүстік Черномор топонимиясы, Шығыс Қазақстан гидронимдері, Таулы Алтайдың түркі топонимиясы т.б.) ескере отырып анықтау.

Зерттеу нысаны мен нысанасына байланысты жеке ономастикада келесі бөлімдерді (бағыттарды) көрсетуге болады:

- *ареалды ономастика* кез келген халықтың географиялық орналасуының, ареалдардың диалектілік бөлінуінің қатысынсыз ономастикалық құбылыстың таралу ареалы немесе облысын айқындайды, дегенмен диалектілік деректерге сүйеніп өткен кезеңдердің тілдік жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Ономастикалық ареалдарды айқындау субстраттарды анықтағанда, халықтардың орналасу мәселесін шешкенде құнды көмек береді;

- *регионалды (аймақтық) ономастика* белгілі бір территориядағы жалқы есімдерді зерттеумен, жергілікті ономастикалық жүйемен: топонимия, антропонимия, зоонимия, астрономия т.б. байланысты. Регионалды ономастиканың мақсаты – белгілі бір территориядағы атаулар ерекшелігін және басқа көрші немесе алыс жатқан территориядағы атаулармен байланысын, ұқсастығын немесе ерекшелігін анықтау. Регионалды ономастика диалектология, жергілікті халықтың этнографиясы, өлкетану деректерін қолданады;

- *элеуметтік ономастика* жалқы есімдердің қоғаммен байланысын, оның тарихи дамуын, элеуметтік өзгерістерін, жалқы есімдердің дамуына элеуметтік, заңгерлік, тарихи заңдылықтардың ықпалын, сонымен қатар атауға сәннің, қоғамның идеологиялық және мәдени танымдық бағыттарының ықпалын анықтайды, яғни әр элеуметтік өзгерістердегі қазіргі және тарихи ономастиканы анықтау, жалқы есімдер мен әртүрлі этнолингвистикалық факторлардың өзара тәуелділігін сипаттау; жалқы есімдердің әр разрядтарын зерттеу әр деңгейде жүргізілгендіктен бұл аспект әлі өңделуде: атау иесінің жынысына қарай (гендерлік зерттеу), жас мөлшері, тілдің элеуметтік

жекеленуі (онимдік кәсіби, аймақтық, жастар жаргоны, қала жаргоны т.б.) жалқы есімдерді анықтауға алғашқы қадамдар жасалуда. Әлеуметтік ономастика тілдік жағдай, тілдік қатынас, бір тілдің екінші тілге әсер етуі (орыс тілінің әсерінен *-к(a)*, мыс., *Гулька* немесе *-ик*, мыс., *Нурик*, *Чопик* қазақ бейресми кісі аттарында орыс аффикстері қолданылып жүр), сәнге бейімделуі, әдемі, жағымды, үйреніп кеткен есімдерді қолдану (мыс., туған кезінде тағылған есімдер отбасы ішінде еркелету мақсатымен қолданылып, соңынан ресми есім болып бекітілген: *Нұрбүбі - Бүбіш*, *Айымгүл - Айжан*) жағдайларын анықтайды;

- *поэтикалық ономастика (ономатопоэтика)* көркем әдеби мәтіндегі белгілі бір автордың немесе бірнеше авторлар шығармасы, бір немесе бірнеше бағыт (символикалық, романтикалық, сатиралық т.б.), бір немесе бірнеше жанр (поэзия, проза, эпикалық шығарма, тарихи шығарма, халық ауыз әдебиеті т.б.) деңгейінде жалқы есімдердің ерекшелігін зерттейді.

Поэтикалық ономастиканың мақсаты көркем мәтінде поэтонимдердің, әдеби жалқы есімдердің қолданыс ерекшелігі мен заңдылықтарын, оларды жасау және шығарма жанрына қарай тандау принциптерін, мәтінді лингвистикалық интерпретация жасауда поэтонимдердің мүмкіндіктерін, поэтонимдердің қызметін (мәтін жасаушы, ерекшелігін көрсетуші, стилистикалық, идеологиялық, экспрессивтік т.б.) анықтау.

Поэтикалық ономастика әдебиеттанумен тығыз байланысты, оның ұғымдарын, терминдерін, әдістерін жалқы есімдерді толық және жан-жақты талдау, әдебиеттанудағы ерекшелігін анықтау үшін қолданады. Сонымен қатар көркем шығармалардағы жалқы есімдердің жүйелі түрде зерттеу нақты автордың ойы мен эстетикалық белгілерін, оның және таңдаған жанрының көзқарасын ашуға мүмкіндік береді;

- *қолданбалы ономастика* нақты тілдер мен тілдік үрдістер негізінде жалқы есімдердің ерекшеліктерін ескере отырып, формасы, транскрипциясы, орфография, орфоэпия нормаларын және септелуін нақтылайды, онимдік нормативті модельдерін, сонымен қатар жалқы есімдерден белгілі бір мекен тұрғындарының атауы сияқты, онимдік сын есімдер, фамилиясы мен әкесінің атының қалыптасу модельдерін анықтайды.

Ономастикалық лексикография қолданбалы ономастиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады, оның мақсаты – әртүрлі ономастикалық сөздіктер түзу.

Қолданбалы ономастика шетел тілдік жалқы есімдердің графика, орфография және аудару (транслитерация және транскрипция) нормаларын қабылдаушы тіл арқылы тағайындайды, сонымен қатар кісі есімдері, әкесінің аты және фамилиясы, ескі және жаңа географиялық атаулардың арнайы анықтағыштарын жасау арқылы кез келген объектке атау беруде көмек береді, атау өзгерту мәселесімен айналысады.

## **1.5 Ономастикалық зерттеулердің аспектілері**



Ономастикалық бірліктерді зерттеу қазіргі кезде дәстүрге айналған әртүрлі аспектілерде іске асады [4]:

*географиялық аспект* - жалқы есімдер географиялық фактордың (қоршаған ортаның, яғни табиғат және климат жағдайларының) ықпалын анықтау; жалқы есім жасауда қатысатын жергілікті, диалектік лексемаларды, фонемаларды, морфемаларды анықтау; қайталанатын элементтердің (қосымша, форманттар), типтердің, модельдердің кей кезде үлкен территорияда таралу ареалын анықтау; атаулардың көші-қонын анықтау – жалқы есімдердің топтарының территориялық ауысуы, соның ішінде ішкі миграция (бір ел ішінде) немесе сыртқы миграция (бір елден екінші елге) ескеріледі;

*тарихи аспект* – жалқы есімнің қалыптасуы мен атқаратын қызметінің және нақты тарихи кезеңмен байланысын зерттеу (тарихи-мәдени дамыған қоғамның жалқы есімнің ықпалы; тіл тарихымен байланыста жалқы есімнің дамуы);

*лингводеректану аспекті* – әр жанрдағы және әр дәуірдегі жазба және басылып шыққан ескерткіштерді зерттеу. Оларды талдау барысында жалқы есімдердің қалыптасу тарихын анықтауға, әлемнің архаикалық моделін жасауға, сонымен қатар көне әлемнің этнографиялық, географиялық, мәдени-тарихи аясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін көптеген үлгідегі сақталған көне жалқы есімдердің құнды материал екендігі анықталады;

*лингвомәдениеттану аспекті* – жалпы мәдени нормада, оқиғалық нормада және коммуникативтік өзін-өзі ұстаудағы жекелеу нормада жалқы есімдердің қолдану шарттылығын анықтау; жалқы есімдер көрініс тапқан мәдениетті халықтың тарихи жады ретінде анықтау: белгілі халықтың мифологиялық көзқарасы, жеке ақпаратқа ие жалқы есімдер ұлттық-мәдени семантикасы, яғни нақты тарихи тілдік қоғамдастықтың мәдени құндылықтарына негізделген тұрмыстың ұлттық формаларын көрсететін жалқы есімдер жүйесін зерттеу;

*лексикографиялық аспект* – әртүрлі оним разрядтарына лексикографиялық инвентаризация жасау және әр аспектіде, яғни тарихи-этимологиялық, тарихи, этимологиялық, анықтамалық-ақпараттық зерттеу. Таңдаған зерттеу аспектісіне сәйкес әдістеме қолданылып, соның негізінде белгілі жанрда сөздік жасалады;

*лексикологиялық аспект* – белгілі бір тілге қатысты жалқы есімдерді жинақтау, оларды сол тілдің лексикалық жүйесінде талдау, жалқы есімдердің апеллятив лексикамен қатынасын анықтау, жалқы есімдердің генетикалық тұрғыдан талдау (атаудың шығу тегі, фонологиясы мен морфологиясы, атаудың құрылымы, жұмсалымы, кірме атаулардың пайда болуы т.б.);

*логикалық аспект* – жалқы есімнің ұғыммен және аталатын нысанмен қатынасын анықтау; атау беру мәселесін шешу; жалқы есімнің көлемін, мазмұнын анықтау; жалқы есімнің жекелеуші және әмбебап белгілерін ашып көрсету; жалқы есімді апеллятивпен салыстырып, ерекшеліктерін анықтау т.б.;

*ономастиологиялық аспект* – атау берудің типтік (жиі қолданылатын) және раритетті (сирек қолданылатын) модельдерін анықтай отырып, ономастикалық атау берудің табиғи және жасанды әдістерін нақтылау арқылы ономастикалық кеңістіктегі өзекті (антропонимия, топонимия, зоонимия) және перифериялық (космонимия, эргонимия, гемеронимия т.б.) шектеріндегі атау беру принциптері мен тәсілдерін анықтау;

*психологиялық аспект* – жалқы есімдердің жасау, қалыптасу, қабылдау үрдістерін жеке адамға байланысты, оның психологиясын, сонымен қатар тұтас ұжым психологиясын ескере отырып зерттеу; жалқы есімнің адамға ықпалын анықтау, өйткені атау әртүрлі көңіл-күйге келтіруі мүмкін: қуаныш, таңдану, күлу, ашулану, жек көру, қайғыру, өкіну т.б.; окультурация (жалқы есімнің өз мәдениетінің көрініс табуы) және аккумуляция (жалқы есімнің өзге ел мәдениетінің көрініс табуы) механизмдерін анықтау; жалқы есімнің формасының мағынасын, жалқы есімнің семантикасын, психологиялық бағыт тұрғысынан жалқы есімнің мәтінде қолданылуын зерттеу;

*семасиологиялық аспект* – денотаттарды жекелеу үшін атау беруде және әртүрлі онимдер жасауда қолданылатын лексиканың апеллятив тобын анықтау, нақты бір аймақтың, халықтың атаулар сөздігінің, онимдік жүйесінің ерекшелігін көрсететін, жаңа атау жасауда пайдаланылатын жиі қолданбалы негізді анықтау;

*семиотикалық аспект* – тілдің таңба ретінде жалқы есімнің ерекшелігін анықтау, жалқы есімнің таңбаланушы және таңбалаушы табиғатын ашып көрсету, олардың басқа да семиотикалық жүйелермен, апеллятив лексикамен байланысын зерттеу;

*терминологиялық аспект* – ономастиканың метатілін зерттеу және оның құрамдық бөлігі болып келетін терминдер жүйесін, олардың бір-бірімен байланысын анықтау; ономастикалық терминологияның жүйелігін, терминологиялық аппаратының негізін құрайтын элементтерін, ономастикалық терминдердің иерархиялық байланысын анықтау; жаңа ұғым және жаңа объектілердің ономастикалық кеңістікте қалыптасуымен байланысты жаңа терминдер жасау, терминдерді унификациялау, кодификациялау және стандартизациялау себептерін, жолдарын, үрдістерін көрсету;

*этнолингвистикалық аспект* – ұлттық көзқарас, ұлттық ерекшелік, этномәдени, этнопсихологиялық факторларды ескере отырып, жалқы есімді зерттеу, яғни этностың материалды және рухани дүниесін, оның ұлттық болмысын ескеру. Этнолингвистикалық зерттеулерде жалқы есімнің рулармен, диалектілермен, тілдік ұя, мәдени топтармен генетикалық байланысын анықтауға көбірек көңіл бөлінеді. Бұл тұста ономастикалық деректер халықтардың ұлттық менталитетінен, тұрмыстық және мәдени ерекшеліктерінен, олардың шығу тегі мәселелерінен, көші-қонысынан мәлімет береді.

Зерттеу аспектілерін таңдау жұмыстың нысаны, мақсаты, міндеттерінен туындайды. Ономастикалық материалдарды зерттеу көп аспекті болуымен

ерекшелінеді. Мәселен, топонимдерді зерттеу географиялық, тарихи, этнографиялық мәліметтерді қолдану арқылы іске асады, себебі нақты бір аймақтың топонимикалық жүйесін толығымен талдау үшін зерттелетін объектілерді бөліп алып, олардың геоморфологиялық, тарихи өлке, этникалық құрам, жергілікті этнографиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Қазіргі тіл білімінің жаңа бағыт және салаларының қалыптасуы, этно-және антропоцентристік бағыт тұрғысынан лингвистикалық мәселелерді шешу ономастикалық зерттеулерді этноспен байланыстыра әртүрлі ономастикалық бірліктерді анықтауда жаңа деңгейге көтерді. Сол себептен жалқы есім жаңа ономастикалық аспектілер тұрғысынан қарастырылуы мүмкін:

*когнитивтік аспект* – «оним» концепті, оның ономастикалық тұлғамен байланысын, нақышын және тілдік құрылысын қарастыру, ұлттық лингвомәдени қоғамдастықтың когнитивтік базасында сақталған прецедентті атауларды анықтау, яғни жалқы есім арқылы әлемдік болмысты тану, ономастикалық кеңістіктің ментальды құрылымы, «әлемнің тілдік бейнесінің фрагменттер жүйесін» құрайтын ономастикалық жүйені анықтау;

*функционалды аспект* – сөйленістегі жалқы есімнің қолданысын анықтау (коммуникацияда/мәтінде жалқы есім жұмсалымы, ономастикалық узус мәселесі, ономастикалық норма, жалқы есімнің окказионалды қолданысы);

*мәдениаралық коммуникация (қарым-қатынасы) тұрғысынан* – жалқы есімді басқа ұлтқа үйрету, таныстыру мақсатында сипаттап зерттеу (елтанымдық, лингвомәдени мүмкіндіктерін анықтау, коммуникативтік жағдайларда жалқы есім және олардың түрлерін қолдану жағдайларын, ережелерін талдау, жалқы есім туралы лингвистикалық мәліметтерін жеткізу және қолдану әдістері мен тәсілдерін ойластыру).

## **1.6 Ономастикалық материалдарды зерттеу әдістері**

Әдіс ғылымның категориялық құрылымының тірек ұғымы анықталып, ғылымның жалпы пәндік моделінің элементі болып табылады. Оның бағыты мен мақсаты зерттеу нысанын объективті тану жолын қарастыру, бұл оның табиғатын, яғни генезисін, құрылымын, мазмұны мен қызметін адекватты түрде айқындайды. Әр ғылыми пән өз мүмкіндігінше зерттеу нысанын анықтайтын әдіс жасауы, қалыптасқан әдістерді дамытуы керек, сонымен қатар басқа ғылымдардың әдістерін өз зерттеуінде пайдалана білуі керек [22, 173-175].

Логика сөздігінде әдіске келесі анықтама берілген: «Әдіс болмысты тану мен практика жүзінде өзгертуге қолданылатын тәсілдер жиынтығы» [23, 105], яғни зерттеу нысаны мен нысанасын қарастырады. Жалпы әдістер (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау), жалпы ғылыми әдістер (бақылау, өлшеу, эксперимент жасау, модельдеу, интерпретациялау) және нақты бір ғылымға тән, зерттеу нысаны мен нысанасына қарай қолданылатын жеке ғылыми зерттеу әдістерін ажыратады.

Лингвистикалық ғылым ретінде ономастика тіл білімінің негізгі болып саналатын дескриптивті (сипаттау), типологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы (салғастырмалы, контрастивті, конфронтативті), компаративті (салыстырмалы-тарихи), ареалды әдістерін қолданады. Ономастикалық материалдар, онимдер мен онимдік жүйеде кездесетін үрдістері мен құбылыстарының ерекшелігі қолданбалы әдістердің барлығын қолдануға себепкер болады.

*Дескриптивті (сипаттау) әдіс* – зерттеліп отырған аймақ, социум, жазба ескерткіштерінің т.б. белгілі бір тарихи кезеңдегі жалқы есімді рет-ретімен сипаттау.

*Типологиялық әдіс* – ұқсас ономастикалық құбылыстарды анықтау және ономастикалық универсалийлерді объектілерге атау тағудағы жалпы, универсалды (әмбебап) принциптері мен онимдік жүйенің дамуын дәлелдейтін әр дәуірдің, аймақтың, тілдің жалқы есім және онимдік жүйесінде байқалатын заңдылықтарын әр тілде салғастыру, сонымен қатар этнопсихологияның ұқсастық салдарынан болатын әр тілдегі, әр онимдік жүйедегі жалқы есімнің құрылымы мен элементтерінің ұқсастықтары мен айырымдық белгілерін көрсететін оним түрлерін анықтау [3; 4; 15].

*Компаративтік (салыстырмалы-тарихи) әдіс* – бұрынғы ономастикалық жағдайды талдау, тілде жоғалған немесе белгілі бір себептермен өзгерген атауларды, ономастикалық стратиграфияны анықтау. Салыстырмалы тарихи әдісті қолданғанда мәтін ішінде талдау, түрлердің құрылымын жаңарту, бастапқы қалпына келтіру (реконструкция), растығын тексеру (вероятностная проверка), этимологиялық, стратиграфиялық талдау.

*Салыстырмалы-салғастырмалы (салыстырмалы, контрастивті, конфронтативті) әдіс* – болмысты атау түрлерін, семантикалық модельдерін, сөзжасамдық құрылымын, атау беру уәждерін анықтау үшін туыс, туыс емес ономастикалық жүйелерді салғастыру (мысалы, туыс емес қазақ және орыс топонимдерін салғастыру, туыс қазақ және түрік кісі аттарының құрамын салғастыру). Анықталған ерекшеліктері де, ұқсастықтары да маңызды.

*Ареалды әдіс* – ономастикалық зерттеу арқылы анықталатын жалқы есімдердің қайталанушы элементтерін, типтері мен модельдерінің таралу аймағын (антропонимдік ареал, мәселен орыс -ов формантты фамилияның таралу ареалы; топонимдік ареал, мысалы, қазақ тіліндегі *құдық*, *тума* географиялық терминдердің таралу аймағы, -их жұрнақты орыс гидронимдердің Қазақстан аймағында таралу ареалын айқындау. Белгілі бір ономастикалық құбылыстың ареалын анықтау барысында ономастикалық картография тәсілі қолданылады.

Ономастикалық зерттеулерде негізгі лингвистикалық әдістерден басқа жалқы есімді әртүрлі әдістер арқылы талдауда қажетті жиналған материалдарды тілдік атрибуция жасау (жалқы есімнің белгілі бір тілге қатыстылығын анықтайды), «кіші түрлерін», яғни жиі кездеспейтін, раритетті түрлерін анықтау, құрылымдық, форманттық, сөзжасамдық талдау, негіздерін, атау варианттарын талдау тәсілдері қолданылады.

Зерттеу түрінің ерекшелігі, мақсаты мен міндеттеріне қарай ономастикалық зерттеудің әдістемесі әдістер мен тәсілдердің жиынтығынан тұрады.

## 1.7 Жалқы есімдердің түрлері

Жалқы есімдерді талдамас бұрын ономастикалық әдебиетте нақты шек қойылмай бірінің орнына бірі қолданыла беретін *разряд*, *класс*, *түр* терминдеріне назар аударғымыз келеді. Түсіндірме сөздік және номенклатуралық терминдер жүйесі бойынша бұл терминдер жалпыдан жекелік гиперо-гипонимдік қатынаста болады. Аталған терминдердің анықтамасынан *разряд* термині ономастикада адамның белгілі бір қызмет аясын- дағы денотаттарды атайтын атаулардың ірі жиынтығы. Өзінің мазмұны бойынша *разряд* ұғымы кластарға, нақты топтарға бөлінетін жалқы есімнің ең көлемді категориясы. Әр разряд бірыңғай объектілерді атайтын, ортақ белгілері (лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық) бар жалқы есім кластарын білдіреді.

Сонымен, аталатын объектіге қатысты жалқы есім бірнеше ірі разрядтардан тұрады, ал разрядтар өзінше кластарға (түрлерге) және класс ішіндегілерге (подкласс, подвид) бөлінеді. Жүйеде класс – разрядтың бір бөлігі. Ономастикада *класс пен түр* синоним ретінде қолданылады.

Белгілі бір халықтың жалқы есімдерді құрайтын жеке разрядтары мен кластары арқылы жоғарыда айтылғанды бақылап көрелік.

### 1.7.1 Антропонимдер

*Антропонимдер* – кісі аттарынан тұратын жалқы есімдердің ірі разряды. Антропонимдер *кісі аты, әкесінің аты, фамилиясы, лақап аты, бүркеншік аты, криптоним, қосымша аты, андроним, гинеконом, патроним* сияқты кластарға бөлінеді. Антропоним формуласында, атау беру уәжінде, атау құрылымында байқалатын әр халықтың өзіндік атау беру дәстүрі бар. Кез келген халықтың антропонимдік қоры (антропонимдер жиынтығы) құрамы жағынан әртүрлі. Әр халықтың атау тізімі немесе реестрі (антропонимиконы) шектеулі, сондықтан бір атқа бірнеше адам ие болуы мүмкін. Антропонимдерді ономастиканың арнайы бөлімі – *антропонимика* зерттейді. Қазіргі антропонимдік жүйенің қалыптасуы мен дамуы бірыңғай қарастыруға мүмкін емес өте күрделі және ұзақ үрдіс.

Антропонимдердің ортақ белгілері:

- Антропонимдердің барлық түрлері ортақ белгі – адамды атау ерекшелігімен байланысқан. Солардың ішінен тек кісі аты ғана денотатты жекелеудің жоғары деңгейіне ие, яғни әр адамның өз аты бар, қалған түрлері қосымша және халықтың тарихи-мәдени дәстүрімен байланысты. Сонымен қатар тек кісі аттарын таңдау еркі бар, ал фамилия мен әкесінің аты туыстық қатынасқа байланысты. Лақап ат, жасырын ат т.б. негізгі болмайтын қосымша

есімдер барлық адамдарға беріле бермейді. Лақап атты индивидтің өзі емес басқа адамдар тақса, бүркеншік атты, жасырын атты (криптонимдерді) белгілі бір себептермен адамның өзі таңдап алады. Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, басқа да қазақ жазушылары өз еңбектерін жасырын атпен берген: *Дүйсенбі, Шамиль, Манап, Жұмақан, Ерке Бұлан* (С. Сейфуллин), *Арқа, Арғын, М.Э., М, Ауыл баласы* (М. Әуезов), *Бимағамбет, Бимұхамбет, Қара бала, Быж, Б.М.* (Б. Майлин), *Құйқалық, Шолжық, Салпанқұлақ, Мерген, Сақа* (1. Жансүгіров). Жасырын есімдер кеңінен танымал болып, ресми есімнің орнын басатын кездері де болады: *Максим Горький* (А. Пешков), *Владимир Ильич Ленин* (В.И. Ульянов), *Марк Твен* (Сэмюэл Клеменс), *Анатоль Франс* (А. Тибо).

- Әр халық антропонимдерінің дамуында біртағанды антропонимдік жүйеден көптағандыға ауысу заңдылықтары байқалады. Біртағанды антропонимдік жүйе ең көне болып саналады.

- Әртүрлі халықтардың ат тағудың ресми формуласы қатаң тәртіппен емес, өзгермелі, орын тәртібі әртүрлі бірнеше компоненттерден тұратын тарихи категория болып табылады.

- Антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегі болып табылады.

- Ұлттық антропонимиконның негізгі қорын көп жағдайда ана тілдегі атау құрайды.

- Антропонимдік жүйені жаңа және кірме атаулар толықтырады.

- Антропонимдік жүйе белгілі бір семантикаға ие әйел есімі мен еркектер есімі болып бөлінеді.

- Атаулар маңызды заң қызметін – қоғамдағы жеке адамды ажырату қызметін атқарады.

- Антропонимдер тек жекеше түрінде қолданылады (көпше түрі тек ерекше жағдайларда: отбасы мүшелерін атағанда қолданылады әкпелі-сіңлілі *Молдашбаевтар, Борашевтар* жанұясы, *Ивановтар* отбасы), біртектес заттарды атағанда, адамдардың белгілі бір тобын жинақтап көрсетуде (Ә. Нұрпейісовтен «Әр елдің өз судыр Ахметі бар», *А.С. Пушкиннен* «Мы все глядим в Наполеоны», яғни «Біз бәріміз Наполеон болғымыз келеді»), *М.В. Ломоносовта* «Может собственных Платонов и быстрых разумом Невтонов российская земля рождать», яғни «Ресей жері өз Платондары мен жылдам ойшыл Невтондарын дүниеге келтіруге мүмкіндігі бар»), *антропонимнің апеллятивке өтуінде* (донжуан мен донкихоттар әлі күнге дейін баршылық).

- Көптеген ұлттық антропонимдік жүйеде кісі аттарын ресми (толық) және бейресми деп бөлу кездеседі.

- Бейресми аттар өз кезегінде төмендегідей топтарға бөлінеді:

- гипокористі, яғни қысқарған негізді болуы немесе екінегізді есімнің орнына бірнегізді есімнің қолданылуы: қаз. *Қасымжан - Қасым, Тілеуберген - Тілеукең, Гүлнар - Гуля, Раушангүл - Раушан*; орыс. *Александр - Саша, Светлана - Света*;

- деминутивті, яғни арнайы деминутивті аффикстер арқылы

жасалынатын, кішірейтіп еркелету мағынасына ие есімдер: қаз. *Әлия - Әлкен, Бақытжан - Бақас, Еркін - Еркінтай*; орыс. *Анна - Аннушка, Володя - Вова - Вовочка*;

- пейоративті, яғни әдейілеп кішірейту мағынасында орыс тілінде жиі кездеседі: *Машка, Васька*;

- аугментативті, яғни үлкейтіп көрсету мағынасында орыс тілінде кездеседі: *Сергеище, Варварища*.

Пейоративті және аугментативті есімдер жасалуында арнайы аффикстер қатысатын орыстың бейресми есімдеріне тән. Қазақ антропонимиясында сыйластық есімдер, яғни жасы, дәрежесі үлкен, әлеуметтік жағдайы жоғары кісілерді қарату үшін қолданылатын есімдер бар: *Баянжаннан – Бәке, Халелден – Халеке, Саматтан – Сәке*. Есімдердің Бұл сыпайы түрі ертеректе тек ер адамдарға қатысты қолданылған, кейінірек әйел есімдеріне де қатыстырып айтыла бастады: *Бүбіштен – Бүке, Розадан – Рәке*.

Кез келген субъективті бағаға ие барлық ресми есімдер квалитативті есімдер тобын құрайды. Субъективтік баға қолданыс аясына қарай қатынас жағдайына, мәтін ішінде қолданысына ыңғай өзіндік нақысқа ие сөзжасамдық құралдарымен анықталады. Мәтін ішіндегі қолданысы атаудың квалитативтігін анықтау үшін өте маңызды, себебі, А. Вежбицкаяның айтуы бойынша, кейбір пейоратив жұрнақтар (мысалы, орыс тілінде әмбебап мағынаға ие *-ка* жұрнағы) пейоратив болмауы мүмкін, себебі, олар кей жағдайда сезімді, жақын, достық қатынасты білдіруі мүмкін [24, 137-138].

Жоғарыда айтылғандай атау берудің антропонимдік формуласы қатаң емес. Мысалы, зерттеушілердің пікірі бойынша, *ат+әкесінің аты* вокативті моделі сияқты ұлттық орыс тілінің этнолингвистикалық феномені болып табылатын үш компонентті құрылым - *фамилия+аты + әкесінің аты* орыс халқына тән [25].

Бұл құрылым кеңестік дәуірде тұрғындарды жекелеу және тіркеу мақсатында КСРО барлық территориясына таратылған болатын. Сондықтан, мысалы, қазақ антропонимиконында ұштағанды есім ресми түрде қолданылады. Қазіргі кезде Бұл формула жаңғырып келе жатқан *ұлы, тегі, қызы* антропонимдік элементтер арқылы немесе аффикссіз берілетін қазақтардың тарихи ұлттық формуласымен қатар қолданылуда (*Қойбақов Бауыржаи Мелдебекович, Мұсабаев Мәди Маратұлы, Мұстафа Әулет Арманұлы, Жоламантегі Қабидолла ДосМағанбетұлы, Көкетайтегі Темірғали Әбілдаұлы, Шерхан Мұртаза, Баянжан Эрик, Күзембайұлы Аманжол, Қожахметұлы Кеңесбай т.б.*). Дегенмен қазіргі кезде қазақ антропонимдік жүйесінде бірыңғай ресми атау түрі қалыптаспаған.

Шығыс антропонимдерінің де атау беру ерекшеліктері бар. Вьетнам антропонимдік жүйесінде орын тәртібі қатаң сақталатын екітағанды, үштағанды, төрттағанды формула бар: *фамилиясы+есімі (Нгуен Зу, Фан Нгок), фамилиясы + қосымша сөз + аты (Чан Хынг Дао, Нгуен Тхи Бинь), фамилиясы + жынысына сілтейтін қосымша сөз + әсемдеу аты + аты (Лам Тхи Ми За)* [Чинь Тхи Ким Нгок, 1999, 307].

Көптеген еуропа тілдерінде екітағанды модель тараған (*Mark Twain, John Kennedy*). О.А. Леоновичтың материалы қазіргі ағылшын антропонимиконында ескі халық дәстүріне тән есімдер көп екендігін дәлелдейді. Сонымен қоса американдықтардың ықпалынан болған аты әйгілі киножұлдыздардың, детектив, комикс кейіпкерлерінің де есімдері кездеседі. Зерттеушінің көрсеткеніндей, санақ бойынша барлық ағылшын балаларына туылған кезде екі есім беріледі (first + middle names): жеке (бірінші) және орта есімі, соңғысы қосымша жекелендіруші таңба қызметін атқарады. Орта есім ретінде кісі аты, фамилия, топонимдер, жалпы лексика қолданылады. Мысалы, Ч. Диккенстің балаларының келесі есімдері бар: *Чарльз Калифорд Боз Диккенс* (әкесінің жасырын аты бойынша), *Уолтер Лэндор Диккенс*, *Фрэнсис Джеффри Диккенс*, *Генри Филдинг Диккенс*, *Альфред Теннисон Диккенс*, *Эдвард Бульвер Диккенс* (әйгілі ағылшын жазушылары мен ақындарына арналған) [26, 9-10].

*Семантикалық модельдер.* Әр халықтың өзіне тән атау беру семантикалық модельдері бар. Антропонимдердің жеке түрлері үшін әртүрлі болатын семантикалық модельдер лексика-семантикалық таптастыру арқылы ажыратылады.

Кісі аттарын бірнеше түрде таптастырады. Мысалы, В.А. Никонов кісі аттарын үш топқа бөледі:

- а) анықтамалы есімдер (дескриптивтер),
- ә) тілек-есімдер (дезидеративтер),
- б) арнау-есімдер (меморативтер).

Әр топ бірнеше топшалардан тұруы мүмкін.

Қазақ антропонимдерін зерттеуші Т. Жанұзақов В.А. Никонов классификация негізінде есімдердің төртінші тобын – мәдени-тарихи немесе әлеуметтік, негізінен діни наным-сенімдерге, тотем, табу және қазақ халқының мәдени дәстүрлеріне байланысты есімдерді бөлу арқылы қазақ кісі аттарының толық лексика-семантикалық таптастырылуын жасады.

Орыс, славян, еуропа, түркі, шығыс антропонимдерінің үлкен қабатын талдай отырып, А.В. Суперанская әр халықтың гипологиялық ұқсастықтарын анықтайтын, адамзат пен қоршаған орта қатынасының ортақтығына, ойлау, қабылдау түрлерінің ұқсастықтарына негізделетін типтік және раритетті антропонимдік негіздерді анықтады. А.В. Суперанскаяның классификациясы кез келген халық тілінде адам, оның денесі, туыстық қатынас, табиғат құбылыстары, материалды мәдениетті білдіретін лексемалар бар деген В.Г. Богораз-Тан тұжырымына сүйенеді. Бұл төрт топқа А.В. Суперанская антропоним жасайтын келесі лексемаларды қосады: әлеуметтік мәдениет, қарым-қатынас және олардың параметрлері, антропоним құрамындағы әртүрлі жалқы есімдер [16, 8-19]. Бұл классификация әртүрлі белгілі бір разрядқа қатысты жалқы есімдердің ерекшеліктеріне қарай әртүрлі модификациялы антропонимдерді таптастыруға негіз болады.

Шығыс халықтарының, мәселен, Вьетнам халқының қазіргі есімдері құрамында географиялық атау, пайдалы қазбалар атаулары, рәміздер



атаулары, Вьетнам мәдениетіне тән жыл мезгілдері, өсімдік және құстар атаулары, жалпы адамзаттық құндылықтар, тарихи үрдістер бар. Вьетнам антропонимиясында әкесінің, атасының аты, тарихи оқиғалар, ескерткіштер, саяси қызметкерлердің есімдері берілмейді, оларды өзгертуге болмайды, себебі кісі есімдері әулие болып есептеледі [Чинь Тхи Ким Нгок, 1999, 310-311].

Өртүрлі тілдік қатынас, ақпарат алу кеңістігінің кеңеюі көптеген халықтардың антропонимдік жүйесінен ана тіл тұрғысынан түсіндірілмейтін шетел тілді аттарды кездестіруге болады. Олар реципиент (қабылдаушы) тіліне фонетика және морфология тұрғысынан бейімделеді, егер өзге халықтардың атаулары бейімделудің барлық сатысынан өтсе, онда оларға ана тілінің фактісі ретінде қарауға болады.

Қазақ антропонимдік жүйеге кейбір есімдер ислам дінін қабылдаған кезде енген, сондықтан онда араб-иран есімдері бар, бірақ олар тіл иелері үшін ана тіліне сіңісіп кеткен, өзге есімдер деп саналмайды, себебі ұзақ уақыт бойы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне бейімделген (*Асан, Ахмет, Иса, Жамал, Әлия, Әсия, Ғалия т.б.*). Дегенмен, қазақ антропонимиконның негізін түркі және қазақ тілінің есімдері құрайды.

Орыс антропонимиконындағы орыс есімдерінің көбісі уақыт өтуіне қарай қолданушылар үшін ана тілдік болып саналғанымен шығу тегіне қарай грек, латын, көне еврей тілінің сөздері (*Лариса, Ксения, Анна, Тамара, Виктор, Александр, Илья т.б.*). Ресей тарихынан ономастардың зерттеулерінен орыс есімдерінің сөздігіне көп есімдер христиан дінін қабылдау (X ғ.) кезінде енгізілгендігі анықталды. Олар көбіне орыс антропонимдік жүйеде бұлыңғыр ішкі формасымен ерекшелінетін *Неждан, Нехлюд, Забава, Пятак, Мешок, Бессон т.б.* көне орыс есімдерін толығымен алмастырды.

Т. Жанұзақовтың бақылауы бойынша, қазақ кісі аттарының семантикасы анық, себебі олардың көбі қазақ халқына түсінікті қазіргі лексикалық жүйедегі қолданылып жүрген сөздерден жасалған (*Асылжан, Арман, Қайрат, Талғат, Ұлпан, Нұрсұлу, Қамар, Айгүл т.б.*). Қазіргі кезде балаларына әдемі, сәнді есімдерді беру көрініс алып келеді. Сонымен қатар ата-ана мазмұны жағынан ғана көркем емес, естілуі жағынан да жағымды есімдерді таңдайды. Қазіргі атаулардың интернационалдық тенденция да қызықты: балаларға ағылшын тіліне оңай өзгертілетін интернационалды есімдерді береді (*Дана - Dana, Жанна - Janna, Jane, Жанат - Janet, Эрик - Erik т.б.*).

*Морфологиялық және сөзжасамдық құрылымы:* Әр халықтың антропоним түрлерінің құрылымдық формуласы компонент құрамы мен сөзжасамдық элементтерімен ерекшеленеді. Әр ұлттық антропонимикон тілде бар құралдар арқылы атау жасайды.

Антропонимдер шығу тегі бойынша, негізінен, екінші текке жатады, яғни олар тілдің апеллятив лексика негізінде жасалады. Түркі, үндіеуропа халықтары антропонимдері негізінен үш түрде – күрделі, туынды, апеллятивтік (соңғысы күрделі және туынды болуы мүмкін) берілген.

Күрделі есімдер (компози́та) екіден кем емес түбір морфемалардан

жасалады (қаз. *Айгүл, Жансая, Мейрамгүл, Бақытгелді, Ақжол, Еламан*; орыс. *Эраида, Владислав, Всеслав*).

Туынды есімдер – әртүрлі ономастикалық форманттар арқылы, сөздерді қысқарту және арнайы аффикстер жалғау арқылы жасалған есімдер (қаз. *Маркс+Энгельс+Ленин + Сталиннен Мэлс, Дана + Элеонорадан Данэль*; орыс. *Грациядан Грациэлла, Мироннан Мирония, революциядан Люция, Клименттен Клим*).

Апеллятив есімдер – шартты түрдегі атау, себебі есімдер көбінесе апеллятивтерден жасалады. Кісі есімдердің бұл түріне мағынасы жалпы есім лексика мағынасына сай келетін есімдер жатады (қаз. *Бақыт, Асқар, Арман, Асылжан, Үміт, Маржан*; орыс. *Святослав, Вера, Надежда, Любовь, Светлана*).

Есімдер апеллятивтерден табиғи және жасанды түрде жасалуы мүмкін.

Фамилия – қалыптасуы мен дамуы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты болған тарихи категория. Фамилия белгілі бір әлеуметтік қызметтерді атқарады, олардың негізгілері: *біріктіруші* (отбасы, ру мүшелерін біріктіреді), *анықтаушы* (басқа отбасы, ру мүшелерінен белгілі бір отбасы, ру мүшелерін айырады), *идентификациялау, теңдестіруші* (әлеуметте, қоғамда адамды ажыратады).

Қазіргі антропонимдік жүйедегі қазақ фамилиялары мен әкесінің есімдерінің өзіне тән даму тарихы бар. Қазақ фамилиялары XVIII-XIX ғасырларда қалыптасып, төлқұжаттық жүйеге ресми түрде енгізілген пікірге қарамастан олардың деректерін тарих қойнауынан табуға болады. Көне түркі және соңғы түркі дәуірлердің антропонимдік жүйесінен кісі аттарынан басқа ру, шыққан жерінің атауы адамды жекелеуде қосымша ретінде қолдану дәстүрі болғаны белгілі (*Әбу Насыр әл Фараби, яғни Фараб қаласынан шыққан, Жүсіп Баласұғын – Баласұғыннан, Махмұд Қашқари – Қашқардан, Мұхаммад Хайдар Дулати – дулат руынан*).

Ертеректе әйгілі кісі аттарына әкесінің аты қызметін атқаратын әкесінің, атасының есімдері, ру, лақап аттары қолданылған (*Бұрхан ад-Дин Ахмад бин Абы Хафс бин Йусуф аль-Фараби, мұнда Бұрхан ад-Дин Ахмад - кісі аты, Аби Хафс - әкесінің аты, Йусуф - атасының аты, Фараб - туып өскен қаласы*). Бұл модельдер көне заманнан келе жатқан араб-иран әсерінің көрсеткіші. Түркі антропонимиясының қалыптасуына өз ықпалын тигізген араб және иран есімдері қазіргі кезде де жиі кездеседі. Алайда, В.У. Махпиров талдауы бойынша, түркі антропонимияның негізін қалаған түркі аттары, мәселен, Махмұд Қашқаридың «Диуаниында» түркі антропонимдердің саны 70% [9, 165-166].

Қазіргі қазақ фамилияларының негізінде көбінесе екінші, үшінші аталарының есімдері қолданылады. Этноним немесе генонимді фамилия орнына қолдану сирек болса да кездеседі.

Орыс фамилияларының шығу кезеңін XV ғасырмен жазба ескерткіштерде белгілеумен байланыстырады, бірақ орыс ономастарының пікірінше, одан ертерек болса керек. Орыс фамилияларына *-ов/-ев/-ин, -ович/-евич/-ыч, -ск(ый)*

жұрнақтары тән.

Орыс әкесінің аттары әкеге (отчество) тиесілікті көрсетеді – бұл оның негізгі қызметі, *-ович/-евич, -овна/-евна* жұрнақтары арқылы беріледі.

Орыс халқында фамилия негізінде лақап (*Молчанов, Ужов, Кривошеков*), белгілі бір территория иелігіне сілтеме (*Мещерский, Тверской, Звенигородский*), мамандық (*Гончаров, Мельников, Дегтяров*), әке, аталардың есімдері (*Иванов, Петров, Васин*) т.б. жатады.

Жалпы антропонимдер зерттеуінің негізінде әрбір халықтың өзіндік лингвомәдени, танымдық ерекшеліктерін, әмбебап белгілерін аңғаруға болады.

### 1.7.1 Топонимдер

*Топонимдер* – жер бетіндегі кез келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Топонимдер *гидроним, ороним, ойконим, урбаноним, спелеоним, дромоним, ареноним, дримоним т.б.* түрлерге бөлінеді. Атауы бар объектілер нақты аймаққа бекітілген. Кез келген топоним атау қызметімен қоса объектіге сілтеу қызметін де атқарады. Сонымен қатар олар объектінің ерекшелігіне, атаудың идеологиялық және эмоционалды бояуына қарай қосымша ақпарат бере алады. Белгілі бір аймақтың топонимиконы тарихи қалыптасады. Онда өткен дәуір топонимдері сақталады, сондықтан топонимдердің әр қабаты тарихи дәуірге, сол аймақта қоныстанған халық тарихына қатысты «қаттамаға» теңейді. Дегенмен барлық топонимдер осы тұрғыдан талдана алмайды. Ең алдымен географиялық объект атаулары (*гидронимдер, оронимдер, ареноттдер*) туралы айту керек. Топонимдік жүйеде тілдік қатынас орын алған. Топонимдерді ономастиканың арнайы бөлімі – *топонимика* зерттейді.

*Топонимдердің жалпылық белгілері:* Топонимдердің барлық түрлерінің ортақ белгісі – кез келген географиялық объектіні атау.

Топонимдердің жекеленуі аталатын объектке байланысты. Осыған орай келесі аталатын объектілер ажыратылады:

- гидрографиялық (өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар, бұлақтар, құдықтар, каналдар);
- орфографиялық (жердің үстіңгі қабатының жағымды және жағымсыз рельеф объектілері);
- кез келген жолдар (жер үсті, су, жер асты, әуе);
- кез келген елді мекен (қала, ауыл);
- кез келген қала ішіндегі топографиялық объект;
- ресми, әкімшілік бөліністерінің кез келген объекті (территория, облыс, аудан);
- кез келген табиғи жер асты объектілер (үңгір, жер асты бұлақтары, көл, құдық, сарқырама);
- флористикалық объектілер (орман массивтер, өсімдік әлемінің реалійлері).

Топонимдердің барлық түрлері бір-бірімен белгілі бір жүйелі байланысқан және өзінің семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы жағынан сол тілдік жүйеге сай келеді. Сонымен бірге географиялық атаулар ұлттық менталитет, ұлттық таным бойынша ерекшеленеді. Осыған орай топонимдер келесі белгілерге ие:

- әр халықтың географиялық атау жасауында тілдік жүйеге сай келетін белгілі бір заңдылық сақталады;
- атау беруші топтың әлемге көзқарасына сай қоршаған болмыс топонимде беріледі;
- адамның құндылықтарына сай ақпарат топонимде көрсетіледі;
- топоним мазмұны тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да экстралингвистикалық факторларға байланысты;
- топонимдер тілдің ұлттық-таңбаланушы белгілері болып табылады;
- топонимдер антропонимдерден кейін ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды (яғни адам санасындағы объектілерді қамтиды және кеңістікте қозғалысының бағыт-бағдары болады);
- ұлттық топонимиконның негізгі қорын көбінесе ана тіліндегі атаулар құрайды;
- топонимдік жүйені жаңа және кірме атаулар толтырады;
- топонимдер макротопонимдер (кеңінен танымал) және микротопонимдер (бір аймақ, бір ауыл көлемінде белгілі) болып бөлінеді.

Семантикалық модельдер: *Топонимдердің* семантикалық модельдері белгілі бір топонимдер жасауда қолданылған лексемаларды, ұлттық топонимдік жүйенің ерекшелігін көрсететін неғұрлым жиі және раритетті, яғни сирек кездесетін негіздерді бөлетін лексика-семантикалық классификация жасауда анықталады. Қалыптасқан топонимдік классификация әртүрлі топонимдік жүйені екі ірі түрге бөледі: *табиғат құбылыстарын атайтын топонимдер* және *«адам-табиғат» байланысын көрсететін топонимдер*. Бірінші түр табиғат құбылысының адам қызметімен байланысын тура көрсетпейді. Екінші түрі адам мен табиғат байланысын тура көрсетеді [27, 12]. Аталмыш таптастыру географиялық объектілер ерекшеліктерін толығымен қамтиды, бірақ ол бірқатар шартты да, себебі топонимнің барлық түрін қам- тымайды. Топонимнің ор түрі географиялық объекттің әр түрін атайтынын естен шығармау керек.

1. Табиғат құбылыстарын көрсететін топонимдер келесі семантикалық лексемалардан тұрады:

- объект көлемі (формасы, ұзындығы, кеңдігі, созылмалылығы);
- кеңістіктегі объекттің орны, бағыты;
- объекттің сапалық ерекшеліктері (температурасы, дәмі, түсі);
- объект орналасқан жердің флорасы мен фаунасы;
- жердің неорганикалық әлемі (пайдалы қазбалар, құрылыс материалдары);
- жер рельефі;

- әртүрлі табиғи құбылыстар т.б.

1. Әлеуметтің (адамның) материалды және рухани мәдениетін білдіретін лексемалар негізін құрайтын географиялық объектілер атауларын біріктіретін «адам-табиғат» байланысын көрсетуші топонимдер:

- адам есімдері (антропонимдер, этнонимдер, генонимдер, әлеуметтік жағдайына қарай адамдарды атау);
- өндіріс-қожайын құндылықтарының атаулары (тұрғындар үйі, бастырмалар, тұрмыс заттары);
- анатомиялық терминдер;
- адамның рухани мәдениетін білдіретін атаулар (анимистік сенім, жергілікті рухты қасиет тұту, діни және мифологиялық көзқарастар);
- әртүрлі тарихи оқиғалар т.б.

Топоним түрлерінің ерекшеліктерін ескерген дұрыс, себебі адам ат тағуда объектінің негізгі белгілерін (табиғи, функционалды, жүйелік) көрсететін ақпаратты қолданады. Сонымен қатар ұлттық мәдениет пен ұлттық нақышқа тән ақпаратқа ие ұлттық тілдік сананы да ескеру керек.

*Морфологиялық және сөзжасамдық құрылымы:*

Топонимдердің морфологиялық талдау және құрылымдық түрін анықтау классификациясы толығымен жасалған. Әртүрлі топонимдік материалдар және негіздер (сөз таптарын, топоним жасауда қатысушы жеке формаларын анықтау, топоним құрылымындағы компоненттерді, туынды негізді бөлген) бойынша жасалған бірнеше классификация бар.

Көптеген топонимдік зерттеулерде топоним жасауда барлық дерлік сөз таптары (зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістік формалары, кей кезде есімдік пен үстеу) қатысады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берген бай топонимдік материалдар келтірілген. Топонимдер бір сөзден (дара: туынды және туынды емес, күрделі және құрамды), сөз тіркесінен (басыңқы, бағыныңқы және предикатив қатынастағы құрылымдар), сөйлемнен тұрады. А.В. Суперанская пайымдауынша, үндіеуропа тілдеріне предикативті тіркестер тән емес болса, түркі шығыс тілдеріне аталған үш түр де тән [28, 103].

Көптеген зерттеушілер топоним жасауда географиялық терминдердің көп жағдайда қатысатынын байқаған. Мысалы, гидроним, ороним жасауда географиялық терминдердің сөзжасамдық қызметі жоғары және олар көп компонентті атаулардың соңында беріледі.

Сөзжасам тұрғысынан топонимдер әртүрлі сөзжасам тәсілдерімен жасалады:

- лексика-семантикалық (топонимдік бірнегізді аффиксіз құрылымдар: қаз. Апан, Жыра, Жіңішке; орыс. Маяк, Раздол, Прогресс);
- лексика-синтаксистік (топоним қызметін атқарушы сөз тіркестері, кей кезде тұтас сөйлемдер: қаз. Білезіктің бір айрық басы, Үлкен Ащыбұлақ, Аққолқайың жотасы; орыс. Белый камень. Мокрая Погорелка, Пихтовый ключ);
- морфологиялық (түбірлердің бірігуі: қаз. Қайыңбұлақ, Балтаөзек,

Аюқашқан; орыс. Усть- Каменогорск, Красноярка, Двуречье; *аффиксті*: қаз. Қайыңды, Кендірлік, Жайылма; орыс. Таловочка, Быструшка, Песчанка).

Топонимдердің жасалу тәсілдеріне қарай қазақ (кеңінен алғанда түркі) тіліне предикатив конструкциялы болып келетін күрделі топонимдер тән болса (*Таужылаған, Тақиякеткен*), орыс (кеңінен алғанда славян) тілі топонимдерінің жасалу ерекшелігі – жұрнақтың жалғануында.

Топонимдердің жасалу жолдарын зерттегенде, ең алдымен қай тілге қатыстылығын анықтау қиындығы туындайды. Топоним – белгілі тілдің сөзжасамдық құралдары және модельдері арқылы жасалатын тілдік бірлік. Белгілі бір тарихи-хронологиялық дәуірде кірме топонимдер қабылданып, толығымен ана тілге бейімделуі мүмкін. Орыс топонимдеріне, егер төмендегі критерийлерге сай келетін болса, Ресей территориясындағы және басқа да аумақтардағы орыс топожүйесіне кіретін топонимдер жатады:

- орыс тілі түбірі негізінде орыс тілінің сөзжасамдық аффикстері арқылы жасалған (Усть-Каменогорск, Семипалатинск, Быструха);

- орыс тілге жатпайтын түбірлерден орыс тілінің сөзжасамдық модельдері арқылы жасалған (Большенарымское водохранилище, Маралиха);

- шығу тегі бойынша орыс тіліне жатпайтын, бірақ орыс тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне бейімделген (қаз. Алматы – орыс. Алма-Ата, қаз. Жіңішке – орыс. Жинишке);

- калька, жартылай калькалар (қаз. Ақсу – орыс. Белая, қаз. Үлкентеректі – орыс. Большая теректы).

Кез келген топонимнің түбірін анықтау үшін экстралингвистикалық деректі қолдану керек.

### 1.7.3 Зоонимдер

Зоонимдер – кез келген үй жануарлары, жабайы аңдар, хайуанаттар бағындағы, цирктегі жануарлардың атауынан тұратын жалқы есімдердің разряды. Зоонимдер *киноним* (иттердің аты), *гиппоним* (жылқы аты), *орнитоним* (құстардың аты) т.б. сияқты түрлерге бөлінеді. Н.В. Подольскаяның сөздігінде *бизонтоним* (бизон аты), *инсектоним* (жәндіктер аты) терминдері де берілген. Сол сөздікте бұл бағытта зерттеулер қажетті дәрежеде жүргізілмегені, жануар түріне сай терминология жасалмағаны айтылған. Дегенмен зоонимика бойынша зерттеулер бар, олар негізінен үй жануарлары аттарына арналған. Сонымен қатар жануарлардың барлығы бірдей атауға ие бола бермейді, тек адамға маңызды жануарлар ғана арнайы атауға ие. Жануарларға атау адам мен жануар арасында белгілі бір қатынас болғанда ғана беріледі [6; 29; 26].

Зооним түрлеріне қарай жасалған зерттеулер бойынша *фелисонимдер* (мысық аттары), *фелисонимика* – фелисонимдерді зерттейтін зоонимия түрі, *камеллонимдер* (түйе аттары) және *камеллонимика* т.б. терминдер қалыптасты. Зоонимдердің аз зерттелуіне себеп:

- зоонимдерді реттеп жинау қиындығы (ономастикалық материалдарды

жинаудың ең маңызды шарты);

- зоонимдерді зерттеудің прагматикалық маңыздылығы (зоонимдер іс жүзінде қызығушылық тудырмайтыны ескеріледі).

Дегенмен, зерттеушілердің пікірі бойынша, аталмыш ең көне жалқы есімдер қабатының маңыздылығы тіл бірлігі болып келуінде және зоонимдер ономастикалық атау беру ерекшелігін анықтауда танымды-теориялық маңызды қызмет атқарады. Сонымен қатар зоонимдер тілдің көне формалары мен тіл дамуының тарихи үрдістерін бақылау материалдары ретінде танылады.

Зоонимдерді зерттеу этногенетикалық байланыс пен халық қоныстанған территорияны анықтауға мүмкіндік береді. Жалқы есімдердің басқа да түрлері сияқты зоонимдерге де экстралингвистикалық факторлар ықпал етеді. Қазақ жалқы есімдерін зерттей отырып, Т. Жанұзақов былай деп жазады: «Зоонимдер тілдің әр дәуірі бойынша бай материал береді. Олардың құрамынан көне грамматикалық формалар, шетел тілдік, тарихи, диалект сөздерді кездестіруге болады».

Мәселен, Т.В. Линконың байқауынша, Талдықорған облысында үлкен дегенді дәу сөзімен алмастыру жиі байқалады: Дәукөк, Дәубас, Дәуқарын, Дәуқабак т.б. Жамбыл облысының Мерке ауданында жеке сөздерде ш-ның орнына ч әрпінің қолдануы көбірек кездеседі: Алчак, Ақчолак, Чүнак, Чүйкетай т.б. [30, 119].

*Зоонимдердің жалпы белгілері.* Зоонимдер келесі белгілері бойынша ерекшелінеді:

- ұқсас түрлері арасынан жеке дара бөлінеді;
- жануарлардың генетикалық тұқымдастарын жекелейді;
- атау берген халықтың ұлттық, диалектік болмысын көрсетеді;
- аймақтық тіл жүйесі құрамына кіреді;
- атау берушінің этнографиялық және мәдени ерекшеліктерін көрсетеді;
- мәдениаралық қатынасты білдіреді.

Зооним материалдары халықтың шаруашылық-экономикалық мәдениетінде жануарлардың қай түрін өсіретінін, белгілі бір даму кезеңіндегі әлеуметтің эстетикасын және қызығушылығын көрсетеді. Зоонимдерді зерттеу әрбір халыққа жануарлардың қай түрі маңызды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін жануарлардың төрт түрі өте маңызды болып саналады: жылқы, түйе, ешкі және сиыр. Кейбір жағдайларға байланысты праславян халықтары үшін мал шаруашылығы мен егіс шаруашылығында сиыр, өгіз кейіннен жылқы, ешкі, шошқа маңызды болды.

Н.В. Подольскаяның байқауынша, жануарларға атау беру үрдісі адамдарға лақап ат беруге ұқсас, зоонимдерді зерттеу екіншілік атау беру үрдісінің кейбір үрдістерін ашуға көмектеседі.

*Семантикалық модельдері:* Қоғамның экономикалық және қоғам ретінде дамуымен, ғылымның дамуымен, соның ішінде селекция мен генетиканың, зоонимикада жануарлар атауын халықтық және зоотехникалық деп бөлу

калыптасқан. Халықтық зоонимдер уәждеделген болса, зоотехникалық зоонимдер шартты-уәждеделген немесе жасанды болып келеді. Осылай бөлу атаулардың қызметімен байланысты. Халықтық зоонимдердің басты қызметі атау және «қарату, шақыру».

Сонымен қатар зоотехникалық зоонимдер әлеуметтік тұрғыда шартты – тегін, тұқымдастығын, нақты тұқым өсірілетін питомникті жекелендіру қызметін атқарады (басты мақсат – шығу тегіне қарай аңдарды өсірушілерді бөліп көрсету). Мысалы, пудель ата-анасы бойынша төлқұжатта – *Голд Фортуна*то (әкесі) және *Аврора Голден Блик* (шешесі) деген аттар жазылған; күшікке *Альт Блик Фортуна*то деген атау берілген. Күшік атының соңғы компоненттері оның шығу тегін көрсетіп тұр. Күшіктің ата-анасы өз ата-анасының аттарын мұраға алған, сонымен ресми түрде тіркелген жануарлардың шығу тегі сақталады.

Кез келген асыл тұқымды жануар, мейлі ол мысық, ит немесе жылқы болсын ресми аты сақталған шығу тегі болады. Бейресми – күнделікті (тұрмыстық) аттар да қолданылады, көбінесе олар ресми аттың қысқарған түрі болады, сонымен қатар олардан басқа аттар қоғамға тән үйреніп қалған атау модельдері қолданылады: француз бульдогының төлқұжаттық аты – *Леонардо Пети Льевр*, бейресми аты – *Лео*, *Леня* немесе таксаның ресми аты *Олдридж*, күнделікті аты – *Олдри*, *Олька*, сонымен бірге қожайындары итті *Юлька* деп те атайды, себебі ол *юла* (волчок) сияқты айналады.

Ағылшын жалқы есімдерін зерттеуші О.А. Леоновичтің пікірі бойынша, Англияда хайуанаттарға табыну қалыптасқан, онда әр екінші үйде дерлік үй жануары бар. Мұнда атау берудің өз дәстүрі қалыптасқан. Атау ерекше бір ереже бойынша берілуі мүмкін, мысалы, лондондық ит асыраушылар «Кеннел клубы» ережесі бойынша, жануарларға әйгілі адамдардың есімдері, ел, қала, белгілі мекен атаулары, шет тіл сөзі және сан есім атау ретінде берілмейді, жануарлардың аты 24 әріптен аспауы керек; ағылшын – Жокей клубы» белгілі адамдар есімдерін, сан есімдерден тұратын атауларды, жарнама-атау т.б. қолдануға тыйым салады, сонымен қатар атау 18 белгіден аспауы керек [26, 56-57]. Дегенмен іс жүзінде халықтық атау беру шығармашылығы қатаң ережелерге негізделмейді, әсіресе, жеке шаруашылықтағы жануарға атау бергенде.

Жануарларға атау тағудың семантикалық моделінде келесі уәждер қатысады:

- жануардың түсі (қаз. Бозат, Торыат, Керқұла, Құлагер, Тайбурыл, орыс. Белка, Черныш, Буланка, ағыл. White, Bluey, Smoky);
- жануарлардың сыртқы белгілері (қаз. Ұзынкүйрық, Ақмойын, Қисық, Ақшап, Ақашбан, Қарақасқа, орыс. Белорылка, Белоносик, Черноух, Хромоножка);
- жануардың жүріс, мінез, желу ерекшеліктері (қаз. Саққұлақ, Жорға, Алыпсоқ, Желаяқ, орыс. Ловкая, Быстрый, Крутшика, Размашка);
- жануардың туу мезгілі (орыс. Ночка, Вечерка, Декабрина);
- адамның жануарға қатысы (қаз. Құттыаяқ, Құттыжол Құттөбет, орыс.



Дружок, Забава, Жданко);

- дыбысқа еліктеушілік, шығарылатын дыбыс ерекшеліктері (орыс. Мурка, Урчик, Заливайка, Вопила, Рыдало);

- шығу тегімен байланысы (аң аулайтын және қызметте пайдаланатын иттердің аты негізінен неміс, венгр, фин тілдерінде: Рогнеда, Магда, Иржи, үй ішінде сәндікке ұсталатын иттердің аты ағылшын және француз тілдерінде беріледі: Дэзи, Тоби, Долли);

- адам есімі мен фамилиясын жануар атына қолдану (қаз. Ажар, Райхан, Ботагөз, орыс. Машка, Васька, Кеша, Даиш, Рома, ағыл. Oliver, Betsy, Molly);

- белгілі қоғам қайраткерлері, әдеби шығарма, миф, кинофильмдегі адамдардың есімдері мен фамилияларын қолдану (орыс. Принц Флоризель, Цезірь, Никсон, Якубович т.б.).

Жоғарыда көрсетілген топтардан басқа қазақ мал атауларының классификациясын жасаған Т.В. Линко төмендегідей топтарды көрсетеді:

- кейбір жылқы малының тұқымына, жүре келе пайда болған кемістігіне қарай: Ақсақ, Соқыр, Кекілді, Төбел;

- бәйгеге қатысып, жүлделі орын алған сәйгүліктерді Бәйгекүрең, Бәйгеторы, Бәйгежирен т.б. атап келеді;

- малдың сұлу, әдемілігін көрсететін атаулар: Сұлу, Асыл, Әдемі, Сүлікқара т.б.;

- табиғат құбылыстарына қарай аталған: Нажағай, Жаңбыр, Сарықар т.б. [30, 117-119].

Көптеген зерттеулерде зооним ретінде адам есімдерін қолданбау керектігі жөнінде айтылған: «Итке адам есімін тағу күнәһарлық» (В.И. Даль). Дегенмен бұл тәсіл қолданысқа алынып, көптеген ұлттық зоонимиконда жиі ұшырасады. Жануарларға адам есімін тағу дәстүр жақында ғана қалыптасып, сәнге айналып кеткен.

Н.В. Подольская зоонимдік сөздіктерді талдай отырып, бұл құбылыс кездеспейтін зоонимикондарда жаңа сәнге бейімделу кездеседі: 1400 ж. Рыцарь ордені берілген жылқылар тізімінен тұратын неміс зоонимиясында кісі аттарынан жасалған атау жоқ. Дегенмен ХХ ғ. 20-70-жылдардағы ит кадастрларын қарастырған зерттеулерде кісі есімдерінен қалыптасқан *Bartl*, *Hansl*, *Marl* сияқты атаулар кездескен.

Қазақтардың кісі есімдерін құрметтеу тенденциясына қарамастан атау беру барысында қазіргі тенденцияларға еліктеу, экстралингвистикалық факторлар (тілдік қатынас, мәдениаралық қатынас) ықпалы орын алған. Қазақ (кеңірек – түркі) зоонимиконда да кісі есімдерін жануарларға атау ретінде қолдану кездеседі.

Ұлттық зоонимиялық жүйеде раритетті және сол тілге тән зооним негіздері байқалады: қаз. *Шалқұйрық*, *Ақмүйіз* (сиыр), *Қарақасқа*, *Ақбоз* (жылқы), *Ақмойнақ*, *Ақтос* (иттер) т.б.; орыс. *Шарик*, *Дружок*, *Бобик* (тексіз иттер), *Рекс*, *Мухтар* (овчарқалар), *Мурка*, *Васька* (мысықтар), *Машка*, *Зорька*, *Пеструшка* (сиырлар), *Буран*, *Гиедко* (жылқылар), *Кеша* (тотықұс) т.б.; АҚШ-та жиі қолданылатын мысықтар мен иттердің аттары: *Molly*, *Coco*,

*Maggie, Max*; Англияда тектік аттар таралған: *Puss, Kitty, Tib* – мысықтар, *Jib, Tom* – еркек мысықтар, *Billy, Nanny* – ешкі, *Polly* – тотықұс т.б.

*Морфологиялық құрылымы*: Зоонимдердің морфологиялық құрылымы мен сөзжасамы ерекше емес, себебі олар тілде бар негізгі деривациялық тәсілге сүйенеді. Зоонимдер жасауда тілде бар және жануарларға атау тағуға тән тілдік құралдар қолданылады. Зерттеушілердің пікірі бойынша, зоонимдердің семантикалық және құрылымдық сөзжасамдық модельдері антропонимдер мен топонимдерден көп түрлілігімен ажыратылады.

Жануар аттары апеллятивтердің онимдену мен басқа разрядтағы онимдердің жануар атауына ауысу, яғни трансонимдену тәсілдері арқылы жасалады.

Жануар аттарының онимдік түріне лексика-семантикалық тәсіл – сөз формасының өзгеріссіз онимге көшуі жатады: қаз. *Жолбарыс* (ит), *Қарлығаш* (сиыр), *Қасқа* (жылқы), *Қорған* (өгіз), *Құттыаяқ*, *Алға*, *Анау* (ит), орыс. *Капитан*, *Гигант* (жылқы), *Муха*, *Пальма* (ит), *Быстрый*, *Непокорный* (жылқы), *Ах*, *Авось* (жылқы), *Улетай* (жылқы), *Дерзай*, *Угадай* (ит), *Горе-прочь* (жылқы), *Аромат любви* (ит) т.б.

Сөзжасамдық модельдер жай, күрделі, құрамды болып бөлінеді. Қазақ мал атауларында бұл модельдің үш түрі де кездеседі:

- жай атаулар: Арту, Аршу, Қыран, Арыстан;
- күрделі атаулар: Ешкібас, Аққұс, Ақлағым, Сарытебеген;
- құрамды атаулар: Шолақ құйрық, Қайқыбел, Көк қасқа.

Бірінші аталған екі топ жиірек кездеседі, себебі жалқы есімдердің барлығы да біртұтас (бір сөзбен) таңбалауға тырысады.

Орыс тіліндегі зоонимдерде жай түрі аффиксті және аффикссіз болып келеді.

Аффикссіз сөзжасамға онимизация нәтижесінде апеллятивтерден жасалған зоонимдер жатады (зат есім *зимушка* – иттің аты *Зимушка*, зат есім *барон* – иттің аты *Барон*, кісі аты *Петька* – тотықұстың аты *Петька т.б.*). Жұрнақты зоонимдерге феминді дериваттар жатады: *Буланный* – *Буланка*, *Гнедой*, *Гнедуха*, сонымен қатар *Косматуха*, *Добруша*, *Июлька*, *Любимка*, *Звездоня т.б.*, олар диалектілік лексикада сақталған ерекше зоонимдік жұрнақты дериватқа жатады (Русская ономастика и ономастика России, 1994. С. 82).

Түркі зоонимдеріндегі күрделі атаулар көбінесе сөз тіркестерінен жасалады (*Қарақасқа*, *Құтаяқ*, *Қаракөз т.б.*), ал орыс зоонимиясында бұл құбылыс жиі кездеспейді (*Белошейка*, *Белогрудка*, *Белогубка*).

Құрамды сөзжасамдар «сын есім + зат есім» моделінен (орыс. *Осенняя ночь*, *Черная магия*, *Весенняя капель*. *Стремительный рейд* – жылқы), «зат есім + зат есім» моделінен {*Дочка сосны*, *сын Геркулеса*, *Аромат любви*, *Принц Флоризель*) тұрады. Аталмыш модельдер жиі қолданылмайды және зоонимдік сөзжасам ерекшелігін құрайды. «Кісі есімі + әкесінің аты» моделі жиі қолданылмаса да ұшырасады (орыс. шошқа *Мария Ивановна*, торай *Борис Иванович*, мысық *Василий Тимофеевич*, ағыл. *Тристам Шенди*, *Лорд Байрон*,

*Лукреция Борджиа* – өнер, әдебиет, дін қайраткерлері есімдерімен аталған мысықтар аты).

Қорыта айтқанда, жануарларға атау тағудың маңызы зор. Себебі, адам қолына үйретілген жабайы аңдарды ажырату үшін қажет болса, баяғыдан адамға үйір болған үй жануарлары атын атап шақырғаннан эмоционалды ләззат табады.

#### 1.7.4 Космонимдер мен астронимдер

Ономастикада ғарыш денелерінің атауларын *космонимдер* мен *астронимдер* деп бөлу қалыптасқан.

*Космонимдер* дегеніміз, ғарыш кеңістігі, галактика, жұлдыздар жүйесін немесе оның бөлшектерін, жұлдыздар шоғырының атауларынан тұратын жалқы есімдердің бір түрі. *Астронимдер* дегеніміз – жеке, бір нүктедегі аспан денелерінің (планеталардың, кометалардың, астероидтардың, метеороид, метеориттердің) жалқы есімдері. Осыған сәйкес космонимдер мен астронимдерді *космонимика* мен *астронимика* зерттейді.

Ономастика тарихында ғарыш кеңістігінің жеке топтарын зерттеу әр уақытта бірізді бола бермей, олардың талдауында терминологиялық сәйкессіздік кездеседі. Мәселен, кейбір ғалымдар барлық ғарыш денелеріне қатысты *космоним* және *космонимика* терминін қолданғанды жөн көреді (Ю.А. Карпенко, В.Д. Бондалетов, Т. Жанұзақов, К.Г. Аронов), ал кейбіреулері – *астроним* және *астронимика* (М.Э. Рут). Бұл ғарыш объектілерінің терең, жан-жақты, зерттелмегендігімен түсіндіріліп, оларды жекелеп бір нүктедегі (астроним) және кеңістіктегі (космоним) объект деп бөліп талдамайды. Ю.А. Карпенконың пікірі бойынша, осындай қалыптасқан ойды түр-тектік ұғымды білдіретін терминдердің болмауынан және осыған байланысты терминдерді қарастыру керек деп түсіндірген. ХХ ғасырдың 70-80-жылдары ғарыш объектілерінің атаулары бірыңғай зерттеле бастады. Н.В. Подольскаяның сөздігінде *космоним* (космонимика) және *астроним* (астронимика), *селеноним* (айдағы кез келген объект атауы), *марсионим* (Марстағы кез келген объект атауы), *меркурионим* (Меркурийдегі кез келген объект атауы), *венусоним* (Шолпандағы (Венера) кез келген объект атауы) т.б. терминдерінің анықтамалары берілген. Дегенмен жаңа ұғымдардың қалыптасуымен байланысты терминологиялық кодификациялау, стандарттау, жаңа терминдердің жасалуы қазірдің өзінде аяғына дейін шешімін таппаған.

А.В. Суперанскаяның айтуы бойынша, жаңа ұғымдар – ономастикалық кеңістіктің шегі мен секторларға бөліну үрдісінде, ерекше үрдістерді анықтау, жалқы есімдерді талдау кезінде қалыптасады. Сондықтан кез келген жалқы есімдерді жан-жақты, әр аспект тұрғысынан зерттеу қажет. Соның ішінде жұлдыздар жүйесінің объект атаулары да арнайы ізденістердің назарында болу керек. Себебі оларды анықтау нәтижесінде ғана жаңа терминдер пайда болып қалыптасады.

*Космонимдер мен астронимдердің жалпы белгілері.* Ю.А. Карпенконың

бақылауы бойынша, аспан денелерінің атауларын зерттеу оларды көне (телескопты ойлап тапқанға дейін) және жаңа халықтық және ғылыми (кодификацияланған және астронимиялық термин ретінде болып қалыптасқан) деп бөлуге болады.

Құралсыз көзге көрінетін ғарыш объектілерінің атауы халықтық болып саналады. Адамдардың қоршаған орта болмысы арқылы уақыт пен кеңістікті анықтау кезінде, яғни көне заманда халықтық атаулар қалыптасқан. Аспан денелері осы тұрғыдан қолданылып, көне адамның көзқарасына сай атауға ие болған. В.А. Никоновтың айтуы бойынша, «аңмен айналысатын ру жұлдыз шоғырына *Мерген*, мал өсірушілер аспанға жылқы табынын қаптатып жіберген. Аспанға шана, астау, ескі аяқ киім де ауысқан», яғни атаулар өмір сүру салтына сай тағылған. Аспан денелерінің халықтық атаулары, ең алдымен, адамның әлемге деген көзқарасымен астасып жатыр. Көбіне атаулар метафора тәсілі арқылы, адамға түсінікті жердегі объектілерге ұқсастықтары бойынша берілген, себебі әр атау тағылған объектке тән емес, «адамның қоғамдастығымен аталатын объектті емес атау берушілерді анықтау үшін қолданылған» [31]. Мысалы, қазақта – қазақ халқының тұрмысымен байланысты (*қарақшы, керуен, қатын, қазық*), солтүстік халықтарда олардың өмір салтына тән, этимологиясы жағынан *бұғы, елік, шаңғы ізі* сөздерімен байланысты атаулар, ал орыстың халықтық космонимдерінде орыс халқының тұрмысымен (*арба (телега), әйел (баба), поп, елеуиш*) байланысты лексемалар қолданылған т.б.

*Қазақ космонимдерінде де халықтық атаулар бар:* Іңір жұлдыз (Венера), Сары жұлдыз (Юпитер), Үш- арқар (Пояс Ориона), Жетіқарақшы (Большая медведица), Темірқазық (Полярная звезда).

Қазақ халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғатын ашып зерттеген Қ. Аронов былай деп жазған: «Қазақ халқының ұғымында Ай мен Күннен басқа аспан шырақтары жұлдыздар болып есептеледі. Сондықтан *жұлдыз* сөзі аспан шырақтарының жалпы атауы ретінде қолданылып, оларды бір-бірімен түр-түсіне, сан мөлшеріне, туу мерзіміне т.б. қасиеттеріне байланысты ажыратып, соған орай ат берген» [32, 7].

Еуропа, славян ғарыш атауларын талдау арқылы олардың көне (античный) мифологиядан алынғаны анықталған: көне (античный) батырлардың, құдайлардың және олардың жанындағылардың есімдері анық көрінетін ғарыш объектілерінің (*Юпитер, Венера, Марс, Плутон, Пегас* т.б.) атауы ретінде қолданылған. Ана тілінде жасалған халықтық атаулар да баршылық: орыс. *Млечный путь, Большая медведица*.

Әр халықта қолданылған бір жұлдыздың әртүрлі атауларын салыстырған қызықты. Мысалы, М.Горбаневский Торпақ жұлдыз шоғырындағы шашырап жатқан жұлдыздар жиынтығын: орыс. *Бабы, Кучки, Попова семья, Утиное гнездо, Волосянка, Волосожары, Решетка, Решето, Стожары* («төбе, үйінді» немесе «маяның ортасына қадалған істік»), *Улей, Кичига* («шынжыр орнына қолданылған талқандауыш»), мари, башқұрттар, чуваштарда – *Звездное сито*, мордваларда – *Пчелиный рой, Семь воробьев* деген атауларды келтіреді. Бұл

космонимнің ғылыми атауы да – *Плеяды –бар*. Қазақтарда – *Жетіқарақшы*; *Большая медведица*, *Повозка*, *Семерка* – көне римлиндіктерде, орыстарда – *Повозка*, *Ковш* немесе *Большой ковш*, *Телега*, *Коромысло*, *Колымага* атпен белгілі құралсыз көзге анық көрінетін жеті жарық жұлдыз атауын мысалға келтіруге болады.

Жарық таң жұлдызы *Венера*, Ю.А. Карпенконың зерттеуі бойынша, көне гректерде екі атауға ие болған: *Фосфор* «жарық беруші» және *Эосфор* «таң әкелуші» таң жұлдызы үшін және *Геспер* «кеш» кешкі жұлдыз үшін, кейінірек көне римлиндер оны *Венера* деп атаған, осы атпен бұл жұлдыз ғылыми терминологияға қабылданған.

Әр халық *Венеры* өзінше атаған: қазақтар – *Шолпан*, *Таң Шолпан*, *жарық жұлдыз*, *Шотыр жұлдыз*, *Нарық жұлдыз*, *Керуен жұлдыз*, *Тұлқатын*; уақыт сөткесіне қарай орыстар оны *Утренняя звезда*, *Утренняя звезда*, *Утренняя заря*, *Зарянка*, *Заряница*, *Денница*, *Вечерняя звезда*, *Вечерняя заря*, *Вечерняя зарница*, *Вечерница* және *Волчья звезда* деп атаған, себебі ол күн қайтқаннан кейін жарқырайды; эстондықтар – *Койдутяхт* («таңғы жұлдыз»), сербтер – *Зорняча*, словендер – *Пораница*, немістер – *Абендиутерн* («кешкі жұлдыз») т.б. Бұл атаулар ұлттық атаудың әмбебаптығын және ерекшелігін көрсетеді. Жиналған материалдарды талдау екі-үш жұлдыздарға қатысты дублет, бір ғарыш объектіге қатысты вариант атаулардың бар екендігін білдіреді. Бұл фактілер – тілдің әлеуметтік және аймақтық жекелеудің, халықтар арасындағы тілдік қатынастың көрінісі.

Ғылыми атаулар құралсыз көзге көрінетін, сол сияқты арнайы астрономиялық құралдар арқылы көрінетін объектілерге тағылған. 1922 жылдан бастап Халықаралық астрономиялық кеңесі жаңа ғылыми атауларды бекітіп, оларға түзетулер жасайды. Көптеген ғылыми космонимдер мен астронимдер жасанды жолмен пайда болған, денотаттың қасиеттері және ерекшеліктерімен байланысты емес.

Космонимдер мен астронимдердің семантикалық модельдері.

Халықтың ғарыш кеңістігіндегі объектілердің атаулары табиғи түрде қоршаған ортаны адамзаттың қабылдауына қарай сол халықтың тілдік семантикалық және грамматикалық құралдары арқылы қалыптасқан. Ал ғылыми атауларды ерекше тәсілдер арқылы жасалған.

Ғарыш объектілерінің кеңес дәуірінде ғылыми атауларын орыс құрылымдық-семантикалық модель негізінде қалыптасқан келесі атаулар құрайды (В.А. Никонов, Ю.А. Карпенко, М.В. Горбаневский бойынша):

- құдай, ежелгі (античный) кейіпкерлер есімі, яғни ежелгі (античный) мифологияға негізделген дәстүр сақталады (*Астрея*, *Юнона*, *Амур*, *Дедал*);
- әйел есімдері (*Надежда* Н.К. *Крупская*ға арнап, *Мариэтта* М.С. *Шагинян*ға арнап, *Вера*, *Инна*, *Люда* т.б.);
- астрономдардың фамилиялары:
- ер кісі фамилияларының -а, -я, -ия, -иана аффикстері арқылы әйел кісі фамилияларына ауысуы (*Бредихина*, *Галилея*, *Вольфиана*);
- ер кісі фамилияларының өзгермеген түрі (*Ульянов*, *Көперник*, *Жуков*,

Орлов);

- әйел кісі фамилияларының -ия аффикстері арқылы берілуі (Кеннония, Яхонтовия);
- әйел кісі фамилияларының ауыспаған түрі (Боева, Жилова);
- белгілі адамдар фамилиясының -ия аффиксі арқылы ауысуы (Амундсеня, Павловия, Моцартия);
- топонимдер (Еуропа, Ганг, Белоруссия, Қазақстания, Россия);
- әртүрлі абстракты және нақты жалпы есімдер (Хамелеон, Павлин, Единорог, Резец, Часы).

*Морфологиялық және сөзжасамдық құрылымы.* Космонимдер мен астронимдер құрылымдық құрамы бойынша негізінен бір немесе екі компонентті құрылым болып келеді.

Т. Жанұзақовтың қарастыруында, қазақ халықтық космонимдері құрылым бойынша монолексемалы (*Үркер. Ат*), билексемалы (*Тұлқатын, Темірқазық*), екі компоненті анықтауышты (*Тұлқатын, Қамбар жұлдызы, Құс жолы*) болып келеді.

Космонимдер мен астронимдерді ономастика мен тіл білімі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тарих, этнография тұрғысынан зерттеу қажет, өйткені зерттеушілердің пікірі бойынша, олар мәдениет, тарих, этнография, тіл бойынша баға жетпес қазына және әр халықтың генетикалық туыстығы немесе көне дәуірлердегі қатынасын көрсетеді.

### **1.7. Жалқы есімдердің перифериялық разрядтары жөнінде жалпы дерек**

Жеке аймақ және ұлттық ономастика бойынша ономастикалық кеңістіктегі жалқы есімдердің разрядтары толығымен зерттелмеген, ал кейбір разрядтар мүлдем қамтылмаған [қара.: 2.6]. Ономастиканың перифериялық шегіне қатысты *эргоним, поэтоним, фитоним, хремадоним* сияқты жалқы есімдерді зерттеу бойынша да жоғарыдағыны айтуға болады. Сондықтан да ғылымда оларға сай талдау табу әр кез мүмкін емес, себебі антропоним, топонимдерден басқа жалқы есімдердің барлығы бірдей ономастика материалдары қорына енген жоқ. Олар бойынша жазба дерек болмағандықтан, перифериялық жалқы есімдердің көбін жинақтау мүмкін емес (тек экспедицияда, жолда т.б. қолайсыз жағдайларында жазып алу). Сонымен қатар олардың ономастикалық жүйеде алатын орны нақты болмай, ұзақ уақыт бойы мамандар бұл разрядтарды ескермей келді.

Осы разрядтарды қарастыра келе, Ресей ғалымы И.В. Крюкова олардың арнайы зерттеу нысаны болмаған себептерінің негізгі белгілерін атайды [33]:

- жалқы есім ерекшеліктерінің айқын көрінбеуі;
- жалқы есімдерге тән емес ерекшеліктерінің болуы;
- ішкі формасының сақталуы;
- нақты классификация жасауда маңызды бірыңғай топтардың болмауы;
- сән, экономика және саяси өмірдің ықпалымен тұрақсыз болуы;

- аббревиатура және әріп пен сандардан тұратын компонентті құрылымдардан тұруы.

Дегенмен жалқы есімдердің осы түрлерін семантикалық және құрылымды-сөзжасамдық талдау перифериялық шектегі жалқы есімдердің атау беру заңдылықтары мен принциптерін анықтауға мүмкіндік береді. Перифериялық шекте тұрған барлық түрін шартты түрде екі ірі разрядқа бөлуге болады: *идеонимдер* және *прагматонимдер*. Адамның белгілі бір тарихи кезеңдегі құнды бағыттары, қазіргі атау беру шығармашылығы туралы дерек беретін арнайы зерттеуді қажет ететін идеонимдер мен прагматонимдердің шеңбері жаңа атаулармен кеңейеде.

### 1.7.5.1 Идеонимдер

*Идеоним* (гр. *idea* «идея» + *оним*) термині адам қызметінің ойлау, идеологиялық және көркемдеу аясында денотаттары бар жалқы есімдердің әртүрлі категорияларының жиынтығын білдіреді [15, 61]. Оларға *артионимдер* (*артонимдер*) – бейнелеу өнері шығармаларының атаулары, *библионимдер* – кез келген жазба шығармалар атаулары (көркем, саяси, ғылыми, діни), *гемеронимдер* – мерзімді басылымдар мен орындарының атаулары, *документонимдер* – маңызды құжаттар атаулары, *поэтонимдер* – көркем шығармадағы жалқы есімдер, *хрононимдер* – тарихи маңызды кезең (дәуір) үзiгi, *теонимдер* – құдай (божеств) атаулары т.б. Сонымен бірге денотат түрі мен ерекшелігіне қарай олар жеке-жеке түрлерге бөлінеді.

*Идеоним* термині соңғы кезде кеңірек түсіндіріле бастады, себебі біз А.В. Суперанская және т.б. мынандай анықтамасын кездестіреміз: «Идеонимдер, яғни рухани мәдениет шығарма атаулары (ән, би, ертегі) өздері қалыптасқан микрожүйеден тыс белгілі бола бастады» [16, 63]. Атау тағылған объектінің негізгі белгілеріне қарай идеонимиялық жүйеде гиперо-гипонимдік қатынас байқалады, олардың атаулары аталмыш жүйені құрайды. Ең алдымен адамның ойлау қабілеті мен оларға атау беру уәжінің ерекшелігіне қарай әр объектінің қайталанбайтындығын атап өту керек.

Мәселен, О.А. Остапчуктің зерттеуінде «артионим уәжінің негізін сол өнер шығармасындағы бейне- эстетикалық ақпарат элементтері құрайды (тура уәж)» деген пікір берілген. Е.В. Кныш «артионим модельденген оқиға бейнесінің жиынтығын құрайды, «мәтін аббревиатурасы» дегенді келтіреді. Артионим көмегімен суретші өзінің шығармасы мазмұнын түсіндіру үшін белгілі бір ақпарат береді. Өнер шығармаларын атау үшін қолданылатын тілдің лексикалық құралы қызығушылық тудырады.

Артионимнің ішкі формасында (мысалдар көркем сурет және музыка шығармалары материалдары бойынша келтірілген) келесі классификациялық белгілер бекітілген:

- шығармалардың формалды ерекшеліктері («Автопортрет», «Қыздар портреті» А. Ғалымбаеванікі, «Автопортрет» К.П. Брюлловтікі, «Портрет», «Прелюдия» А. Скрябиндікі);

- заттық образды немесе кейіпкерді суреттеу («Күлтегін» Д. Қасымовтікі, «Бүркітші» Б. Әбішевтікі, «Московская девушка XVII века» А.П. Рябушкиндікі, «Сикстинская Мадонна» Рафаэльдікі, «Герцог Оливарес» Веласкестікі);

- табиғатты бейнелеу («Осенняя аллея» М. Темірғалиевтікі, «Қар үстіндегі алмалар» М. Қаспактікі, «Грачи прилетели» А.К. Саврасовтікі, «Цветет сирень» М.К. Копытцевтікі);

- оқиғанның орны мен уақытын көрсету («Күз» У. Әжиевтікі, «Мартовское солнце» К.Ф. Юондікі, «Ночное кафе» Ван Гогтікі, «Летний день», «Красная площадь во второй половине XVII века» А.М. Васнецовтікі);

- істі белгілеу («Асауға тұсау» О. Жұбаниязовтікі, «Қысқы аңшылық» К. Каметовтікі, «Көкпар» К. Телжановтікі, «Әңгіме» Д. Әлиевтікі, «Встреча Атиллы и святого Леона» Рафаэльдікі, «Охотники на привале» В.Г. Перовтікі);

- нақты тақырыпты белгілеу («Жандану» А. Ысқақовтікі, «Запорожцы пишут письмо турецкому султану» И. Репиндікі);

- негізгі идеяны белгілеу («Жұмақ» К. Әжібекұлынікі, «Бақытты балалық шақ» Б. Әбішевтікі, «Бақыт» С. Айтбаевтікі, «Неравный брак» В. Пукиревтікі, «История глубины» К. Юлдашевтікі);

- шығарманың басты орындаушылары мен кейіпкерлері («Қозы Көрпеш – Баян сулу» Б. Ерзаковичтікі, «Ақан сері – Ақтоқты» Ғ. Мүсіреповтің спектаклі);

- ассоциативті уәждер («Леди Макбет Мценского уезда» Д.Д. Шостаковичтің операсы) т.б.

Артионимдер шығарманың мазмұнын көрсету атқаратын негізгі қызметі бойынша жалқы есімдердің басқа да маңызды түрі – *библионимдерге* жақын.

*Библионимдер* барлық дерлік мәтіндік категориялардың өзектілігін көрсетуші болып табылады. Л.С. Выготскийдің ойы бойынша, «әңгімеге атау бостан босқа берілмейді, ол басты тақырыпты ашу үшін қажет». Библионимдердің қызметі мәтінге байланысты, дегенмен, зерттеушілердің пікірі бойынша, олар «тұтас бір шығарманың қысқарған түрі ретінде» мәтіннің өзі болып табылады.

Сонымен шығарма атаулары төмендегілердің өзектілігін көрсетеді:

- ақпараттық (шығарманың тақырыбын, негізгі идеясын ашып, белгілі бір ақпарат береді): «Біргемін мен сендермен» Т. Айбергеновтікі, «Орындалған арман» С. Көбеевтікі, «Оянған өлке» Ғ. Мүсіреповтікі, «Көшпенділер» И. Есенберлиндікі, «Русский характер» А.Н. Толстойдікі, «Смерть Ивана Ильича», «Война и мир» Л.Н. Толстойдікі;

- модальді (эмоционалды баға беру сөздердің қатысуы): қазақ атаулары «Дурбелең» Ж. Ахмадиевтікі, «Шырғалаң» Ж. Ахмадидікі, «Дариға жүрек» М. Мақатаевтікі, «Қанаттарым менің» М. Мақатаевтікі, «Дикий помещик» М.Е. Салтыков-Щедриндікі, «Мертвые души» Н.В. Гогольдікі;

- аяқталған (аяқталған мәтінді басқасынан, яғни бір бөлім немесе



параграфты басқасынан бөлу арқылы делимитативті, шектеуші қызметін атқарады);

- мәтіннің бөлінуі (мәтіннің композициялы-архитектоникалық бөлінуінде болатын);

- байланыстылығы (бөлімнің атауы қызметін атқаратын, тұтас мәтіннің өн бойында қайталанып отыратын болса, байланыстырушы компонент рөлін орындайды);

- проспекция (болжам жасаушы, бағыт ұстанушы, жарнамалық, қатынас жасаушы қызметтері тікелей оқырмандарға бағытталған);

- жүйелілігі (композициялы құрал ретінде мәтін жүйесін құрайды);

- мәтінде қарастырылған оқиғаның локалды-темпоралды қатыстылығы (оқиғаның орны мен уақытына меңзейді): «Ымырт» Ә. Нұрпейісовтікі, «Көкшетау» С. Сейфуллиндікі, «Курляндия» Ә. Нұрпейісовтікі, «Қарағанды», «Дауылдан кейін» Ғ. Мұстафиндікі, «Невский проспект» Н.В. Гогольдікі, «20 лет спустя» А. Дюманікі;

- антропоцентристік (антропоним – кісі есімнің өзектелуі немесе кітап бөлімі атауы құрамында болуы): «Берен» Б. Майлиндікі, «Ботагөз» С. Мұқановтікі, «*Ақан сері*» Е. Жүнісовтікі, «*Мечтатель*» А.Н. Толстойдікі, «*Приключения Незнайки и его друзей*» Н. Носовтікі.

Барлық жоғарыда аталған категориялар мәтін құраудың жалпы принциптеріне тура тәуелді.

Белгілі бір құжатты атайтын *документонимдер* (әр түрлі – халықаралық, дипломатиялық, саяси, қоғамдық дәрежесі бар келісімшарт, келіссөз, заң, үндеу, декларация т.б.) қызметі жағынан библионимдерге жақын: *Қазақстан Республикасының Конституциясы, Тіл туралы заң, Азамат құқығының жалпы декларациясы, Шығармашылық құқық бойынша халықаралық конвенция*. Дегенмен қолданысы жағынан документонимдердің библионимдерден айырмашылығы бар, мысалы, модальдіктің жоқтығы.

Документонимдердің ішінде белгілі бір халық үшін бір тарихи кезеңде маңызды болған құжат атаулары да бар: *Бейбітшілік туралы декрет, Жер туралы декрет, Потсдам келіссөзі, Еуропа әлеуметтік хартиясы*.

Көркем шығармадағы жалқы есімдер – *поэтонимдер* – зерттеушілер үшін ерекше маңызды және олардың қызығушылығын тудырады. Ресей ономастикасында поэтонимдерді терең, жүйелі түрде зерттеген ғалымдар В.А. Никонов, О.А. Карпенко, О.И. Фоякова, Э.Б. Магазанник т.б. Қазақ ономастикасында поэтонимдер бойынша жеке мәселелер қарастырған Т. Жанұзақов, Е. Жұбанов, К. Жаппар.

Поэтикалық (әдеби) ономастиканың нысаны – мәтін лингвистикасымен, стилистикамен, лексикалық семантикамен, мәтін семиотикасымен, мәтін герменевтикасымен тығыз байланыста болатын жалқы есімдердің көркем шығарма контексте қолданылу ерекшеліктері. Поэтикалық ономастика жалқы есімдерді мәтінде қажеттілігі мен қолданыс тұрғысынан қарастырады, болмыстағы (тіл мен сөйленісте қолданылатын) және қиялда (автордың қиялы бойынша) қалыптасқан жалқы есімдердің арақатынасын анықтайды,

поэтонимдердің түрлері мен разрядтарын, нақты жазушының белгілі бір жанрдағы көркем шығармада жалқы есімдерді қолдану ерекшелігін айқындайды. Поэтонимдер түрлерінің жиынтығын әдеби шығарманың өзіндік бір ономастикалық кеңістігі ретінде қарастыруға болады. В.А. Никоновтың пікірінше, поэтонимдерді зерттеуді (әдеби антропонимдер көбірек зерттелген) нақты жүйемен байланыстыра жүргізген жөн:

- антропонимдік жүйенің шығармада көрсетілген кезеңмен, дәуірмен;
- автордың өмір сүру кезеңіне тән антропонимдік жүйемен;
- шығарманың стилімен;
- кейіпкер есімдерін қолданудың әдеби дәстүрімен.

Бұл критерийді көркем мәтіндегі жалқы есімдердің басқа түрлерін (топоним, зооним, космонимдерді т.б.) зерттегенде ескеру керек. Зерттеуші автор қолданып отырған жалқы есімдерді шығарма болмысына тән ономастикалық жағдаймен (сонымен қатар локалды, тсмпоралды, әлеуметтік, тарихи, хронологиялық т.б. ерекшеліктері ескерілуі тиіс) салғастырылуы керек.

Сонымен қатар кез келген шығарманың ономастикалық кеңістігін талдағанда жасалған тілдегі тілдік жағдайды да, нормалары мен нақты қолданыс ережелерін, болмыстағы жалқы есімдердің ерекшеліктерін ескеру керек т.б.

Зерттеушілер поэтонимдердің келесі белгілерін бөліп отыр:

- поэтонимдер әрқашанда екіншілік атау болып табылады, себебі жазушы оларды қалыптастыру үшін тілде бар тілдік құралдарды (модельдер, тәсілдер, нормалар) қолданады;
  - поэтонимдер – автордың ойы, жанр, тақырып, шығарма стилі бойынша жасалған нақты бір жазушының жемісі;
  - поэтонимдер шығарма кейіпкерінің мінезін ашушы элемент ретінде қолданылуы мүмкін. М.В. Карпенконың пікірі бойынша, көркем шығармада мінезін ашу жай атау беруден маңыздырақ;
  - поэтонимдер көркем мәтін деңгейінде номинативті және жекелеуші қызметінен басқа, эстетикалық (бейнелеуіштік) қызметімен бірге стилистикалық қызмет те атқарады;
  - поэтонимдер – көркем шығармаға қатысты, ал болмыстағы жалқы есімдер тілге – сөйленіске қатысты;
  - мәтінмен тұтастанып кеткен және шығарманың ономастикалық құрам бірлігі болып табылатын шығарма атауы және оның бөлімдерінің атаулары – библионимдер деп аталады;
  - көркем шығарма құрылымының тік осі бойынша поэтонимдер мәтіннің нақты бір ономастикалық парадигмасын, тірек поэтонимдерден тұратын өзегі және эпизодикалық поэтонимдерден тұратын перифериясы бөлінетін ономастикалық кеңістіктің шегін құрайды;
  - көлденең осі бойынша поэтонимдер мәтінге басқа лексикалық құралдармен бірге кірігеді және оның сингагматикасын құрайды.
- О.И. Фоякованың айтуынша, «олар мәтіннің басқа да сөйленіс

композицияларымен бірлесе басты кейіпкерлердің есімі ретінде кең контексте немесе автордың тіл сөзі шеңберінде стильді ашушы құрал ретінде қолданылады (1990) (салыстыр. Абай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Баяғы жартас... сол жартас», Фамусовтың сөзінен қанатты сөзге айналған айтылым: «Әй, құдай-ай! Княгиня Марья Алексеевна не айтар екен» («Ах, боже мой! Что станет говорить княгиня Марья Алексеевна») немесе Пушкиннің «Біз бәріміз Наполеон болғымыз келеді» («Мы все глядим в Наполеоны»);

• поэтонимдер әртүрлі авторлардың шығармаларының немесе бір автордың бірнеше шығармаларының идеялық мазмұнын байланыстырушы рөл атқарады, яғни жалқы есімдер идеялық, тақырыптық байланысын ашуға көмектеседі («Құсни Қорлан» Естайдікі, «Құсни Қорлан» М. Әлімбаевтікі және «Ақан серінің Құлагері» мен І. Жансүгіровтің «Құлагері», Ф.М. Достоевскийдің «Лизасы» және А.С. Пушкиннің «Лизасы») т.б.

Поэтонимдердің қызмет ерекшеліктерін зерттеу В.И. Супрунға (2000) олар әр көлемде үш қызмет атқарады деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді, яғни:

1. маңызды мәтін қызметін – басты кейіпкерді атау;
2. ономастикалық ая жасайды;
3. қосымша таным белгісі ретінде қолданылады.

Поэтикалық ономастика шығарманың жанр, стиль ерекшелігіне қарай үлкендерге арналған көркем шығарма, балаларға арналған, фантастикалық, тарихи, әзіл- ысқақ, поэтикалық мәтіндердің, фольклор жанры (ертегі, мақал-мәтелдер), аударма мәтіндердегі т.б. поэтонимдерінің ерекшелігін анықтайды.

*Гемеронимдер* – басылым орындарының, ақпарат компанияларының, агентстволардың, бұқаралық ақпарат құралдарының (теле-, радиоарналар, газет, журнал, аппарат бюллетеньдері) атаулары жеке класты құрайды. Жалқы есімдердің бұл түрі ақпарат өнімдері және ақпарат үндеулері жасалатын орынның атауын білдіреді, ақпарат өнімін жасайтын адамдар тобын және сол өнімнің атауы, мысалы, газет, журнал. «Аталушы объектілердің кешенді болуы, атаудың танымалдығы» (А.В. Суперанская), белгі болуы, белгілі бір объектке тағылуы және жалқы есімнің атқаратын қызметі (айырылым, яғни дифференциация және жекешелендіру, яғни индивидуализация т.б.) олардың жалқы есім дәрежесін алуына себеп болған. Мазмұнына қарай олар анықтаушы, ақпараттық, эмоционалды-экспрессивтік немесе бейнелеуіштік қызметін атқарады (қаз. *Егемен Қазақстан, Зерде, Қазақстан-Заман, Ана тілі, Беу, қыздар-ай!, Қазақ әдебиеті, СолДАТ, Қазақстан мектебі*, орыс. *Казахстанская правда, Крыша, Меганполис, За рулем, Аргументы и факты, Комсомольская правда, Литературная газета* т.б.).

Бұл класқа жататын атаулар статистикалық емес, олар әлеуметтік ықпалдарға сай, ақпарат кеңістігінің кеңеюіне қарай, жаңа ақпараттық компаниялардың қалыптасуларына қарай, ақпарат таратудың деңгейі мен мазмұнының өзгеруіне қарай т.б. ауысып отырады. Мәселен, қазіргі кезде бәсекелес телеарналар атаулары көбейді (Қазақстанда келесі телеарналар

қызмет атқарады: *Таң, Рахат, Хабар, Қазақстан, Shahar, OPT, КТК, НТВ, ЮС, 31 канал, Елариа т.б.*)

Гемероним мағынасы бір мақсатпен, бағытпен, жарнама үшін, объект ерекшеліктерін ескеретін, авторды жекелейтін жасанды атау беру осы класқа тән екендігін айтуға мүмкіндік береді. Осы атауды иемдеген объекті жекелеуші заңды және қорғану құқы сияқты факторлар да маңызды: бір арнада екі атаудың болуы мүмкін емес және аталған объектілер өз өнімі үшін заңды түрде жауапты. Сонымен қатар ойнақылау аспектінің де ерекше мәні бар. Сөздің ішкі формасын ойнату көпмағыналы апеллятивтің семантикасын анықтайды (қаз. *ұят болмасын, Қалаймақан, Қызық радиосы, 77 күн*, орыс. *Окно в Европу, Коробка передач* телебағдарламалары), окказионализмдерді жасайды (*Сегоднячко, Смехопанорама* телебағдарламалары), ономастикалық контаминация жасайды (*Синемания* телебағдарламасы, *Компьютерра* журналы).

Гемеронимдер құрылымы жағынан көбінесе бір немесе екі сөзді модель болып келеді, кей кезде әртүрлі аббревиатуралық атаулар қолданылады.

Идеонимдердің аз зерттелген түрлеріне *хрононимдер, геортонимдер, теонимдер* жатады. *Хрононимдер* – қоғам үшін тарихи маңызды кезең, мезгіл, дәуірдің атаулары. Хрононимдерге жалпы талдау жасаған А.В. Суперанская уақыт кесінділерін атаудың келесі уәждерін бөліп көрсетеді:

- жылына бір-ақ рет болатын және басқа күндерден қандай да бір ерекшелігі бар аптаның нақты бір күні (сәрсенбінің сәтті күні);
- бір адамның қызметіне байланысты уақыттың нақты бір кезеңі (Кеңесары көтерілісі, Амангелді көтерілісі, Петр дәуірі, Гомер дәуірі т.б.);
- белгіленген оқиғаның өткен жерімен байланысты уақыттың белгілі бір кезеңі (Вена конгресі, Ялта конференциясы, Хельсинки конференциясы)\
- кезеңнің шартты бейнелеу атаулары (Орта ғасыр, Алтын ғасыр, Жаңғыру дәуірі)\
- халық өмірінде орын алған оқиға (Ақтабан шұбырынды, 16 желтоқсан, Қанды жексенбі, Варфоломей түні)\
- жер беті жеке қабаттарының хронологиялық атрибуциясы (*Девон, Карбон*).

*Геортоним* – кез келген мейрам, есте қаларлық күн, той, фестиваль атауы. А.В. Суперанскаяның (1973), Н.В. Подольскаяның (1988) айтулары бойынша, мейрам үшін бір немесе бірнеше күн беріледі. Дегенмен әр мереке мезгілі бойынша анықталады, сондықтан әр кез қайталанушы мейрамдар, оқиғалар мезгілдік коннотацияға ие және сол құбылыстардың уақытқа сәйкестігіне қарай мезгілді білдіреді (*Наурыз – мейрам, ай атауы, наурыз мейрамы кезіндегі, табиғаттың жаңаруы, күн мен түннің теңелуі, наурыз мейрамындағы демалыс күндері; Айт күндері – діни мейрам, айт мейрамындағы мезгіл, Рождество – мейрам да, Рождество кезіндегі мезгіл де, рождестволық демалыстар да, Юрий күні – мейрам және жұмыс күшін жалдаудың көне келісімшарт мезгілі*).

Хрононимдерден геортонимдердің басты айырмашылығы – олар атайтын

денотат дәстүрлі рәсім, салтанатпен өткізілетін белгілі бір салтанатты оқиғаны білдіреді. Мейрамдар келесі топтарға бөлінеді:

- белгілі бір оқиғаға арналған (Жеңіс күні, Қазақстан Республикасының Конституция күні, Наурыз, Жаңа жыл);
- белгілі бір діннің мейрам күндері (мұсылман дәстүрінде – Айт, Құрбан айт, Наурыз, Қыдыр түні; христиан дәстүрінде – Пасха, Петр күні);
- мамандық мейрамдары (Металлургтер күні, Мұғалімдер күні, Дәрігерлер күні, Ұшқыштар күні);
- спорт-сауықтыру мейрамдары (Жүгірушілер күні, Спартакиада, Денсаулық күні);
- фестивальдар, сайыстар (Варшава күні, Азия дауысы, Әнші балапан, Super Star KZ, XX ғасырдың көшбасшысы);
- символдық мейрамдар (Күлкі күні, Ақ түндер, Балаларды халықаралық қорғау күні) т.б.

Әртүрлі музыкалық топ, поп-топ, рок-ансамбль, би топтары т.б. ерекше топшаны құрайды, яғни олар шартты түрде идеонимдерге жататын музыкалды ұжым атаулары, себебі әншілер топтары орындайтын шығарма бағыты немесе орындау негізіндегі белгілі бір идеяны білдіреді. Егер қазірге дейін атауларда аббревиатураларды қолданумен тура немесе символды айқындау дәстүрі орын алған (Қазақстанда – *Досмұқасан, Арай, Арқас, Гүлдер*, Ресейде – *Голубые гитары, Самоцветы, Веселые ребята*, Украинада – *Песняры, Вирасы*) болса, қазір кей кезде қоғам пікіріне, әдетіне қарсы келетін, шетел тілді элементтері бар атаулармен ерекшелінеді (Қазақстанда – *Бублики, АБК, Сердцеядки, К 7, ALL Давай, Le-Loo, Дауыс International, Достар International, New boys*, Ресейде – *Ногу свело, Отпетые мошенники, Руки вверх, Чай вдвоем*, Премьер-министр, Чайф, Иванушки International, Smash т.б.).

Сонымен қатар ономастикалық жүйеге тән дәстүр басымдылығы сақталады. Атауға ұлттық компоненті бар сөздер кіреді (Қазақстанда – *Ұлытау, МұзАрт, Отырар сазы, Жетіген, Орда, Дервиши*). Артионимдерді зерттеу арқылы XX ғасырдың аяғы, XXI ғасырдың басына тән экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен қазіргі жастар менталитеттерінің қызықты өзгеру фактілерін бақылауға болады.

### 1.7.5.2 Прагматонимдер

Адамның практикалық қызмет аясына қатысты денотаты бар жалқы есімдердің әртүрлерін шартты түрде *прагматоним* термині біріктіреді, ол *эргониммен, СТБ* (сөздік тауар бірліктері), *хремадонимдер, порейонимдер, фалеронимдермен* тектік қатынаста болады.

Прагматонимдердің ономастикада аз зерттелгеніне қарамастан, олардың семантикалық және сөзжасамдық құрылымында белгілі бір классификациялық белгілерін және атау беру уәждерін бөліп шығаруға болады. Жалқы есімдердің объектілермен байланысына қарай таптастырған А. Бахтың классификациясына аса көңіл бөле отырып, А.В. Суперанская «Общая

теория имени собственного» (1973) атты кітабында жалқы есімдердің әр классификациясына теориялық негіздеме береді. Оның классификациясы бойынша, прагматонимдер жансыз заттарды атайтын топқа жатады, бұл материалды және қиял әлемінің жанды және жансыз объектілерін әмбебап бөлу жағынан дұрыс болып есептеледі.

Прагматонимдерді арнайы зерттеушілердің болмау себебінен олардың барлық түрлері түбегейлі зерттелмеген, сондықтан да прагматонимдер классификациясы анық емес, зерттеушілердің пікірі бойынша, перифериялық шектегі жалқы есімдерді хронологиялық және тарихи кезеңдерде әр негіз бойынша типологиялық зерттеу – ономастиканың басты міндеттерінің бірі. Ономастикада прагматонимдерді құрылымы мен семантикасы бойынша атау беру принциптері мен дифференциялауды анықтауға алғашқы қадамдар жасалған. Мәселен, И.В. Крюкова (1997) ономастика кеңістігінің перифериялық шегіндегі келесі атау беру принциптерін бөледі:

- анықтаушылық (идентификациялаушы) (мекеме орындарының қызмет ерекшелігі, тауарлардың негізгі ерекшеліктері, бұқаралық ақпарат құралдарының тақырыптары, мекеменің орналасқан жері, тауар өндіру, газет пен журналдардың шығарылуы, нақты адамға – негізін қалаушыға, иесіне немесе авторға сілтеу);

- шартты-символдық (объект белгілерін шартты түрде көрсету);

- символдық (аталмыш объектпен тікелей байланыстың болмауы).

Ресей эргонимдерін зерттеуші Т.П. Романова XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басындағы Самара қаласының сауда орындары материалдары бойынша үш компоненттен: термин (Т), иесінің есімі (ИЕ) және шартты-символдық есімнен (ШСЕ) тұратын құрылымдық типін анықтаған. Формула түрінде модельдерді Т+ИЕ+ШСЕ деп беруге болады, Мұнда ШСЕ қолданылу жиілігіне қарай соңында беріледі:

Магазин «Хозяйство и охота» А.Ю. Христензен

Т ШСЕ ИЕ

С. Иманбердиева 1985-2001 жылдардағы менсонимдердің төмендегідей құрылымда болатынын көрсеткен:

бар «Охотничий лагерь сэра Игоря» бары

Т ШСЕ ИЕ

Дегенмен мұндай құрылымдар қазақ тіліндегі менсонимдерге тән емес. Қазақ тіліндегі менсонимдер құрылымына негізіне екі компоненттік тән, яғни ШСЕ+Т және ИЕ+Т, мысалы:

«Ақ аю» кафесі

ШСЕ Т

«Сәрсенова» дүкені

ИЕ Т

Бүгінгі эргонимдерді тарихи атаулармен салғастыру арқылы қазіргі эргонимдер құрылымында XIX ғ. мен XX ғ. басындағы эргонимдер құрылымында кездесетін компоненттер ұшырасады деген пікірге келдік. Мағына компоненттерінің арасында Т және ШСЕ компоненттері негізін

құрайды, ал *ИЕ* компоненті тек өзіндік символ ретінде қолданылады деп өзара бөлінуі олардың ерекшелігі болып табылады.

Қазақстан ономастикасында алғаш рет С.Қ. Иманбердиеваның Алматы қаласы 1867-2001 жылдар аралығындағы сауда орындарының (менсонимдер) атауына зерттеу жасағаны прагматонимдердің аталмыш түрінің әмбебап және спецификалық ерекшеліктерін, олардың әр тарихи кезеңдердегі құрылымдық типтерін анықтауға мүмкіндік берді. XIX-XX ғасырдағы атаулар мұрағат материалдары мен т.б. құжаттарда тек орыс тілінде берілген. Ол сол кездегі тіл саясатына байланысты.

Құрылымдық типтер динамикасы өте ұзақ нақты-анықтауыш атаулардан қысқарған түріне дейін өзгерген, негізінен семантика символдығымен ерекшелінетін жалпы құрылым қалпына енген, мысалы:

1867-1920

1985-2001

Пивная Федора	Шыңғыс хан
Никитича Харина	Лашын
Мелочная торговля	Тұлпар
офицера Степана Петрова	Күнгеі
Мясная лавка сарта Сеида	Күн дала
Касымовича Курманбаева	Мерген
Питейное заведение	Дешті-Қыпшақ
Елизара Ватинцева	Нәзік
Азиатская харчевня Юсуп	Қазір-әзір
Ахун Измашева	Блюда Востока
	Дары природы
	Казахский аул
	На троих
	Любимый город
	Есть что съесть

Әр тарихи кезең прагматонимдердің семантикасы мен құрылымына өзгерістер енгізіп отырған. Мәселен, кеңес өкіметі атаулардың идеологиялық уәжділігімен ерекшелінеді: «жалқы есімдер аталмыш денотаттардың (және оларды атаушылардың) кеңес мемлекетіне қатысты екендігін, оның революциялық идеологиясына, жаңа идеалдарға қатысты екендігін көрсетуі керек» (В.Д. Бондалетов, Т.П. Романова). Сол кезде ескі модельдерде жаңа семантикалық мазмұнды атаулар орын басты:

- кең, анықтаушы құрылымдар (Ұлттар ісінің халық комиссариаты, И. В. Сталин атындағы Шығыс жұмысшылары Коммунистік университеті);
- аббревиатуралық форма (НарКомПрос, ГОЭЛРО, Совнархоз);
- құрамында идеологиялық сөздер бар анықтауыш құрылымдар

(Красный пролетарий, Красный факел мекемелері, Красный библиотекарь, Рабочий бумажник, Безбожник у станка журналдары),

- мемориалдық компоненті бар «атындағы мекеме» сияқты құрылымдар (С.М. Киров атындағы *зауыт*, *Владимир Ильич атындағы Машина жасау зауыты*), олар тек мемлекет меншігіндегі мекемелерге тағылған.

XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басы Қазақстанда жаңа мемлекеттің құрылу кезеңі болып табылады. Тез дамыған экономикалық өзгерістер жекеменшіктің дамуына және дүкен, қоғамдық тамақтану орындары, тұрмыстық қызмет салондарының, әртүрлі фирмалардың, іскерлер бірлестіктерінің құрылуына себепкер болды.

2003 жылғы тіркелген коммерциялық мекемелер тек Алматы қаласында 10 мыңнан асады, олардың саны күннен- күнге өсуде. Жекеменшік әр тектес объектілер жүйесінің дамуына байланысты олардың атаулар жүйесі көбейеді, себебі объектілер жекелеуді қажет етеді. Объектілерге атау тағу үрдісінде бірнеше басым бағыттық принциптерді бөліп шығаруға болады:

- аталмыш объект ерекшеліктерін ескеру (атау құрамына дүкен – магазин, кафе, мейрамхана – ресторан, институт т.б. классификаторлар кіреді);
- автор жекелігі (Айдана, Серік, У Едиля, У Алины, Охотничий лагерь сэра Игоря);
- тұтынушыға бағыттау (Бедные люди, Блюда Востока, Престиж);
- тауар және қызмет көрсету ерекшеліктері (Балық, Кавказ шашлығы, Саяхат, Дивандар әлемі, Электра, Интерьер Клеопатры);
- негізгі тауар немесе қызметті жарнамалауға талпыну (Шай іш, Дәм мерекесі, Санфаянс, Планета электроники, Кушать, Есть что съесть);
- кеңістіктік бағыт (*На Никольской, На перекрестке, На Мира, На Джандосова*) т.б.

Бір қарағанға өздігінен қалыптасқан сауда және өндіріс мекемелерінің атаулары қалалық топонимдер микроқұрылымына кіретін ерекше бір жүйе болып табылады, себебі олар қаланың белгілі бір топообъектін атайды. Көп атаулардың негізінде біртектес объектілердің атауларына тән құрылымы мен семантикалық толық қарапайым, стереотипті модельдер жатыр. Дегенмен, атаулардың жарнамалық және жекелеуіштік қызметтеріне байланысты, сонымен қатар Ата заңмен қорғалатын болғандықтан жекеменшіктің күшеюіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Аталмыш объект иелері оларға өз есімдерін немесе туыстарының есімдерін бере алады, яғни жекеменшікті өз есімдері арқылы атауда заңды түрде бекітеді («*Слава и К*» *турфирмасы*, «*Алина*» *курстары*, «*У апашки*» *дүкені*, «*У Татьяны*» *сулулық салоны*, «*У Ивана*» *автосалоны*, «*У Афанасича*» *мейрамханасы* т.б.).

Жалқы есімдер жиынтығы – мекемелер, ұйымдар, өндіріс орындары, оқу орындары, қоғам орындары, дүкен атаулары (*эргонимдер*), көше, даңғыл, бульвар, алаң, жеке ғимарат т.б. атаулары (*урбанонимдер*) – жалпы алғанда қаланың ономастикалық кеңістігін құрайды. Олар қалада жүріп-тұруға бағыт береді, себебі олар атау қызметінен басқа адам қызметінде бұл объектілерді қолдану мүмкіндігіне қарай идентификациялау, жекелеу, адрестік, ақпарат



беру т.б. қызметтерін атқарады. Сонымен қатар атаулар танымдық қызметін де атқарады. Олар қаланың ақпарат кеңістігінде бір ерекше белгі, бағыт болып табылады.

Осы тектес атаулар таңдау арқылы қалыптасып, әлеуметтік қажетіне байланысты болады. Себебі мекемелерді атаудың басты мақсаты объектің де, атаудың да атқаратын қоғамдық рөлінде. Мәселен, оқу орындарының өсуімен және оларға әртүрлі әлеуметтік дәреже берілуіне қарай бұрынғы атаулары ауысуда (С.А. *Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті – әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*), жаңа оқу орнының ашылуына қарай жаңа атаулар да қалыптасты (*Тұран, Әділет, Қайнар* университеттері, *Мирас, Көкіл, Арай, БЭСТ* мектептері). Жеке атауларды мектепке дейінгі мекемелер де иемденіп жатыр: Алматы қаласында 180-нен аса балалар бақшасының реттік нөмірлері бар, ал қалғандары жалқы есімдерге ие болған (*Айгөлек, Ер Тарғын, Ер Төстік, Огонек, Ягодка*).

Осы тектес объектілерге атау таққанда ономастар ұсынған төмендегідей ұсыныс принциптерді ұстанған жөн:

- прагматонимдер уәжді болу керек, яғни соған сәйкес мекемелердің қызмет түрін, белгілерін көрсету керек;
- прагматонимдер жарнама қызметін атқару керек, яғни жарнамалық өнім, тауарларға қызығушылығын тудырып, адам санасына ықпал етуі керек;
- атаулар тез жатталып, тез айтылатын болуы керек.

Прагматонимдер көбіне адамның және тұтас қоғамның прагматикалық, идеологиялық және эстетикалық көзқарасын білдіреді. Атау беру үрдісіндегі жекелеу тенденциясы жекеменшіктің дамуына байланысты. Прагматонимдерге сериялы, фирмалық тауарлар, өсімдік сорттары, машина маркалары, яғни сөздік тауар белгілері (СТБ) жатады. Кейбір зерттеушілер ономастикалық термин жасаудың барлық критерийлеріне жауап беретін және СТБ синоним ретінде қолданылатын прагмоним терминін қолдануды жөн көреді (дегенмен *прагмоним* термині *прагматоним* терминіне паронимиялық оппозиция тудырады).

Прагматонимдердің бұл түрі ономастикалық кеңістіктің ең шеткі перифериясын құрап, жалқы есім мен жалпы есім арасындағы орынды алады. А.В. Суперанскаяның пайымдауынша, «адамзат тұрмысына фирма атаулары неғұрлым тереңірек енсе, соғұрлым оның апеллятивтендірілуі күшті», «тауар белгілерінің тауардың заттық белгілерімен тығыз байланысы – олардың жалқы есімдер қатарына жатқызылмауының басты белгісі», яғни ол жалпы есім болуға бейім (*кашемир, жигули, гуталин* т.б.). Осы себептен сөздік тауар белгілері ұзақ уақыт бойы жалқы есімдер қатарына енгізілмей келді, оларды оним типтес құрылымдар деп есептеді. Сонымен қатар СТБ біртектес қатынастың болуы нақты біртектес көп заттардың түрін білдіретін атаулар екендігін көрсетеді, мысалы:

- машина маркалары (Москвич, Волга, Мерседес-Бенц);

- кондитерлік және ұннан жасалған заттардың сорты (Жанар конфеті, Сұлтан макарону);
- электротауар атаулары (Горизонт телевизоры, Бирюса тоңазытқышы, Буран шаңсорғышы);
- шаруашылық өнімдері атаулары (Земляничное, Dove сабындары, Лотос, Tide кір жуатын ұнтақ, Жемчуг тіс пастасы);
- арақ-шарап маркалары (Қазақстан коньягі, Ажар шарабы, Парламент арағы, Дербес сырасы);
- жеміс сорттары (Золотое превосходное, Желтый Чалдон, Багряное, Кандиль синап, Алматы синабы алмасы, Талгарка алмұрты, Шасла белый, Жемчуг Сабо, Королева виноградника, Краса Дона, Қаракөз, Тербаш жүзімдері);
- ағаш, гүл сорттары (*Вильям Робинзон, Казимир Перье, Снежный ком сиреньдері, Молодость, Слава мира, Леди Хеллингтон, Лиза Чайкина, Любовь Шевцова, Невеста – раушан гүлдері жеке атаулары*) т.б.

Дегенмен де СТБ – ономастиканың зерттеу нысаны, олар жалқы есімдерге тән барлық белгілерге (белгілі бір тауарға бекітілуі, тектес объектілерден жекеленуі, аталмыш объектіні анықтауы т.б.) ие. СТБ тауар белгілері мен тауар маркаларымен тығыз байланысты. Тауар белгілерін бәсекелестік тудырушы тауарлардан айыру және анықтау үшін өнім шығарушы қолданады. Тауар белгілері сөз (*Rolls-Royce* фирманың негізін қалаушылары Чарльз Росс пен Генри Ройстың есімдерінен, *Xerox* «құрғақ» + «жазу» сөздерінен), бейнелеу (символ, сан немесе контур) немесе белгі мен сөз комбинациясы (*Кока-Кола* фирмасы сияқты) арқылы беріледі. Сондықтан СТБ де фирмалық тауар маркалары (белгілерін) да зерттеу керек.

Аз немесе тіптен зерттелмеген прагматоним түрлеріне *хрематонимдер, порейонимдер, фалеронимдер* т.б. жатады.

*Хрематонимдерге* материалды мәдениеттің жиі кездеспейтін зат атаулары жатады: *Царь-Пушка, Единорог, Волк* пушкалары, *Голодарь, Красный, Баран* қоңыраулары, *Звезда Юга, Шапка Мономаха* жақұттары, *Лебедь* кубогі. Англияда үлкен қоңыраулардың ертеден өз атаулары бар. О.А. Леоновичтің материалынан белгілі, сол елдің әлемге әйгілі жеті қоңырауы: *Great Paul* – Лондондағы Әулие Павел соборының қоңырауы, *Great Peter* – Нью Йорктегі собор қоңырауы, *Great George* – Ливерпульдегі собор қоңырауы, *Big Ben* – Лондондағы парламент ғимаратында, *Little John* – Ноттингем биржасындағы қоңырау, *Great George* – Бристоль университетіндегі қоңырау және *Great Tom of Oxford* – Крайст-Черч колледжіндегі мұнарадағы қоңырау, Оксфорд.

Кез келген көлік (әскери және жолаушы кемелері, пароход, катер, су асты қайығы, баржалар, ұшақтар, ғарыш кемелері, пойыздар т.б.) атаулары *порейонимдерге* жатады. А.В. Суперанскаяның пікірі бойынша, қалыптасу мезгіліне қарай ең көнесі – кемелердің атаулары. Көлік құралдарына атау тағудың қалыптасу кезеңіне және қолданыс тарихына, көлік көлеміне, оның қажеттілігіне, бағыты мен тасымал орнына байланысты өзіндік дәстүрлері мен

уәждері бар. Атаулардың семантикалық құрылымында мемлекет, қала, тау, өзен, асыл тас, құс атаулары, белгілі адамдар есімі, символдық атаулар қолданылады: *Аврора* крейсери, *Немте* кемесі, *Наутилиус* су асты қайығы, *Смелый*, *Стремительный* эсминцтері, *Сергей Лазо*, *Волга*, *Монгол*, *Алматы*, *Алтай*, *Прокөпий Плещеев*, *Петр Березницкий* жолаушы кемелері, *Апостол Андрей* яхтасы, *Илья Муромец* ұшағы, *Восток-S* ғарыш кемесі, *Семерка*, *Little John* ракеталары, Қазақстан, Отырар- Ресей пойыздары т.б.

*Фалеронимдерге* кез келген қызмет аясы, әскери істегі ерекшеліктері, белгілі бір оқиғаларға ескерткіш ретінде тағылатын белгілер (орден, медаль, белгі, крест) атаулары жатады.

Орденмен көрнекті қызметі үшін марапатталады: Қазақстанда – *Алтын жұлдыз ордені*, *Алтын қыран ордені*, *Ана даңқы ордені*, *Барыс ордені*, *Құрмет ордені*, *Парасат ордені*, Ресейде – *Победа ордені*, *Александр Невский ордені*, *Трудового Красного Знамени ордені* т.б. Ресейде ең жоғары марапат «За заслуги перед Отечеством» ордені, Англияда – «За битву при Ватерлоо», «Орден Подвязки», «Орден святого Джона», Францияда – «Почетный легион» ордені.

Медаль – металдан әртүрлі бейнеленген пластикадан жасалған, марапат көрсету немесе белгілі бір оқиғаның ескерткіші ретінде тағылатын белгі: Қазақстанда – «*Алтын алқа*», «*Ерлігі үшін*», «*Ерен еңбегі үшін*», «*Күміс алқа*» медальдері, Ресейде – «*Золотая звезда*», «*За отвагу*», «*За Полтавскую баталию*», «*Нахимова*» медальдері, Англияда – *Ерлік*, *Күміс жұлдыз* медальдері.

Крест – айырым белгі, орден, геральдикалық белгі: Ресейде – *Георгиев кресті*, *Андреев кресті*, Англияда – «*Виктория кресті*», «*Георг крест*» (Ұлыбританияда ерлігі, айбыны үшін тағылатын ең жоғарғы марапат), Германияда – «*Железный крест*» т.б.

Әртүрлі тарихи маңызды оқиғалардың болуынан белгілі социум немесе әлемдік деңгейде идеологияның өзгеруінен жаңа айырым белгілері және соған байланысты жаңа атаулары пайда болады.

Халық ономастикалық кеңістігінің түрлерін, разрядтарын қысқаша шолудан олардың әрқайсысы тілдің лексикалық жүйесінің ерекше бір қабатын құрайтынын айту керек. Сондықтан да оларды жинақтап, түбегейлі зерттеуде ұқыптылықты талап етеді, себебі олар таралу кеңістігіне, танымалдылығына және қолдану жиілігіне қарамастан, тілдік сана мен лингвомәдени қоғамдастықтың байлығы болып табылады.

## II ОНОМАСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 2.1 Ономастиканың метатілі және концептуалды-терминологиялық аппараты

Объект-тілді зерттейтін, анықтайтын тілдік құрылым, лингвистикалық терминдер жиынтығы метатіл деп аталады – бұл «екінші дәрежедегі» тіл (язык «второго порядка»). Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік анықтамасы бойынша, «тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан терминдер арасында жүйелі қатынас жатыр, екінші жағынан – жалпы ғылыми лексика, яғни тіл біліміндегі зерттеудің әртүрлі аспектілерін талдауда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері енеді» [34, 297].

Ғылымның дамуы метатілдің дамуына тікелей ықпал етеді, метатілге білімнің әр бағыты мен облысының көптеген арнайы тіл ішіндегі, негізінен, ономастиканың метатілі жатады. Метатілдің қалыптасуы мен дамуы бірнеше өзара байланысқан себептерге, соның ішінде төмендегідей себептерге байланысты:

- тез дамып келе жатқан жалпы тіл білімі аясында ономастикалық материалды зерттеуді тереңдету;
- зерттелмеген жалқы есім разрядтар арқылы ономастикалық

бірліктердің корпусын кеңейту;

- жалқы есімдер туралы ғылымның жаңа бағыттарының қалыптасуы;
- терминологиядағы жаңалықтар;
- жаңа концептуалды аппараттың қалыптасуы мен белгілі терминдерді

жаңа мазмұнмен толтыру.

Соңғы 10 жыл ішінде ономастикалық морфология, ономастикалық сөзжасам, ономастикалық лексикография, ономастикалық терминология т.б. бағыттар қалыптасып, өз деңгейінде бекітілді. Жалқы есім семасиология, типология, психоллингвистика, мәдениеттану, этнология, элеуметтік лингвистика, контрастивті лингвистика т.б. тұрғысынан қарастырылады. Ономастикалық зерттеу ерекшеліктері жалқы есім тіл жүйесінде орын-орнымен анықталады.

Ономастикалық кеңістіктің дамуы, кәсіби тілдік қатынастың жоғары деңгейде болуы, ономастикалық зерттеулердің өзектілігі – бұның барлығының жиынтығы ономастикалық терминологияның өзгеруіне себеп болды. Жоғарыда айтылғанды толықтырылып, нақтыланып шығарылған Н.В. Подольскаяның екінші басылымы «Словарь русской ономастической терминологии» (1988) атты сөздігі дәлелдейді. Аталған сөздік қалыптасқан ономастикалық ұғымдар мен терминдердің ақпарат жиынтығын құрайды. Бұл материал бойынша терминдер арасында әрқашан семантикалық байланыс барын байқауға және ономастикалық термин жүйесінің типтік модельдерін, оның ретін және бірізділігін анықтауға болады.

Ономастикалық терминографияның қысқаша тарихы бар. Н.В. Подольскаяның сөздігінен (1978, 1988) басқа Германияда [35, 1964], Украинада [В.В. Нимчук, 1966], Англияда [Е. Смит, 1967], Чехияда [Я. Свобода, 1983], Финляндияда [Ед. Кивинайми т.б. 1974], Қырғызстанда [Ч. Жұмағұлов, А.Б. Исабеков, 1985] терминологиялық сөздіктер басылып шықты. Бұның өзі 60-70-жылдары ғылымның дамуына байланысты жоғары деңгейге жеткізу, реттеу және жүйелеумен, ономастикалық ғылымның метатілінің терминологиялық аппаратын концептуалдылығымен ерекшелінеді.

Қазақ ономастикалық терминология әлі қажетті зерттеу алған жоқ, дегенмен қазірдің өзінде мұнда базалық терминдерге және лингвистика мен ономастикалық метатілдің әмбебап ұғымына сүйену бағыты анықталған, бұл «әмбебап-концептуалды деңгейге шығуға» мүмкіндік береді. Қазіргі кезде қазақ тіл білімі, соның ішінде ономастикалық метатіл жаңа ономастикалық ұғымдарды білдіру үшін өз құралдарын іздеуде. Сонымен қатар қазақ ономастикасында қолданылатын ономастикалық терминдердің барлығын бірізділікке салу, яғни унификациялау мен стандартқа келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қазақ ономастикасы метатілінде қалыптасқан көптеген терминер орыс, қырғыз, украин т.б. ономастикалық терминологиясында қолданылады.

Н.В. Подольскаяның байқауынша, «орыс ономастикасында қолданылатын терминдердің көбі барлық славян тілдерінде қабылданған» [15, 13-14]. Кеңес дәуіріндегі ұлттық ономастиканың термин жүйелері

концептуалды- әмбебап орыс ономастикалық метатілге негізделген. Сонымен бірге орыс терминдері ұлттық тіл жүйесіне бейімделіп, ұлттық негізде қалыптасқан терминдермен толықтырылды.

Осы себептерден ономастиканың ұлттық термин жүйесі (орыс, украин, қазақ, өзбек, грузин т.б.) бастапқы және ұлтаралық лексиканың бірігуінен тұрады, Бұл әр тілдің ғылымына қатысты. Кірме және грек-латын элементтері негізінде жасалған терминдер тіл иесінің тілінде бастапқы параллельмен бірге өмір сүреді, мысалы:

*гр.* оним - *қаз.* жалқы есім - *орыс.* собственное имя; *гр.*

топоним - *қаз.* жер-су атауы - *орыс.* географическое название.

Ұлттық негізде дәл сәйкестік ономастикалық ұғымдар мен құбылыстардың барлығынан табылмаған. Сондықтан да ономастикалық терминдер мен термин тіркестерінің көбінің негізінде грек-латын элементтері жатыр. Осы себептен грек немесе латын тілі негізіндегі терминдердің әмбебаптығы мен бейтараптығын айтуға болады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, грек-латын тілдерінің негізінде жасалған ұлтаралық терминдер нақты мағынаны білдіреді, терминжасамда жеңіл қолданылады, сөзжасамдық мүмкіндіктері шектелмеген, стиль тұрғысынан бейтарап болып келеді.

Ғылымның *ономастика* атауының өзі-ақ грек “onomastice” сөзінен жасалған, «атау беру өнері» дегенді білдіреді және де зерттеу объектісінің атауы *оним (онома)* (*гр.* *ονιμα, ονομα*) «ат, атау» көне грек сөзі. Ономастикалық терминология *оним* терминінен көптеген термин құрылымдар сәтті жасалған, мыс:

оним -	онимдік (қатар)
	онимия (жалқы есімдер - онимдер жиынтығы)
	онимдік (тип, формант)
	ономастикалық (сөздік)
	онимдену (апеллятивтің жалқы есімге өту үрдісі)

Ономастикалық терминологияның жүйелігін және шетел тілді лексиканы игерудің нақты механизмін аталмыш мысалдар көрсетеді.

Грек-латын элементтері ономастикалық кеңістікке атауларды енгізу және атау беру акті реалийлер енгізумен байланысты қалыптасатын жаңа терминдер жасауда өнімді негіз қызметін атқарады. Мысалы:

*хрематоним* - *гр.* *сremato* «зат» + оним – материалды мәдениеттегі бірегей заттың жалқы есімі;

*марсионим* - *лат.* *Mars* «соғыс құдайы» – «Марс планетасы» + оним – Марс планетаның бетіндегі кез келген объекттің жалқы есімі.

Жаңа реалийлерді зерттеу грек-латын түбір морфемаларын тіркестіру сияқты нақты жүйе арқылы жасалған жаңа терминдерді зерттеушілердің енгізуіне мүмкіндік береді. Мәселен, В.Н. Попова Қазақстан топонимдерінің құрылымдық семантикалық табиғатын зерттей отырып, ғылыми айналымға

*археоним* (қосымша археологиялық ақпарат беретін топоним) терминін енгізді. Қазақстан шөлдерінің топонимдік материалдарын зерттеп, Қ.Қ. Рысбергенова әртүрлі құм үйінділерін білдіретін екі термин ұсынды: *эремоним* - гр. *ermoz* «шөл» – ірі географиялық шөл объектілерінің атауы (*Қызылқұм, Гоби*), *ареноним* – лат. *arena* «құм» – шөлді жерлердің ұсақ объектілерінің атауы (*Еспеқұм, Төбеқұм*).

Тағамхана (азық-түлік дүкені, мейрамхана, кафе т.б.) атауларының ерекшеліктерін зерттеп, С.Қ. Иманбердиева *менсоним* терминін *mensa* «тамақ, ас, асхана, лавка, науа» латын сөзі негізінде енгізді. С.Е. Керімбаева (2004) мифонимдерге арналған зерттеуінде *аруахоним* деген терминді ұсынып отыр – *аруақ* + *оним*, яғни аруақтардың аттары. Алайда бұл термин қалыптасқан онимдік қатарына кірігуі қиын. Осы терминнің орнына *спиритоним* терминін Г.Б. Мәдиева ұсынып отыр – лаг. *spiritus* (аруақ) оним. Барлық жаңа енгізулердің екінші компоненті *оним*, яғни жалқы есім термині.

Ономастикалық метатілдің терминологиялық аппараты әр модель бойынша терминжасамның жүйелігін, ұлтаралығын (грек-латын термин элементтерін қолдану бойынша), негізгі терминдердің бір-біріне тәуелділігін, термин жүйесінде гипер-гипонимдік қатынастың сақталуын көрсетеді.

## 2.2 Тіл жүйесіндегі жалқы есімдер

Атау – сөз, сондықтан сөз ретінде тілдің заңдылықтарына бағынады, яғни тіл білімінің нысанасы болып зерттелуін қажет етеді... Дегенмен жалқы есімдердің тілдегі жалпы тілдік заңдылықтары ерекше болып келеді және тілде жоқ өзіндік заңдылықтары туындайтын ерекше бір жүйені құрайды» [31, б]. Қазіргі ономастикада шығу тегі, жасалуы бойынша әр тектес болып келетін құнды әрі бай жалқы есім қоры жиналған. Жалқы есім ерекшелігі барлық тілдік деңгейде байқалады. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден айырмашылығы А.А. Белецкийдің (1972), А.В. Суперанскаяның (1973), В.А. Никоновтың (1974), Ю.А. Карпенконың (1975), Т. Жанұзақовтың (1965, 1982), В.Н. Попованың (1966, 1897), Е.А. Керімбаевтың (1995), В.Д. Бондалетовтың (1983) т.б. еңбектерінде көрсетілген және жалқы есім мен жалпы есімнің арақатысын түсіндіруге тырысқан. Дегенмен барлық зерттеушілер жалқы есім тілдік бірліктер арасында ерекшелігін мойындағанмен, олардың тілде ерекше орын алатын себебін түсіндіретін біртұтас пікір жоқ.

В.Д. Бондалетовтың айтуы бойынша, «жалқы есімдердің қарама-қарсы концепциялары біржақты зерттеуден қалыптасқан. Жалқы есімдердің сөйленістегі қолданысына толық көңіл бөлінбегендіктен кейбір зерттеушілер үшін жалқы есім тек танымдық белгі болып табылса, тілдік дәрежесіне, яғни коммуникативтік – белгі жүйесі ретінде жалқы есімдердің тілдегі алатын орны мен мағынасына көңіл бөлмеуден екіншілер үшін жалқы есімдер артық

семантикалы (барлық энциклопедиялық ақпарат немесе аталушылар туралы толық «өзіндік» мәлімет беретін) сөз ретінде танылады [17, 23-24].

Ең алдымен жалқы есімдердің жалпы есімдерден айырмашылықтарын және қандай себептен олар тілде ерекше сөздер болып табылатынын анықтау керек. Бұл ерекшеліктерді төмендегі кесте арқылы көрсетелік:

Негізгі айырым белгілері	
Жалқы есім	Жалпы есім



<p>1. жеке объектіге тағылады;</p> <p>біртектес заттар ішінен нақты, белгілі бір объектіні атайды;</p> <p>ұғыммен әлсіз байланысады; ұғыммен объект, зат, құбылыс арқылы байланыс болады; атау кезінде атау мен зат арасында тікелей байланыс болады;</p> <p>4. нақты затпен байланысты;</p> <p>генетика тұрғысынан екіншілік атау (жалқы есім көпшілігі жалпы есім негізінде жасалған);</p> <p>қызметі жағынан екінші (жалқы есім әрқашанда екінші, себебі, объект алдын ала жалпы есіммен аталған);</p> <p>Жалқы есім коннотациясы факультативі;</p> <p>жалқы есім тіл нормаларымен реттелмейді;</p> <p>Жалқы есім, негізінен, басқа тілге аударылмайды;</p>	<p>1. объект түрлеріне беріледі;</p> <p>2. нақты объектіні атамайды, оның белгілі заттық түрі мен ұғымымен байланысты;</p> <p>ұғыммен тығыз байланысты; ұғыммен байланыс тікелей, затты ұғым тұрғысынан атайды;</p> <p>4. нақты затпен байланысы жоқ;</p> <p>5. генетика тұрғысынан бірінші;</p> <p>6. қызметі жағынан бірінші;</p> <p>жалпы есім міндетті түрде коннотация жасайды;</p> <p>жалпы есім тіл нормаларына қатаң түрде бағынышты (ережелерге кірмейтінін есептегенде);</p> <p>жалпы есімдер басқа тілге сол тілдің құралдары арқылы аударыла береді; жалпы есімдерге көпмағыналық тән.</p>
--	--

Сонымен қатар жалқы есім жалпы есімдерден құрылымды-тілдік жасалым мен арнайы қызмет тұрғысынан ерекшелінеді. Ең алдымен жалқы есім нақты, анықталған объектке бекітілу қызмет тұрғысынан қарастырылады.

Жалқы есім өзіндік ерекшелігі сөзжасамдық мүмкіншілігінде бекітілген: жалқы есім жалпы есімдерден де (мысалы, кісі аттары *Бақыт, Ермек, Асқар* есімдері қазақ тіліндегі *бақыт, ермек, асқар* зат есімдерінен; орыс тіліндегі *Вера, Надежда, Любовь – вера* (сенім), *надежда* (үміт), *любовь* (махаббат) зат есімдерінен), Жалқы есімдерден де жасалады: *Алтай* таулары – кісі есімі *Алтай, Шолпан* астронимі – әйел есімі *Шолпан*.

Сөз тіркестері де, сөйлемдер де жалқы есім бола алады, бөлінбейтін тұтас құрылым ретінде саналып, субстантивтеніп, зат есім қызметін атқарады (сөйлемде бастауыш қызметін атқарады). Мыс., қазақ тілінде – географиялық объект атаулары *Жындықатын бұлағы, Таужылаған, Ешкіөлмес* т.б., орыс тілінде – *Набережные Челны, Бор-лес, Поле-гусли, Комсомольск-на-Амуре* т.б.; фильм атаулары – қаз. *Бандыны қуған Хамит, Менің атым Қожа*, орыс. *Никто не хотел умирать. Место встречи изменить нельзя, Что делать?* т.б.

Жалқы есімдер бір тілдік жүйеден екінші тілдік жүйеге оңай өте алады.

Ономастикалық бірліктерді зерттеулер «ономастикон элементтерге интролингвистикалық ерекшелік қана тән емес, яғни бір тілге қатысты, дегенмен интерлингвистикалық ерекшелік те тән, яғни бір тілде ғана емес, басқа тілдер де бола береді, бұл жалпы есімдерден басты ерекшелігі болып табылады» деген тұжырымды туындатады [20, 15]. Сол себептен жалқы есім халықаралық лексикаға жатады деген пікір қалыптасқан, ал кез келген халықтың ономастиконы шығу тегі тұрғысынан әр уақытқа, әр тілге тән онимдер жиынтығынан тұрады. Сондықтан кез келген ономастикалық зерттеудің басты мақсаты тілдік атрибуция (белгілі бір тілге қатыстығын анықтау), локализация (белгілі бір аймаққа қатысын айқындау), мерзімдеу, яғни хронологизация (белгілі бір мерзімге қатыстылығын дәлелдеу) болып табылады.

Кірме жалқы есім қабылданған тіл заңдылықтарына бейімделеді. Ең алдымен қабылдаушы тілдің фонетика-фонологиялық жүйесіне бейімделеді (фонетикалық бейімделу): қазақ топонимі *Ұзынкөл* орыс тілінде *Узунколь*, орыс топонимі *Москва* қазақ тілінде *Мәскеу*, француз топонимі *Paris* орыс және қазақ тілдерінде *Париж* түрлерінде беріледі.

Жалқы есім жасауда тілдің барлық құралдары қатыса алады, дегенмен оларды қолдану тандау арқылы іске асады. Жалқы есім әр түріне (*антропонимдер, топонимдер, зоонимдер, космонимдер, библионимдер, эргонимдер* т.б.) тән өзіндік сөзжасам құралдары, типтік модельдері және оним жасау тәсілдері бар. Жалқы есім және жалпы есімдер атқаратын қызметтерінің көлемі әртүрлі (қара. Жалқы есімдердің қызметі).

### 2.3 Жалқы есімдер семантикасының жалпы мәселелері

Жалқы есім табиғатының күрделілігі және ерекшеліктері жалқы есімдердің мағынасы мен семантикасы жөніндегі сұрақты ашық қалдырып отыр. Қазіргі лингвистикада бұл мәселе бойынша әртүрлі көзқарас қалыптасқан: жалқы есім құрылымды-тілдік мазмұнынан, жалқы есім «кері» немесе әлсіз мағынасынан, энциклопедиялық мағынасынан басқа жалқы есім мағына жоқ дегенге дейін айтылған. Жалқы есім мағынасы мен семантикасын шектеу туралы сұрақ өте күрделі. Бұл мәселе қазірге дейін біржақты шешімін таппаған, сондықтан жалқы есімге қатысты бұл терминдердің анықтамалары да нақты емес. «Жалқы есім категорияларын талдағанда терминдердің нақты болмауы біртекті терминологиялық қатарда «мағына» және «семантика» терминдерінің берілуіне байланысты, дегенмен мағына – семантиканың компоненттерінің бірі... Жалқы есім семантикасының көлемі, ерекшелігі компоненттердің сандық және сапалық деңгейіне (тіркестер, комбинаторлар) байланысты [10, 153]. Аталған терминдер бір қатарда болып қана қоймай, бірін-бірі алмастыра береді және кейде синоним ретінде қолданылады: «семантика – бұл экстралингвистикалық мағына...», «ономастикалық мағынаның талдауы», «ономастикалық семантиканы анықтаудың мүмкін еместігі», «мағына (семантика)». И. Ратникованың айтуы бойынша, «жалқы

есім тіл жүйесінде виртуалды белгі және сөйленісте сөз белгісі ретінде толығымен бір терминологиялық парадигма ішінде талдауға болмайды... ономастикалық семантиканы зерттеудің негізгі қиындығы әртүрлі аспект тұрғысынан талдауды жинақтауда» [36, 6-7].

Атау мағынасының ерекшелігін көптеген зерттеушілер жалқы есім дәрежесінің динамикасында деп қарастырады. К. Аллендорфтың пікірі бойынша, «жалқы есімнің мағынасы ретінде зат туралы нені білсек, соны қабылдау керек. Жалқы есімнің мазмұнын білмеу – оның затпен қатынасын білмеу деген сөз; жалпы есімнің мазмұнын білмеу – оның ұғыммен байланысын білмеу деген сөз» [37, 263]. В.И. Болотовтың пікірінше, жалқы есімдерге энциклопедиялық мағына тән, ол сөйленісте анықталатын денотат туралы нақты ақпарат жиынтығын қарастырады [38, 45]. Н.И. Толстойдың пікірінше, «жалқы есімге жалпыға бірдей емес ақпарат («мазмұн») тән, оны мағынамен («семантика») шатастыруға болмайды» [1970, 200]. Н.В. Подольскаяның сөздігінде онимдік семантика «атаудың танымалдық факторын, ақпарат, арнайы ономастикалық қызметі мен стилистикалық және эстетикалық мағынасы (сөйленісте) басқа да компоненттерін қамтыған атаудың экстралингвистикалық мағынасы ретінде» талданады [15, 93]. Жалқы есімдердің семантикасы туралы айтқанда зерттеушілер, ең алдымен, атауда берілген энциклопедиялық деректі еске алады, яғни объектілердің экстралингвистикалық байланысына негізделген және сөйленіске атауды қатыстыруда қажет болатын объект туралы деректер жиынтығы деген сөз [37, 328].

Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров жалқы есімді лингвоелтаным тұрғысынан қарастырып, жалқы есімнің семантикасы мүлде жоқ емес деген тұжырымға келеді: «Жалқы есімнің лексикалық аясы бар. Оның, шын мәнінде, лексикалық ұғымы болмауы мүмкін, дегенмен оның лексикалық аясы кең және сапасы жағынан күрделі. Жалқы есім аясының семантикалық шектерін, бір жағынан оны бірыңғай атаулар жиынтығында қатыстырады, екінші жағынан нақты атауға қайталанбас келбет береді, оны жекелейді» [39, 56].

В.Г. Гак жалқы есім семантикасы туралы барлық пікірлерді талдай отырып, келесі қорытындыға келеді: «Кейбір зерттеушілер жалқы есімдерде, көмекші сөздерде, одағайларда лексикалық мағынаның болмайтынын айта отырып, лексикалық мағына негізгі сөз таптарына тән деп қарастырады. Дегенмен әр сөздің лексикалық мағынасы бар, ал олардың айырмашылығы қолданысында, жеке мағына ретінде бөлінуіне байланысты. Жалқы есімдерде де мағынаның сигнификат элементтері бар, себебі белгілі бір объект түріне қатысты болады» (Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990, 262).

Ономастикадағы жалқы есімнің мағынасы бір теориялық жұмыста «сөз туралы дерек аталмыш объект туралы дерекпен сабақтасып берілген күрделі кешен» деп қарастырылады [6, 104]. Мағынаның лингвистикалық (сөз туралы дерек) және экстралингвистикалық (объект туралы дерек) компоненттері атау беру уәжін, оның тарихын және заманына сай қолданысын, этимологиясын,

мәдени-тарихи ассоциациясын, аталмыш объектің танымалдығын т.б. қамтиды.

Бұл ұғымдарға қатысты шетел зерттеулері де бірыңғай емес. Мәселен, Л. Витгенштейн индивидтің жекелеуші белгілерінен тұратын жалқы есім сөйленістегі мағынасы бар және атауды екінші бір объектке қатысты қолданғанда ауысуы мүмкін деп пайымдайды. С. Крипке жалқы есімді «қатаң» мағына беруші, яғни тұрақты мағыналы деп санайды. Г.А. Суит жалқы есімнің мағынасын түсіну үшін олардың нені білдіретінін: кісі атын, географиялық атауды, объектің, жұлдыздардың, жұлдыз шоғырларының, жасанды объектің т.б. жалқы есімдерін бөліп шығарған тиімді деп санаған, ғалымның ойынша бұл мағынаның тек бір бөлігі ғана. Әр жалқы есімнің бұдан басқа да көптеген арнайы мағыналары бар (*Платон* есімі *Платон* атты адамның барлық ерекшеліктерін қамтиды) [37, 263].

Жалқы есімнің семантикалық мазмұны бойынша қарама-қарсы қабылдауларға қысқаша шолудан екі бағытты, Н.Ф. Алефиренконың пікірі бойынша, «екі ғылыми парадигманы – лингвофилософиялық және сөйленіс-ойы» деп бөлуге болады [40, 146]. Бірінші бағыт «оним-апеллятив», «жалқы және жалпы» деп қарама-қарсы қоюға негізделеді, яғни жалқы есімнің семантикасы бірлікке тең (бір затты немесе құбылысты атайды), апеллятивтің семантикасы көп бірлікке тең (бір түрге жататын заттарды немесе құбылыстарды атайды). Екінші бағыт біртектес объектілерден біреуін белгісі бойынша жекелеуші немесе біртектес объектілердің жалпы белгілерін көрсетуші сөйленісте қолданылатын маңызды сөз белгі ретінде жалқы есімді қарастырады. Мысалы, *Алматы қ.* – *Астана қ.* – *Талдықорған қ.* – бұл нақты қалалардың атауы, олар төмендегі белгілері бойынша жекеленеді:

- Қазақстан территориясында нақты жерде орналасқаны бойынша, яғни координаттың таксономиялық семасы бөлінеді;
- әлеуметтік дәрежесі бойынша – әлеуметтік параметрлі таксонимдік семасы бар.

Дегенмен олардың әрқайсысы аймақтық-әкімшілік белгілері бойынша топонимнің белгілі разряды – астионимге жатады, сонымен бірге «қала» денотаттық мағынаға ие.

Сонымен онимдер мен апеллятивтер мағынасының айырмашылығы – бір-біріне қарама-қарсы екі сөйленіс-ойдағы үрдістің – дифференциялау (онимдерде) және интеграциялау (апеллятивтерде) нәтижесі болып табылады. Н.Ф. Алефиренконың пікірі бойынша, ономастикалық семантика ең алдымен онимнің атауыш-репрезентативті қызметіне байланысты. Оним семантикасында жекелеуші белгілерді, апеллятив семантикасына қарағанда көп жинақтаған репрезентациялаушы компоненті басыңқы болады [40, 149-150].

Қазіргі еңбектерде жалқы есімнің мағынасы мен семантикасы ұғымдарын олардың атқаратын қызметінің маңыздылығын анықтау үшін дихотомия тіл/сөйленіс, виртуалдық жалқы есім/өзекті (актуалды) жалқы есім тұрғысынан және тіл қызметінің прагматикалық бағытын ескеретін лингво-

логикалық құрылымдары ашылатын когнитивті-прагматикалық аспект тұрғысынан қарастырылады.

Сонымен жалқы есімнің мағынасы мен семантикасын анықтау мен ұғынудың әртүрлі болуына қарамастан төмендегіні бөліп көрсетуге болады:

- жалқы есім – тілдік бірлік, ол екі жақты болмыстан тұрады, яғни жеткізу өрісі мен мазмұн өрісіне ие;
- мағына – жалқы есімнің семантикасының құрамды компоненті;
- жалпы есімнен қалыптасқан жалқы есімнің семантикасы сол апеллятив семантикасымен бірдей емес;
- жалқы есімнің апеллятив мағынасының болуы не болмауы – бұл оның интегралды белгісі;
- белгілі бір ономастикалық мағына нақты мәтін ішінде анықталады және қолданылады;
- жалқы есімнің семантикасында экстралингвистикалық компонентінің болуы.

Жалқы есімнің семантикасының айырым белгілері ұлттық ономастиканың жасалуы мен қалыптасуына ықпал ететін ұлттық мәдени ерекшеліктерімен анықталады.

## **2.4 Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері**

Жалқы есімнің табиғатын зерттеу, олардың ерекшеліктерін анықтау, семантикасы мен этимологиясын ашу, әр халықтың, әр аймақтың жалқы есімін сөзжасамдық құрылымын талдау зерттеушілерді жалқы есімді тарихи ғана емес, ұлттық та деген тұжырым жасауға итермелейді. «Ұлттық ономастиканың ерекшеліктері олардың белгілі бір ұлттық тілге қатыстылығында ғана емес, сонымен қатар ұлттық онимия жасалып, қалыптасқан ұлттық мәдениетке де байланысты» [41]. Сол себептен жалқы есімнің ұлттық ерекшелігі жөніндегі деректі халықтың ұлттық мәдениетінен іздеу керек. Бұл тұрғыдан жалқы есімге қатысты «ұлттық-мәдени ерекшелік» дегеніміз халықтың біртұтас әлемге деген көзқарасы, әлеуметтік және материалды мәдениеті, сонымен бірге олардың жалқы есімнің семантикасында көрініс табуы.

Ұлттық ономастиконды қарастыру үшін, этимология тұрғысынан әртүрлі онимдерден тұратын разрядтар барын ескере отырып, жалқы есімнің қай ұлтқа қатысты екендігін анықтау керек. Ономастикада бұл мәселе біржақты шешімді таппай талас тудырып келеді. М.В. Горбаневскийдің пікірі бойынша, «Ресейде жүргізілген ономастикалық зерттеулерде «орыс фамилиясы», «орысталған фамилия», «орыстарда қолданылатын фамилия» терминдері бойынша пікірталас тууы заңды, ал топонимдерге арналған еңбектерде «орыс топонимі» терминіне кеңінен ұғымды-терминологиялық анықтама берудің қажеті жоқ. Орыс топонимі және орыс топонимиясы терминдеріне анықтама бергенде тарихи-мәдени, функционалды-қолданыс және әлеуметтік-географиялық басты критерийлері болып табылады.

М.В. Горбаневский орыс топонимдік кеңістігі ұғымына орыс социумінде қазіргі кезеңдегі қалыптасу (синхрония) және қызмет атқарудың жалпы критерийлерін жатқызады.

Сонымен көптеген зерттеушілер этимологиясына қарамастан орыс тілінде қолданылушы және барлық бейімделу сатыларынан өткен топонимдерді орыс тілдік деп санайды. Бұл мәселе бойынша барлық пікірлерді талдай отырып, әр кезеңде және әр тілде қалыптасқан, белгілі бір территорияда, мысалы, Қазақстанда қолданылатын және белгілі тілдік социумда қолданылатын топонимдер нақты лингвомәдени қоғамдастыққа қызмет атқарады және оның топонимдік жүйесін құрайды деп айтуымызға болады. Сонымен қатар Қазақстан территориясында қазақ лингвомәдени қоғамда қызмет атқаратын барлық жалқы есімдер шығу тегіне (моңғол, араб, орыс, парсы т.б. тілдерден енген) қарамастан қазақ ономастиконына енеді.

А.А. Белецкий шығыс славян антропонимдерін этимология тұрғысынан талдап, олар славян және скандинав тілдерінен шыққан кейбір есімдер (*Владимир, Всеволод, Глеб, Ярослав* т.б.) есептемегенде, тарихи Византия дәуіріндегі грек антропонимдерінен шыққан деген тұжырым жасайды. Қазіргі шығыс славян антропонимиясы славяндарға жатпайды, тіл туралы емес, есімдерді тіл иелерінің мәдениеті туралы дерек береді. Демек, А.А. Белецкийдің пікірі бойынша, «антропонимдер мен жалпы лексикадағы мұндай алшақтық негізінен мәдени араластық нәтижесі және күрделі мәдени эволюцияның көрсеткіші болып саналады» [20, 78].

Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы сөз қозғау үшін нақты негіз болу керек. Нақты денотат атауында бейне, лексикалық ая осындай негіз болып табылады, яғни аталмыш объектке қатысты білім мен ақпарат жиынтығы болу керек. Жалқы есімдер адам таққан белгілер (белгі, символ, мифологемалар т.б.) оның санасында туындайды және ойлау қабілетімен негізделген, адам тұрмысына байланысты болады. Әсіресе, Н.А. Бердяевтің пікірі бойынша, адам – жеке ұлт және ұлт ретінде адамзат тобына кіретіндігін естен шығармау керек [қара: Телия, 216].

В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагин «Ұлттық-мәдени компонент апеллятивтерден гөрі жалқы есімдерге тән» деп тұжырымдайды [42, 56]. Жалқы есімдердің мәдени- ұлттық табиғатына әртүрлі көзқарасты талдай отырып, Е.А. Керімбаев мынадай пікірге келеді: «Әр халықтың онимиясында мәдени-тарихи ақпарат жинақталған, қоғамның мәдени тарихына байланысты жалқы есімнің ерекшеліктерін және типологиялық ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу ономастикадағы түбегейлі өзгеріс әкелетін бағыт болу керек» [10, 14].

Сонда ұлттық мәдениеттің көрінісі не? Негізінен жалқы есімдер екіншілік атау таңбалары болып табылады, яғни олар жаңадан жасалмай, тілдегі бар құралдар арқылы пайда болады. Демек, ең алдымен, жалқы есім жасауға қатысатын және мәдени ақпаратты сақтайтын лексемаларды, сөзжасам модельдерін т.б. бөліп шығару керек. Оларды жасауға қатысатын сөздерге байланысты белгілі бір мағыналар жалқы есімге берілген. Дегенмен атау

тағылған объекттің болмысымен тікелей байланыспаған мағына тек атау беруші үшін кей жақтарынан ғана дерек береді және халықтың мәдени реливантты концептерімен байланысты болады. Сонымен қатар адам өміріне қандай да бір объекттің қатысуына қарай оны нақты жекелеу үшін ол туралы әртүрлі дерек жиналады. Мәселен, ұзақ уақыт көшпелі өмір кешкен қазақ халқы географиялық объектілерді атау үшін төмендегіні білдіруші лексикалық бірліктер қолданылған:

- табиғи объектілерді жекелеуші (батпақ жерлер – саз, томар, былқылдақ, батпақ, ми\ топырақ түрлері – ащы, тұщы, сортаң, кейбір жайлау түрлері – Сарыжайлау, Жетіқоңыр);
- әртүрлі дене бөліктері – анатомдық терминология (жал, бұғаз, қабырға, көз);
- этнос атаулары – этнонимдер, ірі ру атаулары (мыс., қалмақ, қазақ) және кіші ру атаулары (мыс., түркі және монғол халықтарына тән) – генонимдер (мыс., керей, уақ, матай, байыс, жамбай);
- тұрмыс заттары (мыс., кереге, қазан, шүмек, сандық, қоржын);
- діни-мифологиялық кейіпкерлер мен бейнелер (мыс., әулие, баба, ата, шайтан);
- тарихи және тұрмыстық оқиғалар (мыс., Қалмаққырған, Қалмаққұлаған, Ордақонған, Тақиякеткен, Жындықатын бұлағы) т.б.

XX ғасырдың 60-жылдары қазақ ономастикасында бұл белгілер анықталып қойылған, бірақ қалыптасып келе жатқан лингвомәдени және этнолингвистикалық бағыттарға қатысты арнайы талданбаған. Топонимдік зерттеулерінде А. Әбдірахманов [43] қазақ топонимдерінің жасалу ерекшеліктерін көрсеткен:

- геоморфологиялық құрылымды, рельефті және қазақ шаруашылығымен (мал шаруашылығы) байланысты жерлердің айрықша белгілерін нақты көрсетуі;
- өсімдік әлемімен байланысты топонимдердің көп болуы (малшыға жайлауды таңдауда оңай болады);
- жануар әлеміне байланысты топонимдер (малшыларға сол жердегі жабайы аңдар туралы мәлімет береді);
- басқа заттарға ұқсатып, солармен салыстыра аталған бейнелік топонимдер, сонымен қатар географиялық объектілердің сыртқы белгілері, ерекшеліктерін көрсететін топонимдердің болуы. Белгілі бір оқиғаларға байланысты аталған топонимдерді де осы топқа жатқызуға болады.

Сонымен жалқы есімдердің семантикасында ұлттық-мәдени компоненттің қатысы, В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагиннің пікірі бойынша, «Бұл компоненттер атау формасынан шығарылуы мүмкін (айталық – *Новгород – новый город, Ленинград – город Ленина*), дегенмен тарихи-әлеуметтік тұрғысынан коннотация көбірек байқалады (мысалы, *Киев* – орыс қалаларының анасы, *Хиросима* – жай ғана жапон қаласы емес, ядролық жарылыстан жапа шеккендер символы) [42, 59].

Қазақ халқының тарихында да мұндай атаулар баршылық, мәселен,

*Түркістан* – түркілердің киелі бесігі, кеңес өкіметі кезінде ғарыш қаласы символына айналған *Байқоңыр* қаласы, ядролық жарылыс құрбаны болған, «*Невада- Семей*» козғалысының басты себепкері – *Семей* қаласы т.б.

Демек, жалқы есім жеке мәдени этностың вербалды белгілері және символдары болып табылады. «Дәстүрлі халықтық (яғни ұлттық) мәдениеттің тілдік кодының белгісі ретінде жалқы есімдер жеке ономастикалық кодты құрып, тілде ерекше орын алады» [44, 597]. Аталмыш еңбектің авторлары мәдениет ономастиканы мен жалпы тілдік ономастиконды бөліп қарастырады. Соңғысы, біздің пікірімізше, тіл иесі тұрғысынан талданбайтын жалқы есім, тілдегі кірме және шетел тілді жалқы есім қатысымен ерекшелінеді.

Мәдени ономастикон, яғни көне тілдік материал негізінде жасалған және белгілі бір этностың өміріндегі ұлттық-мәдени ерекшелікті көрсететін жалқы есім. Дегенмен мәдени құндылықтардың қалыптасуын және олардың жалқы есім жасауына ықпалын анықтау үшін белгілі бір синхронды кезеңдегі мәдениет пен жалқы есімдер өзара байланысын қарастыру керек. Фразеологиялық бірліктерді зерттей отырып, Н.В. Телия «тілдік белгілердің мәдени интерпретациясы ментальдық бағыттарға қарай өзгереді» деген тұжырым жасайды [1996, 216- 217]. Бұл тұжырым жалқы есімге де қатысты, яғни әр кезеңде ономастикалық номинацияға сол кезеңге тән мәдени реалийлер кіреді. Халық ғұрпында әр кезеңдерде мәдениет сәйкестігі сақталса, мәдени интерпретация да сақталады.

Қазіргі ономастикада жалқы есімнің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу ең алдымен топоним мен антропоним материалдары негізінде жасалады, ал жалқы есімнің басқа түрлері лингвомәдениеттаным, этнолингвистика тұрғысынан зерттелмеген. Дегенмен олардың мәдениеттің өтпелі кезеңдері туралы қосымша дерек берері сөзсіз. «Барлық ономастика этнографиялы – кісі атынан бастап құдай атына дейін, қала атауынан бастап елдімекен немесе ғарыш объекті атауына дейін» деген тұжырымның тууы да заңды [Этническая ономастика, 5].

## **2.5 Жалқы есімдердің қызметі**

Жалқы есімдердің болмысын толығымен ашу мен теория тұрғысынан ұғыну үшін олардың атқаратын рөлін анықтау өте маңызды. Лингвистикада, соның ішінде ономастикада атау қызметінің нақты мазмұны мен көлемін анықтаған бір шешім жоқ. Әрине, әртүрлі деңгейде берілетін элементтерден тұратын ауқымды құбылыс ретіндегі тілдің қызметіне қарағанда жалқы есім қызметтері жекеленген болып саналады. А.В. Суперанскаяның айтуы бойынша, «тілдегі жалқы есімнің арнайы ерекше қызметі жоқ. Олардың негізгі грамматикалық қызметі – сөйлемде бастауыш пен толықтауыш қызметін атқару, ал негізгі лексикалық қызметі – атау. Жалпы есімдердегі сияқты бұл функциялар жалқы есімдерге де қолдану аясы мен жағдай ерекшелігіне қарамастан тән» [37, 276].

Барлық дерлік зерттеушілер жалқы есімнің бірінші қызметі атау болып



табылады дейді: «Сөздер болмыстағы заттар мен құбылыстарды атауы мүмкін: бұл номинативтік қызметі, атау қызметі; таза осы қызметті атқаратын сөздер – жалқы есімдер... Жалқы есімдер *гипертрофирлі* атау беруші: олар атау үшін қалыптасқан, бұл олардың мақсаты» [45, 36, 66].

Жалқы есімнің атау қызметі мен жекелеуші және ажыратушы қызметі тығыз байланысты, бұл аталмыш объектті басқа объектілермен салыстырып, ажыратуға, жекелеуге мүмкіндік береді. Н.Д. Арутюнованың пікірі бойынша, жалқы есім «индивидке қатысты теңестіру қызметін атқарып, белгілі бір дескрипцияның эквиваленті болып табылады» [46, 16]. Н.В. Подольскаяның сөздігінде барлық үш қызметі: атау-салыстыру-жекелеуші қызметі деп бірақ жинақталған [15, 145]. Дегенмен көптеген зерттеушілер оларды біріктіргенді жөн көрмейді, себебі олардың әрқайсысын ономастикалық қызмет деп қарастырады [15, 21].

А.В. Суперанская, В.Д. Бондалетовтің пікірлері бойынша, әлеуметтік мақсат үшін кісіні және географиялық объектті әлеуметтік тіркеу жалқы есімнің ерекше қызметі болып табылады. Әлеуметтік тіркеу – жалқы есімнің туысқандық қатынас, шығу тегі, объектің әлеуметтік деңгейі туралы дерек береді. Топонимдер үшін – бұл қоғамдық қолданысы, белгілі бір объект түріне қатыстылығы, оған сілтеу т.б.

Кейбір зерттеушілер антропонимдерде (кісі аттары) «екі негізгі қызмет – қоғамдық ортада теңестіру үшін қолданылатын әлеуметтік және адамның табиғатпен, ғарыш және жаратылыстан тыс әлеммен қатынасын реттейтін қызметі» [44, 608]. Мифологиялық қызметін сиқырлы деп атауға болады, себебі оның басты бағыты – «адамды қорғайтын және одан қауіпті аластайтын атаудың иесін қатыгез рухтардан, көз тиюден қорғау» [6; 10].

Жалқы есімдердің коммуникативтік қызметке ие тіл бірлігі болғандықтан, жалқы есімдер атау бірлігі болып қана қоймай, қатынас құралы ретінде коммуникацияға қатысты болады.

Зерттеушілердің байқауы бойынша, тіл қызметінің көлемі толық анықталған емес. Дегенмен соңғы он жыл ішінде ғалымдар қосымша атау, экспрессивті, волюнтаривті, кумулятивті, танымдық, эстетикалық, фатикалық, адрестік, сиқыр т.б. қызметтерден тұратын коммуникативті қызметін интеграциялы құбылыс ретінде бөліп қарастырады. Белгілі жағдайларда нақты көлем ішінде бұл қызметтерді жалқы есім де атқарады. Көркем мәтіндерде поэтикалық жалқы есімнің атау қызметінен басқа ерекшелігін көрсетуші, идеологиялық, эмотив, экспрессив қосымша қызметтерден тұратын стилистикалық қызметін де атқарады.

## **2.6 Ономастикалық кеңістік. Ономастикалық шек**

*Ономастикалық кеңістік* теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Оның құрамына басқа разрядтың енгізілуі мен жалқы есім дәрежесін беру тұрғысынан бұл ұғымды зерттеушілер әртүрлі талдайды. Мүмкін, сол себептен бұл ұғым Н.В. Подольскаяның ономастикалық

терминология сөздігіне енбеген болар.

Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, қияли деп бөлуі, әртүрлі мәдениеттерді салыстыру, барлық реалийлерді (көне дәуірден бастап) таптастыру зерттеушілерге «ономастикалық кеңістік» ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.

Палия топономастикасы туралы еңбегінде В.Н. Топоров палидің (көне үнді) топономастикалық (ономастикалық) кеңістігінің көлемін анықтай отырып, оған географиялық объекттің (табиғи және жасанды), әртүрлі кеңселердің, жеке заттардың (сәнді, қару, музыкалық аспаптардың), уақыт кесінділері (күн, ай, дәуір, мейрам, ғұрып т.б.), мәтін мен оның бөлім, жанр, доктрина атаулары; жеке тұлға (адам, құдай, шайтан, жануар және өсімдік т.б.) атаулары және кәсіп, конфессия, ұлт, қаста, жас т.б. белгілері бойынша жеке тұлғалардың топтық атаулары, титул атаулары мен лақап аттары т.б. жатады деп пайымдаған. Сонымен қатар В.Н. Топоров Палидің топономастикалық кеңістігі буддалық әлемге көзқарас құндылықтары жүйесінде орын алған заттардың барлығы да жалқы есімдер қатарына енгізілгенін атап өтеді. Басқа тілдерде жалқы есім бола алмайтын немесе кей жағдайда ғана жалқы есім қызметін атқаратын көптеген заттар мен құбылыстардың атауы Палиде жалқы есім қызметін атқаратыны Палидің ономастикалық ерекшелігі болып табылады. Кез келген зат атауының жалқы есімге айналуы будда әлемінің жаратылыстан тыс жоғары тұрған құндылықтармен байланыста болуында, ең алдымен Будда мен Канон ұғымымен байланысты. В.Н. Топоров еңбегінде бір-біріне, біздің ойымызша, синоним ретінде екі – топономастикалық кеңістік және ономастикалық кеңістік терминдерін қолданған [47, 48, 49, 50].

Басқа халықтар мен территорияның ономастикасына қатысты В.Н. Топоровтың қағидасын дамытып, А.В. Суперанская т.б. жалпылап, «белгілі бір тарихи кезеңде социум қолданатын жалқы есімдер жиынтығы ономастикалық кеңістікті құрайды. Белгілі бір кезеңде тілдік топтың атау таққан объекттің құрамына оның (ономастикалық кеңістіктің) көлемі мен ерекшеліктері байланысты» деген тұжырым жасайды [51, 9]. Бұдан бұрын А.В. Суперанская [37, 3] отандық және шетелдік ономастиканы осы ұғым тұрғысынан қарастырып, «ономастикалық кеңістік жеке шектері бар секторларға бөлінеді» (антропонимия, топонимия, зоонимия, фитонимия, космонимия, астронимия г.б.) деп пайымдаған.

А.В. Суперанскаяның пікірі бойынша, ономастикалық кеңістікті толығымен тек осымен айналысатын адам ғана игере алады, ал жеке тұлғаларға ономастикалық кеңістіктің тек бір бөлігі, фрагменті ғана оның көзқарасы мен қызығушылығына тән болады.

О.Т. Молчанова Таулы Алтайдың топонимикасын талдай отырып, А.В. Суперанскаяның пікіріне ұқсас ойын айтады: қандай да бір аймақтың әр тілді, әр уақыттағы белгілі бір страт жиынтығынан тұратын топонимиконы ономастикалық кеңістікті құрайды [52, 231].

В.Д. Бондалетов «ономастикалық көзқарастың тарихи қабылдау мен ұлттық-этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, «ономастикалық кеңістік»

терминін екі мағынада қолдануға болады деп санайды: 1) жалпы лингвистикалық категория ретінде, яғни болмыстағы (шынайы және қияли) нақты заттарды арнайы көрсететін ономастикалық бірліктер жүйесі ретінде; 2) белгілі бір тарихи кезеңдегі нақты бір тілдің категориясы ретінде. Мысалы, қазіргі кезде орыс тіліндегі жалқы есімдер жиынтығы орыс тілінің ономастикалық кеңістігін құрайды» [17, 31-32].

Е.Ә. Керімбаев ономастикалық кеңістік пен ономастикон терминдерінің арасына теңдік белгісін қою керек деп санайды, соңғысы өз кезегінде жалқы есімнің жиынтығы деп анықталады, яғни белгі бір кезеңдегі этностың, социумның жалқы есімдер жасауы, олар онимге тең келеді [10, 132].

В.И. Супрун ономастикалық кеңістікті күрделі көп аспекті әр компоненті көптеген ерекшеліктерге ие және ішкі құрылысының қатынасынсыз жалқы есімдер жиынтығынан тұратын көп объектті құрылым деп қарайды [25, 9-10]. Бұл анықтамада В.И. Супрунның ономастикалық кеңістік құрылымына қатыстыруға болмайтын ономастикалық кеңістіктің ішкі құрылымына қатысты айтқан пікірі маңызды (төменгіні қара.).

Барнаулдың орыс топонимдері материалдары негізінде топонимдік жүйенің онтологиялық және ментальдық болмысын зерттей отырып, Л.М. Дмитриева бір ауылдың ономастикалық кеңістігіне қатысты онимдік кеңістік дегені белгілі бір аймақта объектті атау үшін тілде және сөйленісте қолданылатын жалқы есім разрядтарының кешені деп тұжырымдайды. Осы себептен бір ауылдың онимдік кеңістігі тұтас бір аймақтың онимдерінің дамуының жалпы қарқынын және нақты бір микрожүйе ішінде атау қызметінің ерекшелігін, сонымен қатар берілген аймақтың әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасу ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен бірге автор «бұл кеңістікке тек қана жалқы есімдер ғана емес, сонымен қатар парадигматикалық және синтагматикалық байланысы, тілдік жүйе иелерінің оларды қабылдауы кіреді» деп тұжырымдайды [53, 157-158].

А.В. Суперанскаяның қатысуымен жасалған ономастика бойынша ұжымды теориялық еңбекте терминологиялық сөздікке енгізуге болатын ономастикалық кеңістік ұғымына нақты анықтама беріледі: «ономастикалық кеңістік – белгілі бір халықтың аймақтық, гипотетикалық және қияли объектілерді атау үшін тілде қолданылатын жалқы есімдер жиынтығы. Ол нақты кезеңде сол халықтың көзқарасындағы әлем моделімен анықталады, дегенмен онда алдыңғы дәуірлердің элементтері де сақталады. Әр мәдениетке, дәуірге, аймаққа жататын адамдардың ономастикалық кеңістігі әртүрлі болады. Сонымен қатар әртүрлі зат жалқы есімге ие бола алады. Шынайы болмыс заттар әлемі қияли және гипотетикалық заттар әлемімен толықтырылып, шынайы болмыс ретінде қабылданады» [51, 9].

Біз көріп отырғандай, ономастикалық кеңістік туралы зерттеушілердің пікірлері ұқсас, дегенмен олардың разряд арасына қатынасты енгізу, жалқы есімдердің жүйелілігін, жалқы есімдердің көп түрлілігі мен көп аспектілігін ерекшеліктен разряд пен түрлердің ішіндегі парадигматикалық және синтагматикалық байланысты ономастикалық кеңістікке енгізу туралы

пікірлері әр қилы болып келеді.

Бұл қайшылықтарды жою үшін А.В. Суперанская әр разряд ішінде бөлінетін «ономастикалық шек» ұғымын енгізді, яғни ономастикалық кеңістіктің секторы. Ономастикалық шекті анықтағанда А.В. Суперанская «лексикалық шек – бұл параллелизм (синонимдер), контраст (антонимдер) және қосымша (метонимиялық және синекдохалық сөз байланысы) қатынастарымен, бастысы – әртүрлі қайшылықтармен байланысқан лексика секторы» деген А.А. Реформатскийдің лексикалық шек ұғымының анықтамасына сүйенеді. «Сөз тек лексикалық шекте маңыздылығына ие болады... Сөздердің, сөйленістердің қолданысы – мәтінаралық, ал шек – тіл жүйесіндегі болмыс аясы». А.В. Суперанская жалқы есімнің ерекшелігін ескере отырып, «ономастикалық шек – бұл, ең алдымен, атаудың нақты сәйкестік аясы» деп пайымдайды... Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді. Бұл шек атау мен объект байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді» [37, 280-281].

В.Д. Болотов жалқы есімді түсіну үшін оның ономастикалық шегін анықтау керек деп санайды. Ол антропоним үшін сөйленісте жекелеуге қатысатын атаудың энциклопедиялық мағынасымен тығыз байланысқан әлеуметтік шек ұғымын енгізген. Жалқы есімнің энциклопедиялық мағынасы көп қырлы, себебі ол бір уақытта бірнеше әлеуметтік шекте өмір сүреді (отбасының әлеуметтік шегі – күйеу, аға, бала; атау иесінің жұмыс жасайтын нақты кәсібінің әлеуметтік шегі, адамның әртүрлі қызығушылық шегі т.б.) [54, 334-335].

Шек құрылымына қатысты ой жалғасын В.И. Супруннан да табамыз, ономастикалық шек төмендегі ерекшеліктерге ие нақты тілде ерекшеленетін құрылым болып табылады:

- өзекті-перифериялы қатынастың болуы;
- семантикалық жалпылық;
- ұқсас семантикалық құрылым (дифференциалды және потенциалды семалардың болуы/болмауы);
- жиілік;
- стилистикалық бояуы;
- сөзжасамдық белсенділігі.

Бұл белгілер өзара байланысқан, олардың кейбірі өзектіленуі және бейтараптануы мүмкін [25, 11].

Бұл белгілерге жалқы есімнің маңызды ерекшелігі – жүйелікті қосуға болады. Осыған қарамай кейбір зерттеушілер жалқы есімнің жүйелігін жоққа шығарады, дегенмен ономастика бойынша теориялық еңбектерде басқа лексикалық категориялар жүйелігінен ерекшелінетін антропоним мен топонимге қатысты онимдер жүйелігі тұжырымдалады (жалқы есімнің басқа разрядтары жүйелік тұрғысынан зерттеуді талап етеді).

Сонымен бұл пікірлерден ономастикалық кеңістік шектерге (антропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия т.б.) бөлінетін нақты

денотаттарға қатысты жалқы есімнің жиынтығы деген ойды бөліп алу маңызды. Әр зонаның жүйелігі мен құрылымы жағынан ерекшелінетін шектік құрылымы бар. Өзекті-перифериялық, құрылымды-семантикалық т.б. қатынастардан тұратын шек құрылымынан ономастикалық кеңістік тұрады. Зерттеушілердің бір дауысты пікірлері бойынша, антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегі болып табылады, антропонимге ұқсас құрылымдар (зоонимдер, теонимдер, мифонимдер) өзек тұсы кеңістігін алады, өзекке топонимдер, космонимдер, астронимдер тартылады, себебі адамның қызмет аясына кірген барлық географиялық және ғарыш объектілерінің жалқы есімі бар. Дегенмен бұл разрядтардың әр түрі периферияда орналаса алады. Ономастикалық кеңістіктегі перифериялық орын жалқы есімнің басқа разрядтарына тиесілі (фалероним, эргоним, прагмоним).

Жалпы алғанда ономастикалық кеңістік әлемге көзқарас, белгілі бір этностың әлем танымын білдіретін әлемнің ономастикалық бейнесінің және әлемнің тілдік бейнесінің кесіндісі болып табылады.

## **2.7 Жалқы есімдер, мәдениаралық қарым-қатынас, прецеденттік жалқы есімдер**

Жалқы есімдерді ғылыми тұрғыдан ғана емес, әр ұлттың екінші тіл немесе шетел тілі ретінде үйренуінде практика тұрғысынан зерттеу қызығушылығын тудырады. Сондықтан тілдік компетенцияны игеру мақсатымен тілді үйрету мен оқытудың тиімді жолдарын қарастыру қажет. Тіл иесі халықтың маңызды мәдени эталондары туралы дерек жиынтығынан тұратын оқытылатын тілдің лексикалық және грамматикалық білімін инофон игерсе, әр тілде сәтті қатынас жасалуы мүмкін.

Аталмыш мәселелерді шешу тұтастай алғанда вербалды коммуникация, мәдениаралық қатынас үшін маңызды. Әртүрлі лингвомәдени қоғамдастықтар арасында сәтті қатынас жасалу үшін ұлттық тілдік (қазақ, орыс т.б.) сананың негізгі элементтері туралы нақты дерек қажет. Прецедентті атаулар тірек құрамы болатын жалқы есім осындай элементтер болып табылады.

Қазіргі кезде Ресей ғалымдары (Ю.Н. Қараулов, Д.Б. Гудков, Ю.А. Сорокин, В.Г. Костомаров, И.В. Захаренко, В.В. Красных, Ю.Е. Прохоров т.б.) қазіргі орыс қоғамындағы тіл қолданысына жүйелі байқауларды тіл құралдарын, олардың күнделікті әр деңгейлік әлеуметтік-мәдени, функционалды-стилистикалық, жанрлы-тақырыптық қатынаста қалай қолданылатынын анықтау мақсатында жүргізген. Ең алдымен жалпы әдеби және стильдік нормалармен орыстың ұлттық сөйленіс мәдениеті дәстүрімен жасалған әдеби тіл шектері анықталады. Зерттеушілер күші орыс санасының когнитивті базасында прецедентті феноменнің концептуалды берілуін, орыстың лингвомәдени қоғамындағы прецедентті феноменнің, соның ішінде прецедентті атауларды бөлу критерийлерін анықтауға жұмсалған.

Прецедентті атауларға төмендегімен байланысты жеке есімдер жатады:

- прецедентті саналатын кеңінен танымал мәтінмен байланысты

(мысалы, Абылай хан, Абай, Обломов, Тарас Бульба т.б.);

- тіл иелеріне кеңінен танымал және прецедентті саналатын оқиғаларға байланысты (мысалы, *Иван Сусанин, Кенесары, Колумб*) [55, 28; 56, 52].

Прецедентті атаулар адамзаттың танымдық (когнитивтік) кеңістігін құрайтын (*Отелло, Шахерзада, Гамлет*) әмбебап және нақты ұлттық когнитивті базасын құрайтын барынша ұлттық бірліктер қаз. *Қарабай*, орыс. *Плюшкин* – сараңдықтың белгісі, қаз. *Судырахмет*, орыс. *Обломов* – жалқаулықтың, боссөздіктің белгісі, қаз. *Мырқымбай*, орыс. *Иван* – аңқаулықтың, алаңғасарлықтың, қарапайымдылықтың белгісі). Ұлттық санада Иван – орыстың, Ганс – немістің, Джон – американдықтың белгісі.

В.В. Красных ұлттық-прецедентті және универсалды-прецеденттік феномендерден басқа белгілі бір социум (конфессионалды, кәсіби т.б.) үшін жалпы социум-прецедент феномендерін (атауларды) бөлігі қарастырған [56, 96]. Қазақ лингвомәдени қоғамында қолданылатын конфессионалды атауларға әулие жерлердің атауларын (Мекке, Медине, Айша-бیبі, Арыстанбаб) жатқызуға болады, мысалы: мақалдар – Анаңды үш рет Меккеге аркалап апарсаң да, қарызыңнан құтылмайсың; Сұрай-сұрай Меккені де табады, Алла (Құдай, Мухаммед, Пайғамбар т.б.) аты, сонымен қатар отан, халық ұғымын білдіретін әулиелер есімі: Айша-бیبі елім-ай, Әулие ата жерім-ай (халық әнінен) және қазақ халқының когнитивті базасының тірек компоненттері болып табылады.

Сонымен қатар кей халықтардың (мысалы, қазақ және орыс) когнитивті базасында қолданылатын прецедентті атаулардың фреквенталды тобын бөліп көрсетуге болады. Бұл топ ұлттық мәдениеттердің ұзақ уақыт бір-біріне ықпалынан, тілдік жағдай (екі тілділік, көп тілділік), бір территорияда әртүрлі халықтардың өмір сүруінің нәтижесі болып табылады. Мысалы, орыс. Колобок – қаз. Бауырсақ, Остап Бендер қазақ мәдениетінде: Таяуда Орал қаласында бірнеше ай бойы қала тұрғындарын алдап, талайды сан соқтырып жүрген Остап Бендердің бір туысы қолға түсті [Егемен Қазақстан, 16.02.2001]; қазақ халқының мәдениетімен таныс орыс Абай есімін еш түсініктемесіз қабылдайды. Мәселен, орыс тілді мәтінде Всяк побывавший в родном селе рыцарь пера нынче чувствует себя прямым потомком Абая; Қазақстанда тұрып жатқан орыстар үшін Алатау жанға жақын. Қазақ санасында Алатау – биіктік, әдемілік, мақтаныш символы және ұлттық мәдениеттің тірек концепті болып табылады.

Антропонимдерді талдау барысында олардың тарихи есімдерімен, көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдерімен, танымал адамдар есімдерімен ассоцияланғанын байқауға болады т.б.: Мұхтар (Әуезов), Абай (Құнанбаев), Шоқан (Уәлиханов), Александр (Невский), Карл (Маркс), Владимир (Ленин), Надежда (Крупская), Татьяна (Ларина), Евгений (Пушкиннің Онегині), Белла (Ахмадулина) т.б.

Прецедентті феномендерді зерттеушілер белгілі бір фактілерді, нақты критерийлерін анықтау үшін терең зерттеудің қажеттілігін атап өтеді, себебі бұл феномендер бір түрінен екінші түріне ауыса алады, когнитивті құрылым

мен кеңістік шегінің нақты болмауына тәуелді болады.

Сонымен прецедентті атау дегеніміз халық үшін нақты құндылығы бар кеңінен танымал көркем шығармамен, тарихи есіммен, саяси тұлғамен, географиялық реалиймен, сонымен қатар тіл иелеріне кеңінен танымал қатынаста нақты оқиғаларға байланысты қолданылатын және қабылдаушы танитын жеке есімдер. Прецедентті атауларды сөйлеуші тілде қолданғанда қоғамдық ұлттық когнитивті кеңістігінде сақталған феномен туралы детерминант көзқарасы қалыптасады.

Д.Б. Гудковтың пікірі бойынша, «прецедентті атаулардың негізгі белгісі – олардың сілтейтін ұлттық детерминанттанған көзқараспен байланысында» және басқалардан айыратын жеке белгілерінің, «керемет-қорқынышты» осі бойынша баға беретін феноменге байланысты атрибуттарды қамтиды [55, 73].

Жеке тіл бірліктеріндегі, соның ішінде қазақ прецедентті атауларындағы прецедент мәселелері Қазақстан лингвистикасында да, ономастикада да арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Дегенмен прецедентті мәтін мен прецедентті атау, мысалы В.И. Жұмағұлованың Қазақстанның орыс тілді прессадағы сатира мен юмор жасаудағы тіл құралдарын зерттегенде, Г.А. Қажығалиева көркем мәтінді лингвомәдени тұрғысынан талдағанда, Г.Қ. Ихсанғалиева газет мақала атаулары мен телебағдарлама материалдарын зерттегенде, Т.Е. Пшенина Катулдың тілдік тұлғасын талдағанда қолданылған.

Прецедентті атауды анықтау мәселелерін шешу тек мәдениаралық тілдік коммуникацияны оқыту мәселесінде ғана емес, қазақ, орыс, ағылшын т.б. лингвомәдени қоғамдардың когнитивті базасын зерттегенде де маңызды.

Сонымен қатар халықтың ұлттық когнитивті базасында прецедентті атаулардың қалыптасуы мен қолданылу ережелерінің теориялық негіздемесі қазақ, орыс тілдерін оқыту мәселелерін шешу үшін қажет.

Тілді оқыту мен игеру мәселелерін зерттеушілер материалдары бойынша, тілдік (коммуникативтік) құраушысы болып мәдени компетенция табылады, яғни мәдени құндылықтармен тілдік құралдар арқылы танысып, игеру қажет. Осы себептен лингвомәдени қоғамның когнитивті базасының тірек элементтерін білмей сол тілде толық қатынас болуы мүмкін емес деген тезис өзекті мәселе болып отыр.

Ұлттық когнитивті базасының тірек элементтеріне ұлттық ақпаратты жинақтау мен жеткізуде, сөйленісте прецеденттік атаудың өзектілігін анықтайтын нақты жағдайды және тұтас ассоциация кешенін ұғынуда басты рөл атқаратын прецедентті атаулар жатады.

## **2.8 Ономастикалық лексикография мәселелері**

Өзіндік дәстүрі мен тарихы бар тіл білімінің қолданбалы бағыттарының бірі – лексикография (сөздік жасау ілімі). Лексикография тәжірибесіне ономастика мамандары қатысуымен жасалатын ономастикалық сөздіктер жасау кіреді. Соңғы шарт арнайы ономастикалық білім болу қажеттігінен

маңызды: лексикограф ономастика мәселелерін шеше білуі керек, Жалқы есім табиғатын, ономастикалық зерттеу әдістерін т.б. қолдана білу керек. Бұл тұжырым жалқы есімдерінің табиғатының ерекшелігінен туындайды, оны төмендегі құрайды:

- жалқы есімдердің негізгі қызметі – жекелеу, объектті тану;
- денотатпен тікелей байланыс;
- апеллятивпен салыстырғанда лексикалық мағынасының өзгеше болуы;
- жалқы есімдердің қолданыс қызметінің ерекшеліктері (тілдік нормадан шығу, сөзжасам ерекшелігі, субстантив дәрежесі);
- жалқы есімдердің экстралингвистикалық факторларға тәуелді болуы;
- жалқы есімдердің аударылмауы т.б.

Аталған критерийлер жалқы есімдердің сөздіктерін жасауда ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Ономастикалық лексикография тәжірибесі көрсеткендей, ономастикалық сөздіктерді түзу жалпы филологиялық сөздіктерді түзуден өзгеше болады. Дегенмен ономастикалық лексика кіретін түсіндірмелі сөздіктерді жасауға болады. Кейбір жалпы сөздіктерге қазірдің өзінде жалпыға мәлім географиялық атаулар, мейрам атаулары, космонимдер, астионимдер, аббревиация тәсілімен жасалған жалқы есімдер аз мөлшерде болса да енгізілген.

Ономастикалық сөздіктер қатарына жалқы есімдерді қолданудағы өз әдіс-тәсілдерімен ерекшеленетін этимологиялық, тарихи, тарихи-этимологиялық, шетел тілді жалқы есімдер қолдану сөздіктері, түсіндірме-энциклопедиялық сөздіктер аналогтары, нормативті, лингвоелтанымдық, сөзжасамдық сөздіктер, жалқы есімдердің анықтама-сөздіктері жатады. Ономастикалық сөздік түрлерінің ерекшеліктерін келесі нақты типологиялық белгілері көрсетеді:

- этимологиялық сөздіктерде экстралингвистикалық деректерді қолдану арқылы кез келген онимнің шығу тегі туралы анықтама беріледі;
- тарихи сөздіктер олардың жазба ескерткіштерде тарихы мен пайда болу кезеңдерін көрсетеді;
- тарихи-этимологиялық сөздіктерде этимологиялық анықтамадан басқа жалқы есімдердің қалыптасуы туралы тарихи мәлімет беріледі;
- шетел тілді жалқы есімдер қолдану сөздіктерінде жалқы есімдердің транскрипциясы немесе олардың қабылдаушы тілге бейімделген формасы беріледі;
- түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздіктерде жалқы есім анықтамасы мен түсіндірмесі, жалқы есімдердің және аталған объект, объектінің жекеленуі туралы дерек беріледі;
- нормалану сөздіктер жалқы есімдердің тілде қолдану нормалары: жазылуы, айтылуы, септелуі туралы анықтама береді;
- лингвоелтанымдық сөздіктер жалқы есімдердің қолданыс ерекшеліктерін түсіндіреді және жалқы есімдердің бар аялық ақпаратты (қосымша мағына, коннотативті бояу) береді, елді, аймақты тану үшін энциклопедиялық, этимологиялық т.б. деректер қолданылуы мүмкін;



- сөзжасамдық сөздіктерде жалқы есімдердің құрылымдық типтері мен модельдері беріледі, оним жасауда қатысқан форманттар бөліп көрсетіледі;
- анықтама-сөздіктерде жалқы есімдердің тізімі – ресми түрде қабылданған, гипокористік, диалектілік, барлық бей ресми формалары, жалқы есімдердің дериваттары беріледі.

Ономастикалық лексикография мәселелері В.Э. Сталтманенің еңбегінде толығымен көрсетілген, онда ол орыс және шетел сөздіктері материалдарына талдау жасап, жалқы есімдердің әртүрлі сөздіктер түзу болашағын көрсеткен [57].

Ономастикалық лексикографияның даму шартының бірі – жалқы есімдердің әр разрядтарын зерттеу болып табылады. Антропонимдер мен топонимдер көп зерттелген, аз зерттелгендер қатарына зоонимдер, космонимдер жатады, ал жалқы есімдердің қалған түрлері ең бастапқы кадамдарын енді ғана жасауда. Келесі шарт – жалқы есімдердің түрлерін толығымен жинақтау және жүйелеу.

Аталған мәселелер қазақ ономастикасының лексикографиясы үшін де өзекті болып отыр. Қазақстан ономастарының зерттеу нысанына қазіргі кезде жалқы есімдердің разрядтарынан антропонимдер мен топонимдер ғана іліккен. Антропонимдер бойынша кісі аттары мен фамилиялары сөздік болып шыққан (Т. Жанұзақов, К. Есбаева, А. Назаров). Қазақстанда жасалған топонимдік сөздіктер жекелеген тип қатарына жатқызуға болмайды, себебі онда аталмыш объектке қатыстырмай, макрообъектті де (барлығына танымал), микрообъектті де (белгілі бір территория көлемінде ғана белгілі) – топонимнің барлық түрлерін (тау, озен, елдімекен, жайлау т.б. атаулары) қамтыған (Ғ. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, В.Н. Попова т.б.). Топонимнің әр түріне: елдімекен, орфографиялық объект, гидрообъект, қала ішіндегі объект, микрообъект т.б. атауларына қарай сөздік түзу болашақтың ісі.

Қазақ ономастикалық лексикографиясын талдау жалқы есімдердің арнайы ономастикалық сөздіктерін түзу қажеттілігін көрсетеді, олар:

- микротопонимдер сөздігі;
- жалқы есімдер лингвоелтанымдық сөздігі;
- жалқы есімдер грамматикалық сөздіктері;
- жалқы есімдер сөзжасамдық сөздіктері;
- прецедентті атау сөздігі;
- фразеология құрамындағы жалқы есімдердің сөздігі;
- поэтикалық жалқы есімдердің сөздігі т.б.

Тіл бойынша танымның күнделікті жаңаруы және жалпы тіл білімінің және оның бөлімдерінің тез дамуы ономастикалық материалдарды зерттеуде, теориялық және тәжірибелі лексикографиялық жіберілген бос жерлерін толтыруда көрініс тапқан.

## **2.9 Жалқы есімдердің әмбебаптық белгілері**

Ономастикалық әмбебаптық ұғымын зерттеген орыс ғалымдарынан А.В. Суперанская, В.И. Болотов т.б. атауға болады, аталған ғалымдардың ой-пайымдаулары шетел ғалымдары Н. Касагранд, Ч. Осгуд, Р. Якобсон т.б. еңбектерін негізге ала отырып құрылған.

Ономастикалық әмбебаптық лингвистикалық әмбебаптықтан экстралингвистикалық құбылыстардың атауларға зор ықпалы болуымен ерекшеленеді. Ономастикалық әмбебаптықты бірнеше тілдердің ұлттық жалқы есімдерінің жүйелерін салыстыру-салғастыру арқылы анықтауға болады.

Ономастикалық әмбебаптық дегеніміз әр тілдегі жалқы есімдерге тән ерекшеліктер және ономастикалық жүйе соған сәйкес дамитын жалпы заңдылықтар. Бұл әмбебаптық адамның атауларға экстралингвистикалық құбылыстарды таңдауы мен қолданылуына және әр тілдік құрал арқылы берілетін мағыналар мен қатынастардың ұқсас болуына негізделеді (Суперанская А.В.).

Көпгеген лингвистикалық әмбебаптық табиғатында квази әмбебаптық та болуы мүмкін, бұл жағынан алғанда лингвистикалық әмбебаптық ономастикалық әмбебаптыққа сәйкес келеді. Дегенмен жалқы есімдер белгілі бір тілдегі сөздер ретінде қарастырылғанмен, ономастикалық әмбебаптық тілдің жалпы әмбебаптығынан өзгеше. Бір жағынан алып қарағанда, ономастикалық әмбебаптық жеке бөлігі ретінде талданады, себебі ономастика дегеніміз кез келген жағынан ономастикалық әмбебаптық шегінен шығып кетеді, себебі жалпы лексикаға қарағанда ономастикада экстралингвистикалық құбылыс басым.

Әр халықтың қоршаған ортаға деген көзқарасы, өз мәдениеті, ділі, тарихы, салт-дәстүрі бар екендігі белгілі, яғни осы аталғандардың барлығы атау халықтардың ойлау қабілеті ұқсас болғандықтан ономастикалық әмбебаптық туралы сөз қозғауға болады. Сондықтан төмендегідей ономастикалық әмбебаптықтың белгілерін атап көрсетуге болады:

- атаулар негізінен 1-4 сөзден, жиі кездесе бермейтін, салтанатты жағдайларда қолданылатыны 5-9 сөзден тұрады, бұл адамның жадында сақтау қабілетіне байланысты. Мысалы, Шектібаева Майра Сәрсенқызы;

- атау құрамындағы әр сөз 7+2 морфемадан тұрады, яғни бұл сөздер 5 буыннан аспайды;

- әр тілде екі қарама-қарсы тенденция болады: атауға қосымша толықтырушы компоненттер қосып ұзарту және артық компоненттерді қысқарту, яғни компоненттері қысқарғанның өзінде өзінің атау қызметінен айырылмайды. Мысалы, Теректі – Үлкен Теректі, Кіші Теректі; Жіңішке бұлақ – Жіңішке. Сонымен қатар эргонимдерде жиі кездесетін аббревиатураларды да атаудың қысқаруына енгізуге болады;

- адам жадысында бірнеше атауларды сақтауы мүмкін және сол тіл иелерінің бірнешеуінің жадысында ғана белгілі атаулар сәйкес болуы мүмкін. Сол сияқты танымал шетел тілдік атаулар да адам жадысында сақталады. Мысалы, Медеу мұз айдыны, Жібек жолы, Ахмед Қожа Иассауи мазары,

Мекке, Останкино телемұнарасы, Айша Бибі мазары, Арыстанбаб т.б.;

- қарапайым атаулар бір сөзден, ал күрделенген, толық мәліметке ие атаулар бірнеше сөздерден тұрады. Бұл жеке тұлғаның атау жасаудағы экстралингвистикалық құбылыстарды таңдауына байланысты. Мысалы, Үлкен Теректі өзені;

- қайталанбайтын атаулар жиі кездесе бермейді. Бірнеше отбасы бір фамилияға ие болуы мүмкін (туыстық қатынасы жоқ отбасылар) немесе қала ішіндегі бірнеше объект бір атауға ие болады. Мәселен, бірнеше Сәрсеновтар отбасы, бірнеше «Стом» тіс емханалары т.б.;

- жаңа атаулар ескі атаулардан айрықша өзгешеленетін идеологиялық көзқарастың, саясаттың өзгеруіне байланысты қалыптасады. Дегенмен олардың да арасында қайталанатын атаулар кездеседі;

- әр атау, негізінен, бір сөзден тұрады, түркі халықтарының жалқы есімдері сөз тіркестерінен тұрғанымен, олар атау ретінде бір сөз болып таңбалаынады. Мысалы, қаз. Оқжетпес, Жындықатынбұлағы, Қыземшек т.б.;

- адамдардың жиі қолданысында болатын танымал атауларды және ұжым ішіндегі бірнеше адамдарға ғана белгілі раритетті, яғни танымал емес атауларды бөліп қарастыруға болады. Мысалы, Оқжетпес, Бурабай, Көкшетау, Оқшы ата, Дәуітов кемесі т.б.;

- танымал, жиі қолданылатын атаулар тілге, тіл жүйесіне тереңірек енеді. Ал жиі қолданылмайтын, раритетті атаулар тіл жүйесіне терең бойлай алмайды. Бұл адамдардың актив және пассив сөздік қорын құрайды. Жиі қолданылатын, танымал атаулар адамдардың актив сөздік қорына енсе, раритеті атаулар пассив сөздік қорына енеді, яғни олар адамға танымал емес, еш хабар бермейді немесе адам санасында салыстыру, еске түсіру арқылы аталған кезде ғана қалыптасуы мүмкін;

- жалпы есімдердің қызметі атаумен бірге ұғым беру болса, жалқы есімдердің қызметі – атау, себебі оның ұғыммен байланысы ерекше және объектілердің түр-тектік қатынасына байланысты. Әр тілдің лексикалық жүйесінде жалқы есімдер өзіндік автономдық жүйешелер қатарын құрайды. Олар апеллятив лексикамен толық сәйкес келе бермейді. Тілдегі атау жүйешелерін салыстыру мазмұн меже және тұрпат меже белгілері арқылы жасалады және өз тіл құралдары арқылы беріледі дегенге негізделеді. Мысалы, «Lie» – өзен, «Көктем» демалыс үйі т.б. Объектінің қаншалықты халыққа таралғанына қарай, оның атауы да соншалықты танымал болады, яғни алғашқы қолданыстағы апеллятив ұғымына сай келетін жаңа ұғымға ие болады. Мәселен, Абай – «халық ақыны», Байқоңыр – «ғарыш қалашығы»;

- жалқы есімдердің негізгі қызметі – объектілерді жекелеу. Бірнеше объектке тағылған атау болғанның өзінде де жалқы есімдердің қызметі атау, жекелеу, нұсқау, қосымша ақпарат беру. Мысалы, Ампер – адамның фамилиясы, ампер – ток желісінің өлшемі; Қаратау – қала, Қаратау – тау т.б.;

- біртектес объектілерді ажыратушы қызметін атқарумен қоса, атау нақты объектіні біртектік объектілер қатарына қосады. Мәселен, Алматы қаласы, Астана қаласы, Ертіс өзені, Орал өзені, Жайық өзені, Алтай тауы,

Тарбағатай тауы т.б.;

- апелляциятердің ұғымымен байланысына орай атаулар қазіргі кезде қолданылатын жаңа сөздерден жасалуы мүмкін. Мысалы, «Чат» кафесі, «Интернет» кафесі т.б.;

- жалқы есімдердің стилистикасы – тыңдаушы мен сөйлеушінің атауға деген эмоционалдық қатынасынан тұратын ерекше экстралингвистикалық құбылыс. Бұл жағдайда атаулар варианттарының түзілуі туралы сөз қозғауға болады. Мәселен, қазақ, қырғыз халықтарында үлкенге деген ілтипат ретінде жалқы есімдерді өзгерте қолдану баяғыдан орын алған: Байжан – Бәке, Сәрсен – Сәке т.б. Сонымен қатар еркелету мақсатымен жалқы есімдерге қосымша жалғау: Әлия – Әлияшка, Айгүл – Айгуля т.б.;

- кез келген халықтың тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрінен мәлімет беретін атаулар көптеп кездеседі. Мысалы, «Алтын Орда» кафесі, Қалмақ қырылған елдімекені, *Брест қорғаны*, *Волоколамск шоссесі* т.б.

Жоғарыда аталған әмбебаптықтар – жалқы есімдерді көрсетілген тұрғыда зерттеуге жасалған алғашқы ғана талпыныс. Көрсетілген әмбебаптықтың белгілерін толық деп санауға болмайды. Біз берген ономастикалық әмбебаптық белгілерін әр тілдегі материалдарды талдау арқылы салыстырсақ, олардың жалпы әмбебаптығы мен квази әмбебаптығы анықталады.

Ономастикалық әмбебаптықты зерттеу жалқы есімдердің қалыптасу және қызмет атқару заңдылықтары жөніндегі білімімізді тереңдететіні сөзсіз. Сонымен қатар атаулар жүйесінің даму мен өзара қарым-қатынасы және апелляциятік лексика мен ономастикалық әмбебаптықтың арақатынасы да анықталады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ономастикалық материалдарды және жалқы есімдерде болып жатқан үрдістерді зерттей келе, олар әр тілдің лексикалық қорының ең құнды дереккөзі ретінде ерекше көңіл бөлуді және терең зерттеуді қажет ететіні айқындалды.

Жалқы есімдер – бұл жеке-жеке сөздер емес, өзіндік қатынасы мен өзара байланысы, заңдылықтары мен принциптері бар өзіндік біртұтас жүйе. Дегенмен жалқы есімнің тек бір объектке қатысты жекелеуші белгі екендігін ұмытпау керек. Егер бұл ерекшелігі жоғалатын болса, ол апелляциятке ауысады. Сонымен қатар жалқы есімдер сыртқы, кей кезде ішкі формасына қарай қай разряд, қай түрге жататынын, қай денотатты жекелейтінін бір қатарға тізіп көрсетеді.

Атауды жасаушы үшін (ұлтқа немесе әлеуметке қатысынсыз) тәуелсіз

жалқы есімдердің әмбебап ерекшеліктері бар, ол адам санасының әмбебап болып келуін, материалды және қияли әлемнің менталды қабылдауын ажыратады. Жалқы есімдер тілдік жүйеде, белгілі бір аймақта қызмет атқарып, ерекшелік белгілерге ие болады (шығу тегі бойынша ерекшеліктер, жасалу, сөйленісте қолданыс, стилистикалық бояу ерекшеліктері, ұлттық- мәдени нақышы т.б.).

Жалқы есімдерді зерттеу мәселелері біржақты емес, сонымен қатар өте күрделі. Сондықтан да ана тілін және шетел тілін оқып жатқан студенттерге ерекше ономастикалық білім қажет. Ең алдымен, бұл кейін жоғары оқу орындарында, мектептерде сабақ беретін студенттерге қатысты. Барлық оқу материалдарында дұрыс жазылуын, айтылуын, дұрыс талдауды қажет ететін жалқы есімдер бар. Демек, ономастикалық білім оқу үрдісінде маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, жалқы есімдерде лингвоелтанымдық, лингвомәдениеттанымдық потенциал бар. Олардың көмегімен өлкетанымдық ақпарат алуға, туған жерге, ана тілге деген сүйіспеншілік тудыруға болады. Оқыту тәжірибесінде ономастикалық фактілер қызықты, адамды ойландыратын және пайдалы оқу материалы болып табылады.

Құралда берілген мәліметтер ономастикалық мәселенің каншалықты кең екендігін көрсетеді және оны көлемі кішірек кітапшаға сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан тек студенттер ғана емес, сонымен қатар жалқы есімдерді талдауға қызығушылар да сұрақтарының шешімін таба алатын және ономастика саласы бойынша білімін тереңдетуге мүмкіндік беретін ономастикалық әдебиеттер тізімі берілген.

Жалқы есімдерді теория және практика тұрғысынан зерттеу жалғасуда, оларды дәстүрлі талдау жаңа тұрғыдан қарастырылуда, жалқы есімдерді жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу қалыптасуда, яғни ұғымдар мен ономастикалық-концептуалды аппараты нақтылануда.

Ғылымның дамуы, әлеуметтік өзгерістер, ашық қоғамдардың қалыптасуы ономастика ғылымының дамуына, экстра- және интралингвистикалық аспектілердің интеграциясына әкелді, осыған байланысты және когнитивтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, лингвоелтаным, лингвомәдениеттану, жеке тұлға тұрғысынан және мәдениаралық коммуникация, әлеуметтік ономастика, әмбебап лингвистика т.б. тұрғысынан зерттеудің жаңа мүмкіндіктері ашылды.

## **МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Білім саласын жеке ғылымға бөлудегі алғышарттары қандай?
2. Ғылым нысанасы мен нысанының болмысы қандай?
3. Ономастиканың нысаны, нысанасы, мақсаты және міндеттері қандай?
4. Тілден тыс факторларға, яғни экстралингвистикалық факторларға не жатады?
5. Мәтін және мәтінаралық (контекст) дегеніміз не? Ономастикалық мәтін, ономастикалық мәтінаралық дегеніміз не?
6. Жалқы есімдер туралы әртүрлі жанрларға жататын мәтіндерден қандай мәліметтерді алуға болады?
7. Жалқы есімдер разрядтары (антропонимдер, топонимдер, зоонимдер, космонимдер) ішінде гиперо- гипонимдік қатынастарды кесте бойынша бөліп көрсетіңіз.

8. Табиғи және жасанды жалқы есімдер туралы мәлімет беріңіз (мысалдарды келтіріңіз).

9. Төмендегі мысалдарды разряд бойынша топтастырыңыз. Қандай жалқы есімдер бірнеше разрядқа қатысты? Қандай себептен?

10. Алматы, Жалмауыз кемпір, Айша бибі, Арғын, Бурабай, Ертіс, Адыраспан, Сарыжаз ауылы, Ақтөс, Наурыз, Шолпан, Керей, Алпамыс, Үркер, Құдай, Медеу, Машка, Көкжал, Мәскеу, Миссисипи, орыс, Франция, Абай, Маржан, Ермек, грузин, Талғат, Бұхар жырау көшесі, Алтай, Ғалия, Гүлбану, Меруерт, Рахат, Сары-Арқа, Жаңа жыл Құрбан айт, Мекке, Амангелді көшесі, Сена, Қобыланды батыр, Манас, Найман, Есіл, Арал, Зорька, қазақ.

11. Этимологиялық сөздіктерді пайдалана отырып, келесі жалқы есімдердің этимондарының қай тілге жататынын анықтаңыз: Арқалық, Мақпал, Талғар, Арасан, Қапшағай, Алтай, Маралды, Жанат, Мариям, Дидар.

12. Өз облысыңыздың әкімшілік көрсеткішін қолдана отырып, басқа онимдер негізінде қалыптасқан 15 топонимді жазып алыңыз. Топонимдер жасауда онимнің қандай түрлері өнімді қолданылады? Не себептен?

13. Төменде келтірілген этнонимдерден мүмкіндігінше антропонимдік бірліктерді жасаңыз: керей, қыпшақ, жұлдыз, ай, теке, мерген, бура, дулат, шекті.

14. Ономастика идеясына сай келетін ойларды қай ғалымдар айтқан?

15. Қазақстан ономастикасының басында тұрған ғалымдарды атаңыз.

16. Ономастиканың қалыптасуындағы кезеңдерді атаңыз.

17. Қазақстан ономастикасының негізін қалаушы деп кімдерді атауға болады?

18. Сіз қай автордың, қай жылы ең алғаш рет ономастика терминін қолданғанын білесіз бе?

19. Сіз ономастиканың пәнаралық дегенін қалай түсінесіз?

20. Ономастикаға арналған халықаралық журнал қалай аталады, қай жылы алғаш рет шыққан?

21. Интегративті ғылымдар қатарына ономастиканы қосуға бола ма?

22. Жалқы есімдерді зерттеуде қажетті салаларды атаңыз.

23. Жалқы есімдерді зерттеуде қандай лингвистикалық ғылымдарды қолдануға болады?

24. Жалқы есімдерді зерттеуде тіл білімінің әр саласы бойынша деректер қажет пе?

25. Тілді зерттеудегі ономастиканың маңыздылығы қандай?

26. Топонимдерді талдай отырып, қандай ақпарат алуға болады?

27. Төмендегіні оқып, оның қаншалықты заңды екендігін анықтаңыз: Хронологиялық, географиялық, лингвистикалық, және мәдени-тарихи анықтамалардың болмауы немесе оларды ескермеу ономастикалық зерттеудің құндылығын жоғалтады (А.А Белецкий).

28. Э.М. Мурзаевтің «Очерки топонимики» (1974) атты кітабын қолдана отырып, белгілі бір территориядағы географиялық атаулар жүйесінің бір тілде

және бір уақытта қалыптаспағанын дәлелдеңіз.

29. Тұрған аймақтың, қаланың, ауылдың жаңа атаулары бойынша мысалдарын келтіріп, олардың пайда болу себептерін айтыңыз.

30. Жалқы есімнің қандай ерекшеліктері оларды арнайы категория ретінде бөліп қарастыруға себепкер болды?

31. Жалпы ономастика мен жеке ономастика бөлімдерінің мақсаты мен міндеттері қандай?

32. Ғылым, соның ішінде ономастика ғылымы даму үшін қандай шарттар қажет?

33. Ғылымның, лингвистикалық сананың дамуымен ономастикалық зерттеулер үйлесе ме?

34. Ономастикалық зерттеулердің болашағы қандай? Жаңа ономастикалық бағыттарды болжауға бола ма (олар қандай бағыттар)?

35. Ономастика құрылымы кестесін жасаңыз.

36. Е.А. Керимбаев қазақ ономастикасына қатысты әлеуметтік рөл мен әлеуметтік жағдай теорияларын қалай қарастырады? (қара.: Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. Алматы, 1995. 208-209 бб.).

37. Ономастиканың ғылым ретінде даму тарихы мен кезеңдері қандай?

38. Ономастиканы жеке ғылым деп айта аламыз ба? Дәлелдеңіз.

39. Қазақстан ономастикасы қалай дамыды?

40. Ономастикалық зерттеулер бағытының мәні неде?

41. Ономастика қандай әдіс, тәсілдерді қолданады? Арнайы ономастикалық әдістер бар деп айтуға бола ма?

42. Қолданбалы ономастика қандай басты міндеттерді атқарады?

43. Жалқы есімді зерттеу аспектілерін атаңыз.

44. Ономастика бөлімдері мен жалқы есімдер түрлерін атаңыз. Жалқы есімдердің разрядтары мен кластарының айырмашылығы неде?

45. Ономастиканың басқа ғылымдармен байланысы неден көрінеді? Ономастиканың пәнаралық екендігі неден байқалады?

46. А.В. Суперанскаяның «Общая теория имени собственного» (-М., 1973, 45-91-66.) атты кітабы бойынша «Жалқы есім зерттеу тарихынан» деген тақырыпта конспект дайындаңыз.

47. Антропонимдер түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қандай белгілері бойынша анықтауға болады?

48. Антропоним классификациясына қандай ережелер негіз болды? Кісі есімі, фамилиясы және әкесінің аты арасында функционалды айырмашылықтары бар ма?

49. Топонимдердің қандай түрлері қалыптасқан?

50. Ономастикалық қор қандай жолдармен толығып отырады?

51. Жалқы есімдер арқылы қандай ақпарат алуға болады? Жалқы есімдердің ассоциативтік аясы бар ма?

52. Әр халықтық атаулардың лексика-семантикалық классификациясын талдаңыздар және әр халықтық антропонимдер жүйесінің ұлттық ерекшелігі



жөнінде тұжырым жасаңыз.

53. Ономастикалық терминология сөздігі бойынша антропонимдердің барлық түрлеріне мысалдар келтіріп, анықтамаларды беріңіз.

54. Т. Жанұзақовтың «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» атты кітабымен танысып, қандай семантикалық критерийлер қазақ кісі аты, фамилиясы мен әкесі атының лексика-семантикалық классификациясының негізі болып табылады деген сұраққа жауап беріңіз.

55. В.У. Махпировтың «Имена далеких предков» атты кітабымен танысып, көне түркі антропонимдер мен топонимдердің семантикалық және құрылымдық модельдерін анықтаңыз. Қазіргі модельдерімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңіз.

56. А.В. Суперанскаяның «Типы и структура географических названий (На материале топонимии СССР)» атты еңбегіне сүйене отырып, әр географиялық объект түрлеріне әртүрлі құрылымдық типтер тән екендігін түсіндіріңіз.

57. Қазақстанның географиялық картасымен танысып шығып, топонимдердің әр түрлеріне мысал келтіріңіз. Олардың семантикасы мен құрылымына талдау жасаңыз.

58. Зоонимдер, космонимдер және астронимдердің әртүрлі семантикалық және морфологиялық құрылымдарына мысал келтіріңіз.

59. Идеонимдер мен прагматонимдерді бөлігі шығарудың қандай критерийлері бар? Олардың ерекшеліктері қандай?

60. Келесі антропонимдердің негізінде қандай этнонимдер жатыр? Олардың ерекшелігі неде? Сұрақтарға дайындалған уақытта «Языки народов Казахстана», «Народы России» атты кітаптарды және этимологиялық сөздіктерді пайдаланыңыз:

Найманбаев, Арғынов, Татарченко, Дулатов, Қоңыров, Шектібаев, Башкирцев, Әлімбаев, Жаңабаев, Орузбаев, Мадьяров, Кереев, Вагулин, Пермитин, Карьялайнен, Ойықбаев, Зырянов, Бойко, Мокшанцев, Русинов, Урусов, Узбеков, Литвинов, Лопарев, Ляхов, Кондуков, Бессарабев, Подольская, Черемисин, Чудинов, Вотякин, Казаченко, Сартаев.

61. Қазіргі қазақ фамилияларындағы өзгерістердің себептерін анықтап, мысалдармен дәлелденіз.

62. Ономастикалық метатілдің бар екендігін айтуға бола ма? Дәлелденіз.

63. Ономастиканың терминологиялық аппаратының жүйелігі немен анықталады?

64. Ұлттық ономастикалық терминологияның қалыптасуы мүмкін бе? Дәлелденіз.

65. Ономастикалық терминология жасауда грек-латын терминдерінің рөлі қандай?

66. Ономастикалық сөздіктер жасаудың болашағын анықтаңыз.

67. Ономастикалық тәжірибеде ономастикалық терминология сөздіктерінің қандай типтері бар?

68. Ономастикалық терминдер сөздіктерінің жасалу тарихы қандай?

69. Ономастикалық терминдерді қолдана отырып, ономастикалық терминологиядағы гипер-гипонимдік қатынасты анықтаңыз.

70. Н.В. Подольскаяның сөздігі бойынша ономастикалық терминологияның жүйелілігін дәлелденіз.

71. Кез келген ономастикалық терминология сөздігін талдаңыз.

72. Бірнеше ономастикалық терминдердің сөзмақаласын жасаңыз.

73. Жалқы есімнің жалпы есімдерден айырмашылығы көп пе? Жалқы есімдердің жалпы есімдерден тағы қандай айырмашылықтарын 112 беттегі кестеге енгізуге болады?

74. Бір жүйе ішінде қайталанатын жалқы есімдер жалпы есімге ауыспайды (мәселен, қаз. *Талғат, Сәуле*, орыс. *Евгений, Елена* есімдерінің қайталануы, қаз. *Ақсу, Қарасу*, орыс. *Березовка, Ольховка* өзен атауларының қайталануы т.б.). Неліктен? Түсіндіріңіз.

75. Қазақ тіліндегі топонимдердің орыс тіліне және, керісінше, орыс тіліндегі топонимдердің қазақ тіліне бейімделуі қалай өтеді [қара. Сұлтаньяев 1998; Диарова 1999]?

76. Жалқы есім туралы анықтамаларды талдаңыз. Авторлар жалқы есімдердің қандай ерекше белгілерін көрсетеді? Пікірлерге сүйеніп, жалқы есімнің негізгі қызметтерін көрсетуге бола ма? Олар қандай қызметтерді орындайды:

«Жалқы есімдердің жалпы белгісі зат түрлерімен байланыса отырып, атауда өз мағынасы болады, бірақ ешқандай ұғымды білдірмейді. Жалқы есімдер гиперноминативті: олардың қызметі тек атау беруде» [А.А. Реформатский, Введение в языковедение. М., 1998. 66-с.];

«Жалқы есім мен жалпы есімнің айырмашылығы морфологиясы немесе семантикасында емес, олардың қолданысында, осы екі лексикалық класқа тән қызметінде... Біртектес объектілерден бір объектіні ғана (конституэнттерді) жекелеу жалқы есімдердің қызметі болып табылады, ал жалпы есімдердің қызметі – объект түрлерін (ұғымдар, идеялар, концептер, болмыстың лингвистикалық кванттары) жекелеу екендігі жалпыға мәлім. Қызмет тұрғысынан жалқы есімдер жекелеуші, ал жалпы есімдерді – таптастырушы деп атауға болады» [А.А. Белецкий, 1972, 167-с.];

«Жалқы есімдердің негізгі айырым белгілері мынада:

- біртектес объектілерге тән ерекшеліктері бар объектілер тобына емес, ол жеке объектіге тағылады;

- жалқы есім тағылған объект әрқашанда анықталған, нақты, шектелген болып келеді;

- атау ұғыммен тікелей байланыспайды және тіл тұрғысынан алғанда нақты біржақты коннотациясы жоқ» [А. В. Суперанская, 1973];

- жалқы есім дегеніміз жекелеуді көздейтін ерекше мақсаты бар және сол мақсатқа бастапқы немесе объектті жекелеуде ие болған мағынаға ешқандай қатысынсыз өзіндік ерекше дыбыс арқылы жететін сөз, сөз тобы» [А.Н. Gardiner. *The theory of Proper Names*, 1954].

77. Ономастикада макро- және микро- терминологиялық элементтері мен

аталатын ұғымдар нені білдіреді? [қара. Суперанская 1973, 165].

78. Жалқы есімнің семантикасы туралы негізгі ережелерге сүйене отырып, жалқы есімнің семантикасының құрамы қандай деген сұраққа жауап беріңіз.

79. Жалқы есімнің ұғымы бар деп тұжырымдауға бола ма?

80. «Жалқы есімдер – бос белгілер» дегенді қалай түсінуге болады? Сіз бұған келісесіз бе?

81. Жалқы есімнің энциклопедиялық мағынасы қалай анықталады (Өртүрлі жалқы есімнің материалына сүйене отырып, дәлелдеңіз)?

82. Келесі мысалдарды талдап, сұрақтарға жауап беріңіз: төмендегі мәтіндерде жалқы есімді қолдану қандай тәсілдерге сүйенеді? Келтірілген жалқы есімдердің семантикасы және атқаратын қызметі қандай: *Астанаға сыпайы және еркін жас қызыл ковбойкалардағы Есеніндер келеді* (Я. Смеляков); *Қайтейін, Остап Бендер табылды; Ол – нағыз Дон Кихот* (ақпарат берушілер сөзінен); *Билікке бос сөйлегіш адвокаттар мен ішкіш-помещиктер, ал олардан кейін Мараттар мен Робеспьерлер келеді* (Л.Н.Толстой).

83. А.В.Суперанскаяның және Т.Жанұзақовтың еңбектерінің сәйкес бөлімдерімен танысып, келесі мысалдар бойынша жалқы есімдердің қандай негізге байланысты жалпы есімдерге ауысатынын түсіндіріңіз: *Қарабай – қарабайшылық, Қожанасыр – қожанасыршылық, Обломов – обломовщина, Хлестаков – хлестаковщина, Манилов – маниловщина, Геркулес – геркулес* (күш иесі), *Джоуль – джоуль* (тоқты өлшейтін физикалық бірлік), географиялық атау *Бермудтер – бермудтер* (киім), *Джерси* аралы – *джерси* (мата)? [Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. М., 1973, 113-122 сс.; Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. Алматы, 1982, 99-103 сс.].

84. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.

85. Лингвомәдениеттану және этнолингвистика тұрғысынан ономастикалық лексиканы зерттеудің нысаны, нысанасы, мақсаты мен міндеттері қандай?

86. О.А. Сұлтаньяевтың «қазақ географиялық атауларында сөз тіркесімен, кейде бір сөзбен берілген географиялық реалийлердің анықтамасы басты белгісі болып саналады. Олар рельефтің геоморфологиялық құрылымын, ландшафт ерекшеліктерін, географиялық реалийлердің белгілері мен ерекшеліктерін нақты жеткізеді» деген тұжырымын мысалдармен растаңыз.

87. Қазақстанда орыс ономастикалық жүйе бар деп айтуға бола ма? Егер ол бар болса, Ресейдегі орыс ономастикалық жүйеден қандай нақты ерекшеліктері бар? Дәлелдеңіз.

88. Жалқы есімнің қызметін анықтау мәселелері неге байланысты?

89. Жалпы есім атқаратын қызметінен жалқы есім атқаратын қызметінің қандай айырмашылықтары бар?

90. Тек жалқы есімге қатысты қызметін бөліп көрсетуге бола ма?

91. Нақты мысалдар арқылы жалқы есімнің атқаратын қызметін

көрсетіңіз.

92. Ономастикалық кеңістік дегеніміз не? Ономастикалық кеңістік құрамындағы компоненттерді атаңыз.

93. Ұлттық ономастикалық кеңістік, жеке ономастикалық кеңістік туралы айтуға бола ма? Дәлелденіз.

94. Ономастикалық шекті бөлудің критерийлері қандай?

95. Ономастикалық кеңістік пен ономастикалық тек туралы айтқанда қандай қиындықтар туындайды?

96. Келесі шектерге түсініктеме беріп көріңіз: атау беру (номинативтік), ассоциативті, құрылымды-семантикалық, функционалды-семантикалық, когнитивті-семантикалық.

97. Жалқы есімдердің кез келген түрінің шегін анықтаңыз. Оны кесте түрінде беріңіз.

98. Әлем бейнесі, тілдік әлем бейнесі, ұлттық әлем бейнесі ұғымдарын қалай түсінесіз?

99. Ономастикалық әлем бейнесі деген ұғым нені білдіреді және оны тілдік әлем бейнесінің фрагменті деп неге айтады?

100. Зерттеушілердің төменде берілген топоним және антропоним жүйелігі туралы айтқан пікірлерді талдап, олардың қалай байқалатынын айтыңыз:

а) «Ономастикалық, кеңістіктегі әр облыс аталмыш объектілерге сәйкес топонимия, антропонимия, мифонимия, зоонимия, хрематонимия, астронимия т.б. деп аталады. Әр шекке кіретін атаулар параметрлік қатар бойынша басқалармен байланысқан жүйені (жүйелер кешенін) білдіреді: территория, кезең, тақырып т.б. Әр шекті құрайтын (мысалы, қазіргі ағылшындар фамилиясы немесе XVIII ғ. орыстардың фамилиясы т.б.) жалқы есімдер жүйелі болып келеді. Жақын жатқан аймақ,, дәуірдегі атаулар бір-біріне оңай өтеді... әр жүйеліктерге тән ерекше лексикасы және жалқы есімдері арнайы таңдалады «топонимдік жүйе – бұл территорияға қатысты топонегіз, топоформант жиынтығы, сонымен қатар бір-бірімен байланыстыру тәсілдері мен нақты топонимдік құрылымдарын қабылдау ерекшеліктер» [А.В. Суперанская, 1973, 1985];

ә) «Топонимдік жүйе дегеніміз – өзара тәуелділігімен қалыптасу және сөзжасамдық жалпы үрдістері байқалатын тарихи және география тұрғысынан шектелген нақты территория топонимдерінің жиынтығы... Топонимдік жүйе территорияға қатысты және оның құрылымы, топонимдердің өзара байланысы жеке территорияда байқалады. Топонимдер жүйеге шығу тегі бойынша емес, бір ұлттық ортадағы географиялық объектілердің белгілі қызметін атқарушы негізінде жинақталады. Аталмыш мекеннің географиялық реалийін этнос атау ретінде қолданатын әр тілді топонимдер заңды түрде ұлттық топонимдік жүйеге енгізіледі» [И.А. Воробьева, 1983];

б) Топонимдік жүйенің параметрлері келесі: 1) жүйенің экстралингвистикалық шегі бар, қызмет аясы да шектеулі, аталмыш объектілердің нақты тарихи территориялық және шаруашылық жалпылық тән;

2) жүйе элементтерінің жекелігі, әр атаудың бір мағыналылығы;  
3) қоршаған географиялық объект туралы анықтаманы нақты атау беруде қолдану; 4) өзек пен периферияда байқалатын құрылымның иерархиялы болуы; 5) атау беруші көзқарасы; 6) атау беруде өзара байланыстың болуы» [Е.Л. Березович, 1992];

в) «Қазіргі топонимдік зерттеулер топонимнің жүйелігін көрсетеді, яғни әртүрлі тарихи кезеңдерге, әр тілге қатысты бір лингво-географиялық аймақтың топонимдік атаулар кешенін реттеп, жинастырушы құрылымдық элементтерді білдіреді. Нақты бір территорияның бір тілдің географиялық атауларының жай жиынтығы топонимдік жүйені құрамайды. Бұл атаулар өзара байланысты болуы керек. Топонимдік жүйенің негізгі құрылымдық қатынасы ретінде жүйе ішіндегі парадигматикалық және синтагматикалық қайшылықтар қабылданады» [Л.М. Дмитриева, 2002];

г) «Антропонимдік жүйе атау берудің ғасырлық тәжірибенің нәтижесі ретінде дәстүр, әдет-ғұрып, алғашқы қауымдық культ және көзқарас, аталмыш қоғам тарихында болған әртүрлі этномәдени үрдістер сияқты экстралингвистикалық факторлармен шығу тегі бойынша байланысқан әртүрлі антропонимдік модельдер жиынтығынан тұрады» [В.У. Махпиров, 1997];

ғ) «Орыс антропонимдік жүйенің қалыптасуында тіл дамуының (деривациялық модель) ішкі заңдылықтары, адстратты және конвергентті өзара байланыс (кірме сөздер және калькалау) болады. Этноұжымның тілдік санасында қоғам мен тілдің дамуындағы алдыңғы тарихи кезеңдерден көрініс беретін көнерген модельдер мен жалқы есімдер түрлерінің сақталуын қамтамасыз ететін оним қолданудың консервантты дәстүрлері күшті дамыған» [В.И. Супрун, 2000].

101. Мәдениаралық қатынастың мақсаты мен міндеттері қандай?

102. «Ұлттық мәдени кеңістік» ұғымы нені білдіреді?

103. Когнитивті базаның мазмұнын және оның ұлттық когнитивті базадан айырмашылығын түсіндіріңіз.

104. Жалқы есімдерге қатысты «фрейм-құрылым», «стереотип», «штамп», «клише» ұғымдарына анықтама беріңіз.

105. Прецедентті атауларды бөліп көрсетудің белгілері мен критерийлерін атаңыз.

106. Прецедентті феномен ішінде прецедентті атаулардың алатын орны.

107. Әмбебап-прецедентті, ұлттық-прецедентті, әлеуметті-прецедентті, фреквенталды-прецедентті типтері бойынша прецедентті атауларға мысалдар келтіріңіз. Мысалдардың аталған типтерге дәл келетінін дәлелдеңіз.

108. Прецедентті атауларға келтірілген мысалдар бойынша бірнеше сөздік мақала жазыңыз.

109. Ономастикалық лексикография қандай кезеңдерден өтті?

110. Ономастикалық лексикографияның болашағы қандай?

111. Апеллятивті сөздіктерден ономастикалық сөздіктердің қандай айырмашылығы бар?

112. Ономастикалық сөздіктерді түзудің қандай принциптері бар?
113. Әмбебап ономастикалық сөздікті жасауға болады ма?
114. Ономастикалық сөздіктердің қандай түрлері бар?
115. Қазақстандағы ономастикалық лексикографияның дамуы мен болашағы қандай?
116. Қазақстанда жасалған топонимдік сөздіктердің біреуін талдап беріңіз.
117. Қолда бар антропонимдік сөздіктердің біреуін талдап беріңіз.
118. Жалқы есімдердің әр түріне 5-6 сөздік мақала дайындаңыз.

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫПТАРЫ** (реферат түрінде)

1. Жалқы есім – тілдік категория.
2. Қазақ антропонимдік жүйенің тарихи дамуы.
3. Қазіргі қазақ антропонимдік жүйесі.
4. Қазақ антропонимдердің стилистикалық реңкі.
5. Орыс (басқа ұлттар) антропонимдік жүйесі.
6. Қазақ кісі есімдер жүйесіндегі шетел тілдік есімдер.
7. Орыс антропонимдік жүйедегі шетел тілдік есімдер.
8. Қазақ және орыс есімдері: ортақ белгілері және ерекшеліктері.
9. Қазақ антропонимиясындағы сөзжасам.
10. Қазақ кісі аттарының шығуы.
11. Орыс (басқа ұлттардың) кісі аттарының шығуы.
12. Қазақ фамилияларының лексика-семантикалық негіздері.
13. Орыс фамилияларының негіздері (Қазақстан онимдері бойынша).
14. Бейресми кісі аттары (кез келген тіл материалдары бойынша).

15. Сөйленістегі кісі аттарының өзектілігі (функционалды аспект).
16. Шетел тілдегі жалқы есімдерді қазақ тілінде берудің фонетикалық негіздері.
17. Лақап аттардың шығуы: этимологиясы, атау беру уәждері.
18. Лақап аттардың жасалу тәсілдері.
19. Жасырын аттардың даму тарихы.
20. Топонимдер – жер тілі.
21. Топонимдік зерттеу әдістерінің дамуы.
22. Қазақ топоним құрамындағы географиялық терминдердің сипаты.
23. Қазақ географиялық атаулардың типтері мен құрылымы.
24. Қазақстанның көне топонимдері.
25. Қазақстандағы орыс топонимдері.
26. Қазіргі карта – Қазақстан қалаларының атаулары(қалыптасу тарихы, синхронды жағдайы).
27. Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері (әртүрлі онимдер бойынша).
28. Топонимика – этногенетикалық ізденістердің дереккөзі.
29. Қазақстанның географиялық атаулары.
30. Топонимиканың этимологиялық әдісі.
31. Қазақ халық космонимдерінің сипаты.
32. Орыс космонимдерінің атау беру принциптері.
33. Қазақ жұлдыз шоғырларының атаулары.
34. Халық космонимдерінің ерекшеліктері (салғастырмалы талдау).
35. Көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері.
36. Көркем әдебиеттегі жалқы есімдер – стилистикалық категория.
37. Баспасөздегі жалқы есімдердің қызмет аясы.
38. Топоним – газет мәтінінің функционалды бірлігі.
39. Антропоним және саяси дискурс.
40. Диалект және жалқы есім.
41. Жаргон және жалқы есім.
42. Қала топонимикалық кеңістігі.
43. Қала урбанонимдері.
44. Ауыл елдімекендерінің атаулары.
45. Семиотика және тауар белгілері.
46. Жануар атауларының сипаты.
47. Жалқы есімдердің лингвоелтанымдық қызметі.
48. Кірме жалқы есімдер және практикалық транскрипция.
49. Ономастикалық терминологияның жүйелілігі.
50. Онимдену: жалпы есімдердің жалқы есімдерге ауысу үрдісі.
51. Бейонимдену: жалқы есімдердің жалпы есімдерге ауысу үрдісі.

## ҚАЗАҚСТАН ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ ТҮЛҒАЛАР

**Әбдірахманов Айтым Әбдірахманұлы** (25.12.1928–20.03.1994) – филология ғылымдарының докторы. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында білім алған (1946-1954). 1955 жылы «Қазақстан топонимдерінің кейбір мәселелері» атты кандидаттық диссертациясын (ғылыми жетекшісі – проф. С. Аманжолов) және 1991 жылы – «Қазақстан топонимдерін тарихи этимологиялық зерттеу» атты докторлық диссертациясын қорғады. 1970 жылдан 1981 жылға дейін Қазақстан Республикасы ғылым академиясы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ономастика бөлімін басқарды. 130 шақты ғылыми еңбектердің авторы. Қазақ топонимикасы, терминология, қазақ орфографиясы бойынша маман болған. А.Ә. Әбдірахманов еңбектерінде Қазақстан топонимдері лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық, әсіресе, тарихи-этимологиялық бағыттар бойынша талданған. Бұл ізденістер қазақ ономастикасын, қазақ тілін дамытуда, Қазақстан территориясында көне түркі және түркі емес рулардың қоныстануын, Қазақстан этногенезі мен этникалық тарихын анықтауда құнды болып есептеледі. Зерттеулер алтай тілдік ұядағы басқа тілдермен тарихи салыстыру арқылы жасалды. Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі. *Негізгі еңбектері: Қазақстанның жер-су аттары* (1959), *Топонимика және этимология* (1975), *Орталық Қазақстанның жер-су аттары* (автор. бірі, 1989), *Қазақстанның этнотопонимикасы* (1968), *О географических названиях Казахстана, их исследовании, написании и транскрипции* (автор. бірі, 1971), *Орфографический словарь географических названий* (Р. Сыздық кітәбында *Справочник по казахской орфографии и пунктуации*, 1960).

**Ержанова Ұлдай Рсқалиқызы** (1956) – 1979 жылдан Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында оқытушы, ізденуші, аға оқытушы, доцент қызметтерін абыроймен атқарып келеді. 1997 жылы «Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты» атты кандидаттық диссертациясын А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының диссертациялық кеңесінде қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағын алды. 2000 жылдан Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясының доценті. Ұ.Р.Ержанова – 43 жылдық ұстаздық қызметі уақытында 80-нен аса ғылыми еңбектің, соның ішінде облыстағы жер-су атауларының этнолингвистикалық ерекшеліктерін танытуға арналған 4 монографиялық, ғылыми-көпшілік кітаптардың авторы. Сондай-ақ, 3 әдістемелік оқу құралы, 2 жаттығулар жинағы, 3 электрондық оқулығы студенттердің оқу құралына айналды. Ұлдай Рсқалиқызы бірнеше жылдан бері Облыстық ономастикалық комиссияның тұрақты мүшесі. Қала көшелеріне, елді мекендерге тарихи тұлғалардың атын беруде, сондай-ақ, мемлекеттік тұрғыдағы тілдік, қоғамдық проблемаларға ұсыныс-пікірін айтуда да өзіндік үлесін қосып келеді. Ол - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика және тілдер департаментінің



шақыруымен бірнеше рет Астана қаласындағы ғылыми-халықаралық конференцияларға қатынасып, ұсыныс-пікір, проблемалар көтеріп жүрген ғалым. Бірнеше жыл қатарынан Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен Мемлекеттік Аттестациялау комиссиясының мүшесі. *Негізгі еңбектері:* Ақжайық өңірінің топонимиясы (1998), Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі (2001), Орал қаласы көше атауларының баяны (2013), Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі (2016).

**Жанұзақов (Жанұзақ) Телғожа Сейдінұлы** (15.07.1927) – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылым академиясы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас маманы, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Гуманитарлы ғылым академиясының академигі. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында білім алған (1946-1951). Абай атындағы ҚазПИ аспирантурасын өткен (1951-1952). 1960 жылы «Қазақ тілінің кісі аттары» атты кандидаттық диссертациясын (ғылыми жетекшісі – проф. С.Е. Малов пен акад. І. Кеңесбаев) және 1976 «Қазақ тілі ономастикасының негізгі мәселелері» атты докторлық диссертациясын қорғады. Т. Жанұзақов – Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Тіл білімі институты ономастика бөлімінің негізін қалаушылардың бірі, оның тұңғыш меңгерушілерінің бірі. 180 аса ғылыми еңбектің авторы. Теоретикалық ономастика маманы, жалқы есімдердің антропоним, топоним, этноним, космоним разрядтарын зерттейді. Қазақ ономастикасының іргетасын қалаушылардың бірі. Қазақ ономастикасында тұңғыш рет салыстырмалы-тарихи әдісі негізінде жалқы есімдерінің әр түрлерін, соның ішінде антропоним, топоним, этноним, космонимдерді кешенді түрде талдады. Оның еңбектері қазақ жалқы есімдерінің болмысы, қазақ халқының атау беру шығармашылығындағы салт-дәстүр, дұрыс жазылу, қазақ атаулардың орыс тіліне транскрипциялану ережелері, әкесінің аты, фамилияның жасалуы, жалқы есімдер ішінде этнонимдердің алатын орны жөнінде дерек береді. Оның жетекшілігімен топонимдік сөздік сериялары шығарылды. *Негізгі еңбектері:* *Қазақ есімдерінің тарихы (лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау)* (1971), *Очерк казахской ономастики* (1982), *Орталық Қазақстанның жерсу аттары* (автор. бірі, 1989), *Какое выбрать имя. Справочник имен* (бір.авт., 1968), *Тайны имен* (1974), *Қазақ есімдері. Казахские имена: Словарь-справочник* (1988), *Этюды о казахских этнонимах* (1980), *Лексико-семантические особенности казахских этнонимов* (1986), *Лексико-семантические особенности космонимов* (1978), *Тюркская ономастика в СССР. Перспективы и развитие. Обзор* (1990), *Жер-су атауларының анықтамалығы* (бір.авт., 2010), *Кісі есімдерінің анықтамалығы* (бір.авт., 2010).

**Иманбердиева Сәуле Құрманбайқызы** (11.08.1972) – филология

ғылымдарының докторы, Алматы менеджмент университетінің профессоры. 2001 ж. «Қаладағы тағамхана атаулары» тақырыбына жазылған кандидаттық диссертация қорғады (ғылыми жетекшісі – проф. Г.Б. Мәдиева). С.Иманбердиева А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 2001 жылдан Ономастика бөліміне кіші ғылыми қызметкер ретінде қызметін бастап, аға ғылыми қызметкер, ғалым хатшы қызметтерін (2009-2011) атқарды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде Қызылорда, Қостанай облыстары бойынша топонимдік сөздік сериясын әзірлеуге қатысты. 2010 жылы «Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде)» атты докторлық диссертациясын қорғады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы медалімен марапатталды. 2012 жылдан Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссияның мүшесі. Осының негізінде «Ономастика туралы» Заңның мәтінін түзуге, Қазақ кісі есімдерінің дұрыс жазылу туралы нұсқаулық әзірлеуге ат салысты. Республикадағы ономастика саласындағы жұмыстарды ғылыми-теориялық, әдістемелік, практикалық тұрғыдан реттестіру ісіне де көп үлес қосты. 100-ден аса ғылыми еңбектің авторы. *Негізгі еңбектері: Қала ономастикасының кейбір мәселелері* (2004), *Ономастика: зерттеу мәселелері* (автор. бірі 2005), *Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде)* (2010), *Алматы қаласының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы* (2009. 240), *Ономастикалық анықтағыш* (2006).

**Керімбаев Есенгелді Әуелбекұлы** (30.04.1950) – филология ғылымдарының докторы, А. Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің М.Әуезов атындағы Шымкент бөлімшесінің профессоры. Шымкент педагогикалық институтында білім алған (1975). «Қазақстан оронимиясының лексика-семантикалық типологиясы» атты кандидаттық диссертациясын (ғылыми жетекшісі – Т. Жанұзақов) (1988) және «Қазақ жалқы есімдерінің атау беру және қызметінің этномәдени негіздері» атты докторлық диссертациясын 1992 жылы қорғады. Теоретикалық ономастика мәселелерін жасауда, қазақ жалқы есімдерін этнолингвистика, семасиология және функционалды аспект тұрғысынан зерттейді, қазақ ономастикасында бірінші болып жалқы есімдердің эзотериялық қызметіне көңіл бөлді, қазақ ономастиканы бірліктерін сөйленісте қолдану мәселелерін зерттейді, жеке ономастикон ұғымын жасауда. *Негізгі еңбектері: Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах* (1995), *Язык земли* (1984), *Орталық Қазақстан жер-су аттары* (автор. бірі, 1989), *Этнолингвистические аспекты казахской ономастики* (автор. бірі, 1990).

**Қойшыбаев Еркебай** (14.10.1914) – филология ғылымдарының кандидаты. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде білім алған (1955-1960). 1967 жылы «Жетісу топонимдерінің негізгі түрлері» атты кандидаттық диссертациясын қорғады (ғылыми жетекшісі – проф.

Ғ. Мұсабаев). Топоним саласының маманы. Қазақ ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі. Оның еңбектерінде Жетісу территориясындағы топонимдердің түрлері анықталған, этимология тұрғысынан Қазақстан топонимдерінің біршамасы қарастырылған, құнды этимологиялық түсініктемелер берілген, топонимдік компоненттердің түсті білдірмейтін болмысы және топонимдік сөзжасамдағы сан есімдердің рөлі анықталған. *Негізгі еңбектері: Краткий словарь топонимов Казахстана (1974), Қазақстанның жер-су аттары сөздігі (1985), Древнетюркские черты в топонимах Казахстана (1972).*

**Қоңқашпаев Ғали Қоңқашпайұлы** (11.1904 – 26.06.1986) – география ғылымдарының кандидаты. Ғ.Қ. Қоңқашпаев мамандығы географ болғанына қарамастан біз оны персоналий тізіміне кіргіздік, себебі ол отандық ономастика тарихында бірінші болып топонимдік сөзжасам базасын құрайтын географиялық терминология бойынша кандидаттық зерттеу жүргізді. Сонымен қатар ол Қазақстан географиялық атауларының этимологиясымен айналысты, Қазақстан территориясындағы моңғол атауларын анықтады, қоршаған болмысты атау үрдісінде қазақтардың этномәдени және географиялық бағытын негіздеді. Ғ.Қ. Қоңқашпаев Қазақстан ономастикасы үшін құнды дереккөзі болып табылатын «Қазақ халықтық географиялық терминдер» атты кандидаттық диссертациясын 1948 жылы қорғады. *Негізгі еңбектері: Словарь казахских географических названий (1963), Вопросы транскрипции казахских географических названий (1949), Географические названия монгольского происхождения (1959), Особенности народной географической терминологии казахов (бір.авт., 1962).*

**Мәдиева Гүлмира Баянжанқызы** (21.01.1958) – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі. Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде білім алған (1975-1979). 1990 жылы «*Шығыс Қазақстан гидронимиясы*» атты кандидаттық диссертациясын (ғылыми жетекшісі – проф. А.С. Аманжолов) және 2005 жылы «*Қазіргі Қазақстанның ономастикалық кеңістігі: құрылымы, семантикасы, прецеденттілігі, лемматизациясы*» атты докторлық диссертациясын қорғады. Г.Б. Мәдиеваның ғылыми қызығушылығының шеңбері ономастика теориясы, жалпы тіл білімі, лексикография мәселелерін қамтиды. Г.Б. Мәдиеваның жетекшілігімен 1 филология ғылымдарының докторы, 7 филология ғылымдарының кандидаты, 3 PhD докторы даярланды. Оның 200 астам ғылыми еңбегі жарық көрген. Г.Б. Мәдиева бірнеше гранттардың иегері болып табылады: Сорос-Қазақстан қоры (1998), «Русский мир» қоры (2008, Мәскеу), Эрасмус Мундус (2013), Фольксваген ат. Грант, «Қазақ тілі Алматы корпусы» мемлекеттік бюджет бойынша ғылыми-зерттеу жобасының жетекшісі. 2008, 2014 жылдары «ЖОО Үздік оқытушысы» атағын иеленді. *Негізгі еңбектері: Тіл білімі сөздігі. Словарь по языкознанию (1998), Имя*

*собственное в контексте познания* (2010), *Теоретические основы ономастики. Учебное пособие* (бір.авт., 2010), *Ономастика: зерттеу мәселелері* (2004, бір.авт. Иманбердиева М.Қ.), *Жер-су атауларының анықтамалығы* (бір.авт., 2010), *Кісі есімдерінің анықтамалығы* (бір.авт., 2010).

**Махпиров Валерий Уйгурович** (12.11.1952) – филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынас және әлем тілдері Қазақ университетінің профессоры. Житомир педагогикалық университетінде білім алған (1971-1976). 1980 жылы «Махмұд Қашқаридің «Диуану лұғат ит-түрк» атты еңбегі негізінде XI ғасыр ескерткішіндегі жалқы есімдер» атты кандидаттық диссертациясын (ғылыми жетекшісі – проф. Н.А. Басқаков) және 1998 жылы «Көне түрік ономастикасы: қалыптасуы, қызмет ерекшеліктері, мағыналық модельдері және құрылымдық типтері» атты докторлық диссертациясын қорғады. Тарихи ономастика бойынша маман, көне мәтіндегі антропоним, топоним, этноним разрядтарын зерттеумен шұғылданады. Аз зерттелген көне түрік дәуіріндегі жалқы есімдердің қызметі мен қалыптасу мәселелеріне жүйелі түрде талдау жасаған; руникалық, көне ұйғыр және араб жазуымен берілген көне түрік жазба ескерткіштерінің бай материалдары негізінде көне түркі жалқы есімдері талданған, олардың құрылымдық типтері мен мағыналық модельдері келтірілген, сонымен қатар тарихи-этимологиялық талдау жасалған. *Негізгі еңбектері: Антропонимы в «Дивану лугат ит-турк» и «Кутадгу билиг»* (1979), *«Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского и вопросы тюркской ономастики* (1984), *Структурно-функциональное развитие антропонимических формантов в тюркских языках* (1985), *Древнетюркская ономастика* (1990), *Сравнительный словарь тюркских языков*, 1-2 т. (құраст.бірі) (1991). *Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики)* (1997).

**Попова Валентина Николаевна** (26.02.1923) – филология ғылымдарының докторы, А. Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің М. Әуезов атындағы Шымкент бөлімшесінің профессоры. Петрозаводск қаласының Карель-Фин мемлекеттік университетінде білім алған (1941-1946). Томск мемлекеттік университетінде аспирантураны өткен. 1966 жылы «Павлодар облысының гидронимдері (лингвистикалық талдау)» атты кандидаттық диссертациясын (ғылыми жетекшісі – проф. А.П. Дульзон) және 1997 жылы «Қазақстан топонимдерінің құрылымды-семантикалық табиғаты» атты докторлық диссертациясын қорғады. 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. Теоретикалық ономастика маманы, антропоним, топоним, этноним түрлерін зерттеумен айналысады. Қазақстан ономастикасы негізін қалаушылардың бірі. Қазақстан топонимиясын құрылымы және семантикасы тұрғысынан зерттеген, көне топонимдердің лексика-фонетикалық келбетін анықтаған, құнды этимологиялық талдау жасаған,

топонимдердің классификациялық схемасын жасаған. *Негізгі еңбектері: Информационная роль местных географических терминов в составе топонимов* (1970), *Антропонимы в сфере казахско-русского двуязычия* (1980), *Улицы города Чимкента. Путеводитель справочник* (1983), *Отражение растительного мира в топонимах Казахстана* (автор. бірі, 1984), *Гидронимические параллели Южного Казахстана и Поволжья* (автор. бірі, 1992), *Словарь географических названий Казахстана Павлодарской области* (1994), *Шымкент и его урбанонимия* (1995).

**Рысберген Қыздархан Құрмашқызы** (1957) – филология ғылымдарының докторы, 1981-1983 жж. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ономастика бөлімінің меңгерушісі. «Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана» атты тақырыпта кандидаттық диссертация (1993), «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап шықты (2010) (ғылыми жетекшісі – проф. Т. Жанұзақ). Қ.Рысберген іргелі ғылыми зерттеулермен қатар Республикадағы ономастика саласындағы жұмыстарды ғылыми-теориялық, әдістемелік, практикалық тұрғыдан реттестіру ісімен де айналысып келеді. Мәселен, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәні зор құжаттар санатындағы «*Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий*» атты нұсқаулықты 2003 ж. және «*Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстардың тұжырымдамасының*» жобасын 2004 ж. әзірлеуге қатысты. 60-тан астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақала, кітап, сөздіктері жарық көрді. Қ.Қ.Рысбергеннің ғылыми жетекшілігімен 6 кандидаттық диссертация қорғалды. *Негізгі еңбектері: Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана* атты монографиясы (2000), *Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы* әдістемелік құралы (бір.авт. Т.Жанұзақ, 2004), *Қазақша-орысша сөздік* (бір.авт., 2002), *Орысша-қазақша сөздігі* (бір.авт., 2005), *Ұлттық ономастиканың этномәдени және лингвокогнитивтік негіздері* (2011).

**Сұлтаньяев Оғаз Арыстанғалыұлы** (21.02.1938) – филология ғылымдарының докторы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры. Абай атындағы Қазақ педагогика институтында білім алған (1958-1962). «Көкшетау облысының топонимдері (лингвистикалық талдау)» атты кандидаттық диссертациясын 1969 ж. (ғылыми жетекшісі – проф. А.П. Дульзон) және 1994 ж. «Ш.Уәлиханов шығармасындағы орыс және қазақ лексикасы мен фразеологиясы» атты докторлық диссертациясын қорғады. 70 аса ғылыми еңбектің авторы. Теориялық топонимия саласының маманы, орыс және қазақ макротопонимдері мен микротопонимдерін зерттеді. Өз зерттеулерінде ол Көкшетау облысының орыс және қазақ макро-, микротопонимдеріне кешенді құрылымды-семантикалық талдау жасаған,

зерттелген аймақ топонимдеріне этимологиялық талдау негіздерін берген, фонетикалық бейімделу және жалқы есімдердің өзара байланысы мәселелерін қарастырған, топонимдердің құрылымдық типтерін салыстырған, аймақтың орыс топонимдерін атау принциптерін анықтаған. *Негізгі еңбектері: Принципы номинации в казахской топонимике Кокчетавской области* (1971), *Понятные непонятности: Пособие по внеклассной работе (на топонимическом материале)* (1973), *Восточный Туркестан в собственных именах (по произведениям Ч. Валиханова)* (1989), *О методе ономастических исследований Ч. Валихановым* (1980), *Казахская ономастика* (1998).

## ОНОМАСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН ГРЕК- ЛАТЫН ТЕРМИНДІК ЭЛЕМЕНТТЕРІ

агио-	– грек. «әулие»	
агоро-	– грек. «алаң, базар»	
агро-	– грек. «егіндік»	
акро-	– грек. «сыртқы»	
алло-	– грек. «басқа, өзге»	
андро-	– грек. «еркек, ер»	
анемо-	– грек. «жел»	
антропо-	– грек. «адам»	
апелл-	– лат. «жиі, атау», грам.	Nomen appellativum – «жалпы есім»
астио-	– грек. «қалалық»	
астро-	– грек. «жұлдыз»	
био-	– грек. «өмір»	
гело-	– грек. «батпақ»	
гео-	– грек. «жер (планета ретінде)»	
гидро-	– грек. «су»	
дримо-	– грек. «орман»	
дромо-	– грек. «жол»	
зоо-	– грек. «жанды, жануар»	
комо-	– грек. «ауыл, кент»	
космо-	– грек. «әлемдік зат, әлем жасау»	
крипто-	– грек. «сырлы, құпия, тылсым»	
лимно-	– грек. «көл»	
матро-	– грек. «ана»	
микро-	– грек. «кіші, кішігірім»	
макро-	– грек. «үлкен, кең»	
мифо-	– грек. «аңыз, әңгіме»	
ойко-	– грек. «тұрғын үй, лашық»	
океано-	– грек. 1. «мұхит құдайы», 2. «шексіз теңіз»	
оним-, оном-	– грек. «атау, есім»	
пелаго-	– грек. «теңіз»	
потамо-	– грек. «өзен»	
псевдо-	– грек. «бүркеншік»	
спелео-	– грек. «үңгір»	
топо-	– грек. «мекен»	
урбано-	– лат. «қалалық»	
хоро-	– грек. «шектік белгі, шеқара»	
хремато-	– грек. «зат, іс. материалды меншік, табыс»	
хроно-	– грек. «уақыт, кезең, жас мөлшері»	
эпоним-	– грек. «бір нәрсеге өз атын беруші»	
этно-	– грек. «қоғам, топ, шығу тегі, ру, халық».	

## ОНОМАСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ

### А

**АББРЕВИАТУРАЛЫҚ АТАУ** – сөз тіркестерін қысқарту арқылы жасалған жалқы есім түрі.

1. Акроним сияқты инициал түрі – сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің бас әріптерінен тұратын атау Мыс.: ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, АҚШ – Америка құрама штаттары, БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы, ШЫҰ – Шанхай ынтымақтастық ұйымы.

1. Күрделі қысқарған түрі – а) аппелятивті не онимдік тіркестің, не жеке есімдердің бастапқы бөліктерін тіркеу арқылы жасалған жалқы есім. Мыс.: Марлен – Маркс, Ленин. ә) бастапқы буын және әріптерден құралған кәсіпорын атауы. Мыс.: ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті, ҚарМУ – Қарағанды мемлекеттік университеті, ТарМПИ – Тараз мемлекеттік педогоикалық институты.

**АББРЕВИАТУРАЛЫҚ ТЕК** қара: тек-аббревиатура.

**АББОРИГЕНДІ ЕСІМ** қара: абборигенді жалқы есім.

**АВТОЭТНОНИМ** қара: этноним.

**АГИОГРАФИЯЛЫҚ ЕСІМ** қара: агиографиялық кісі есімі.

**АГИОНИМ** – қасиетті әулиенің есімі; ел ішінде «әулие» ұғымына ие болып, таралған есімдер, мыс., Арыстанбаб, Қарғабаб, Домалақ ана.

**АГИОТОПОНИМ** қара: топоним.

**АГОРОНИМ** урбанонимнің бір түрі (қара), қала алаңының немесе базарының атауы. Мыс.: Кенжехан, Болашақ, Сәлем, Ескі алаң, Барлық т.б.

**АГРОНИМ** – топонимнің түрі (қара), жер телімі, егістік, егінжайдың атауы. Мыс.: Қызыл егістік, Көкжайлау.

**АКРОНИМ** қара: аббревиатуралық есім.

**АЛЛОНИМ** – кез келген объект атауының варианты; әртүрлі тілдік жағдайда жалқы есімнің немесе оның құрылымындағы бір элементінің (фонеманың, морфеманың, лексеманың) өзгеруі; аллонимдердің бірнеше түрлері болады: ресми және бейресми (Байтұрсын – Тұрсын, Бектемір – Бек, Нұрбүбі – Бүбіш), әдеби және диалектті (Ғалия – Қалия), әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық (Джамбыл – Жамбыл, William – Вильям, Уильям), хронологиялық (қала атаулары: Алматы – Заилийское – Верный – Алма-Ата – Алматы; Қараоткель – Ақмола – Ақмолинск – Целиноград – Ақмола – Астана).

**АЛЛОЭТНОНИМ** қара: этноним.

**АНАТОМИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА** [халық географиялық терминологиясында] – адамның, жануардың дене мүшелерін білдіретін метафоралы географиялық терминдердің негізін құрап, топонимдер құрамына енетін сөздер. Мыс.: жал – Ақжал, мұрын – Құсмұрын, емшек – Қыземшек т.б.

**АНДРОНИМ** антропонимнің түрі (қара:); күйеуінің есімі, тегі немесе лақап аты бойынша әйелін атау.



**АНЕМОНИМ** – оним түрі. Табиғи зілзала атауы, соның ішінде жел, дауыл, циклон, тайфун атаулары. Мыс.: «Фитоу» тайфуны, «Болавен» тайфуны, Алиса дауылы т.б.

**АНОНИМ** 1. Өз есімін жасырған шығарма немесе хат авторы. 2. Авторы көрсетілмеген шығарма.

**АНТЕЦЕДЕНТ** – көне философтар, әсіресе, Кант мектебінің логиктері тілінде, олардың тұжырым, пікір және дәлелдерінде антецедент белгілі түрде баяндауышқа қатысты логикалық бастауышы дегенді, басқаша айтқанда, салдардың себебін білдіреді. Шартты түрде айтатын болсақ, «Егер А, онда В» айтылым «А» антецедент дегенді білдіреді; айтылым «В» консеквент (лат. consequens – «салдар», «тұжырым») дегенді білдіреді. Мысалы, шартты айтылымда «Егер қазір түн болса, онда қараңғы»: антецедент – «қазір түн», ал консеквент – «қараңғы».

**АНТОНИМДІК ЕСІМ** қара: бинарлы оппозиция.

**АНТОНОМАСИЯ** – лексикалық мағынаның екі түрінің – негізгі және мәтін ішіндегі, нысанды-логикалық және аталымдық мағынаның бір уақытта іске асуына негізделген жеке стильдік тәсіл.

**АНТРОПОЗООНИМ** қара: зооним.

**АНТРОПОМОРФТЕУ** – жануар, зат, құбылыстарға т.б. кісі есімін телу. Қара: антропоморфтік атау.

**АНТРОПОМОРФТІК АТАУ** – жануар, зат, құбылысқа т.б. телінген жеке есіміне айналған кісі есімі. Мыс.: «Алиса» дауылы, «Әйгерім» дүкені, «Вася» мысық.

**АНТРОПОНИМ** – онимнің ірі разряды; адамның аты (*Балжан, Бауыржан, Шоқан*), лақап аты (*Жаңғалақ, Тапал*), әкесінің аты (*Орынбасарқызы, Омарханұлы*), жасырын аты (*А.П. – А.С.Пушкин, Ч.Б.С. – А.П.Чехов*), бүркеншік аты (*С.Сейфуллин – Жұмақан, Денев Катрин* — шын фамилиясы *Дорлеак*) т. б. Антропонимнің бірнеше түрі бар: *диалекті антропоним* – антропонимнің диалекті формасы және диалектік лексика (негізінен лақап ат) сөздерден жасалған антропоним; *индивидуалды антропоним* – жеке бір адамның есімі, мысалы, *Әйгерім, Нұрлан, Саят* т. б.; *әдеби антропоним* – әдеби тіл нормаларына сәйкес келетін антропоним формасы, мысалы, *Бақтияр, Сәкен, Ләйлә* т. б.; *поэтикалық антропоним* – атау қызметінен басқа стилистикалық қызметін атқаратын көркем шығармадағы антропоним, әлеуметтік және идеологиялық бағыты болуы мүмкін, негізінен шығарма кейіпкерінің мінезін, бейнесін көрсету қызметін атқарады, мысалы, *Тоғжан, Ұлан, Ботагөз, Қарабай, Мәжнүн, Бекежан* т.б.

Е с к е р т п е: п. а. ойдан шығарылған атаулар категориясына жатуы мүмкін, бірақ жазушылар өмірде болған тұлғалардың есімдерін немесе ойдан шығарылған, бірге өмірде болған тұлға есімдерін біріктіріп қолдануы мүмкін; п. а. терминінің орнына көбінесе «көркем шығарма антропонимі», «белгілі бір шығармадағы жалқы есімдер» сияқты анықтаушы сөз тіркестері, «әдеби антропоним» термині қолданылады; *ареалды антропоним* – өмірде, тұрмыста, болмыста бар антропоним; *топоантропоним* – кез келген топонимнен

жасалған антропоним. Мыс.: *Жамбыл, Тарази, Баласағұни, Қашғари, әл-Фараби* т. б.

**АНТРОПОНИМДЕНУ** – апеллятив немесе онимнің басқа түрінің антропонимге ауысуы және осы разряд түрінде қалыптасып, дамуы. Мыс.: тапал – Тапал лақап аты – Тапалов тегі; «Йүгінек» елдімекен – Йүкінеки тегі; «Зухра» жұлдызы – Зухра кісі есімі.

**АНТРОПОНИМДІК** – антропонимге қатысты сын есім.

**АНТРОПОНИМДІК АФФИКС (ЖҰРНАҚ)** – кісі есімін жасаушы аффикс. Сөздің антропоним, атаудың антропоним екендігін көрсететін антропоним құрамындағы жұрнақ. Мыс.: *Избасаро-вич, Мақсұт-овна, Сапин-а* т. б.

**АНТРОПОНИМДІК МОДЕЛЬ (ҮЛГІ)** – антропонимнің сұлбасы, антропоним элементтерін нақты заңды құрастыру; морфологиялық құрылым түрі, уәж ерекшелігі. Мыс.: *Домалақ ана, Оқишы ата, Ғайып баба* т. б.

**АНТРОПОНИМДІК НЕГІЗ** – формантсыз антропонимнің бөлігі.

**АНТРОПОНИМДІК ЖҮЙЕ** – белгілі бір мезгілдің, белгілі бір халықтың антропонимдер жиынтығы.

**АНТРОПОНИМДІК САУАЛНАМА** – қала, ауыл немесе мұрағаттан антропонимдік материалдарды ауызша немесе жазбаша жинауға арналған сұрақнама.

**АНТРОПОНИМДІК ЛЕКСЕМА (АНТРОПОЛЕКСЕМА)** – антропоним рөлін атқаратын тілдің құрылымды элементі ретіндегі сөз; екі немесе үш құрамды атаулардағы осы атау моделін құрайтын әр сөзі. Мыс.: *Абай, Құнанбаев, Ыбырай, Алтынсарин* т. б.

**АНТРОПОНИМДІК ФОРМУЛА** – белгілі бір дәуірдегі ұлт, шығу тегі, наным-сенімі бар адамды ресми түрде атаудағы антропоним мен номендердің нақты бір реті. Мыс.: *Тәуке хан, Ақсақ Темір, Қазыбек би, Наурызбай батыр* т. б.

**АНТРОПОНИМДІК АРЕАЛ** – белгілі бір антропонимдік элементтің таралу аймағы.

**АНТРОПОНИМДІК АТЛАС** – антропонимиканың жалпы немесе жеке құбылыстарының белгілі бір территорияда таралуын көрсететін карта, атлас.

**АНТРОПОНИМДІК ТЕРМИН** – антропонимдердің әртүрлі категориялары мен олардың элементтерін, антропонимдік үрдіс, құбылыс, зерттеу түрін, ономастиканың бөлімін, зерттеу материалын, зерттеушіні атау үшін қоланылатын антропонимика термині, мыс., антропонимика, антропонимия, антропонимист, кісі аты, ру аты, фамилия, лақап ат т. б.

**АНТРОПОНИМДІК ФОРМАНТ (антропоформант, антропоним форманты)** – антропонимнің аффикстік элементі, соның ішінде антропонимдік жұрнақ.

**АНТРОПОНИМИКА** (қара: **антропоним**) – ономастиканың кісі есімдерін зерттейтін саласы.

**АНТРОПОНИМИКОН** – 1. Кісі есімдеріне, тегіне, лақап атына, ескі діни кісі есімдеріне арнайы жеке жасалған антропонимдер сөздігі немесе

тізімі. 2. Белгілі бір мерзімге қатысты нақты халықтың немесе социумның кісі есімдер репертуары.

**АНТРОПОНИМИСТ** (қара: **антропоним**) – антропонимдерді зерттеуші.

**АНТРОПОНИМИЯ** (қара: **антропоним**) – антропонимдердің жиынтығы. Мыс.: Қазақ антропонимиясы.

**АНТРОПОТОПОНИМ** – қара: топоним.

**АПЕЛЛЯТИВ** – жалпы есім. Мыс.: жіңішке – бұлақ Жіңішке, тәтті – есім Тәтті, кафе Тәтті.

**АПЕЛЛЯТИВТЕНУ** – қара. **бейонимдену**.

**АППОЗИТИВТІ АТАУ** – қосымша не сөз арқылы жасалынған бір бірімен байланыспаған компоненттердің тіркес-атауы.

**АППРОКСИМАЦИЯ** – сандық қатынаста ұқсастық тілдік мағынаны білдіру үшін ғана емес, сонымен бірге болмыстың кез келген элементі немесе үзігін (зат, нысан, олардың белгілері, қатынасы, бізді қоршаған орта мен бейақиқат әлем) ұқсастырып атау.

**АРЕАЛ** – жалқы есімнің таралу аймағы, мысалы, топонимиялық ареал, антропонимиялық ареал т. б.

**АРЕАЛДЫ ОНОМАСТИКА** қара: ареалды әдіс (ономастикалық).

**АРЕАЛДЫ ӘДІС** қара: ареалды әдіс (ономастикалық).

**АРЕНОНИМ** – шөлді жерлердің ең кіші объектілерінің атауы. Мыс.: *Еспеқұм, Төбеқұм*.

**АРТИОНИМ** – идеоним түрі; бейнелеу өнер (сурет салу өнері, графика, пластика) шығармасының жалқы есімі (атауы). Мыс.: Әбілхан Қастеевтің шығармалары: *Медеуде, Тау көрінісі, Жайлауда, Гүлденген алма ағашы, Биік таудағы мұз айдыны, Мектепте, Қарындасымның портреті, Үй жанында, Күзгі табиғат*.

**АРХЕОНИМ** – қосымша археологиялық ақпарат беретін топоним. Мыс.: *Отырар, Фараб* – ежелгі қалалар.

**АССИМИЛДЕНГЕН АТАУ** – берілген тілде фонетикалық жүйесіне және онимдік модельдеріне сай қабылданған шетел тілінен енген жалқы есім. Мыс.: *Мәскеу, Бейжің, Жапон* т.б.

**АСТИОНИМ** – ойконимнің бір түрі, қала атаулары. Мыс.: *Тараз, Қарағанды, Атырау, Семей, Алматы, Астана*.

**АСТИОНИМИЯ** – астионимдер (қара) жиынтығы.

**АСТРОНИМ** – оним түрі, жеке аспан денелерінің атауы, яғни жұлдыз, планета, комета, астероид атаулары. Мыс.: *Шолпан, Қызыл жұлдыз*.

**АСТРОНИМИКА** (қара: **астроним**) – астронимдерді зерттейтін ономастика саласы.

**АСТРОНИМДІК** – астронимикаға (қара) қатысты сын есім.

**АСТРОНИМИЯ** (қара: **астроним**) – астронимдер жиынтығы.

**АСТРОТОПОНИМ** – қара: **планетоним**.

**АТ ТЕРГЕУ** (дәстүр) – халық дәстүрінде адамға құрмет көрсетудің жолдары көп. Соның бірі – ат тергеу. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының,

қайнаға, қайынсіңлісінің атын атамай, өзіне лайықты ат қойып «мырза қайнаға», «бай атам», «би атам», «жалқы бала», «тентегім», «еркем», әйел болса «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым», «күлімкөзім» деп атайды. Жеңгелер жағы небір күлкілі аттар да қоя береді. Мысалы: тапалды «сұңғағым», жайбасарды «жүйрігім» дейді. Мұның бәрі шын мәнінде сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар мен өзінен үлкендерді «ата», «әке», Ереке, Аха, Жәке, Сәке деп құрметтеген. Бұл да осы ғұрыптың бір түрі. Ат тергеу – біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көргендік, кішіпейілділік қасиеттерінің биік көрінісі.

**АУГМЕНТАТИВТІ АТАУ** қара: кісі есімі (аугментативті).

## Ә

**ӘЙЕЛ ЕСІМІ** қара: кісі есімі, әйел.

## Б

**БАСҚА ТІЛДЕН ЕНГЕН АТАУ** – басқа тілден қолданысқа ену нәтижесінде қалыптасқан атау. Мыс.: *Алина, Руслан, Анель* т.б.

**БАТИОНИМ** – су асты мұхит ландшафтындағы кез келген объект атауы.

**БЕЙАНТРОПОНИМДЕНУ** – бейонимденудің (қара) жекелеген түрі. Антропонимнің (қара) апеллятивке немесе басқа оним түріне өтуі. Мыс.: *Иуда – сатқын, Гагарин – селеноним – Гагарин, Назарбаев – Назарбаев университеті, Сүлеймен Демирел – Сүлеймен Демирел университеті, Батист- батист, Холеген – хулиган* т.б.

**БЕЙЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОР** [ономастикада] (экстралингвистикалық фактор, экстралингвистикалық мәлімет) – жалқы есім қалыптасатын физикалық, әлеуметтік, психологиялық ақиқат болмыс пен үдерістерге қатысты тілден тыс фактор.

**БЕЙОНИМДЕНУ** – жалқы есімдердің жалпы есімдерге ауысуы. Мыс.: *Ломбардия* (Солтүстік Италия) – *ломбард* (алтын заттарды қабылдайтын орын), *Қарабай – қарабайшылық*.

**БЕЙТОПОНИМДЕНУ** (қара: **топоним**) – бейонимдену үрдісінің бір түрі, яғни жер-су атауларының жалпы есімге ауысуы.

**БИБЛИОНИМ** – идеоним түрі; көркем, діни, ғылыми, саяси жазба шығармаларының атауы. Мыс.: *Көксерек, Сұлушап, Сәбит сүйген сұлулар, Абай жолы, Аласапыран*.

**БИНАРЛЫ ОППОЗИЦИЯ** [ономастикада] – негізгі лексемалары және антонимдік анықтамалары ұқсас атау арқылы белгілі бір бірімен байланысқан нысандарды бір біріне қарсы қою. Мыс.: *Үлкен Алматы өзені, Кіші Алматы өзені*.

**БИОНИМ** – тірі ағза атауы, соның ішінде антропоним, зооним.

**БІРЕГЕЙЛЕНДІРУШІ ҚЫЗМЕТІ** – атаудың әлеуметте, қоғамда объектіні ажырату, яғни белгілі бір әлеуметтік тапқа қатысын көрсету арқылы қызметі. Мыс.: *Еламан, Ақбала* қазақ халқына тән есімдер немесе бірегейлендіруші *и* жұрнағы арқылы белгілі бір тұлғаның белгілі бір елдімекен немесе ру/тайпадан шыққанын көрсететін болған: әл-Фараби, Жалайри т.б.

## В

**ВЕНУСОНИМ** – астротопоним түрі; Венерадағы кез келген табиғи-физикалық объект атауы.

## Г

**ГЕЛИОНИМ** – гидронимнің түрі; тұзды, батпақты жердің атауы.

**ГЕЛИОНИМИЯ** – гелионимдердің жиынтығы.

**ГЕМЕРОНИМ** – идеоним түрі; басылым орындарының атауы, соның ішінде газет, журнал, ақпарат бюллетеньдердің. Мыс.: *Ана тілі, Айқын, Егемен Қазақстан, Зерде, Түркістан, Жас Алаш*.

**ГЕНЕТИВТІ АТАУ** – өзі жасалған атаудың генетивті формасы сақталған жалқы есім. Мыс.: топонимдер: Арал өзені; урбаноним: Мақатаев көшесі.

**ГЕНОНИМ** – рудың, тайпаның, тайпалық одақтың атауы; генонимдер, негізінен, түркі және моңғол халықтарына тән болып келеді. Мыс.: *қыпшақ, алаша, байбақты, жетіру т.б.*

**ГЕНОНИМИЯ** (қара: **геноним**) – генонимдердің жиынтығы.

**ГЕНОТОПОНИМ** – генонимдердің қатысымен жасалған жер-су атаулары. Мыс.: *Күшпенкөл, Алашакөл, Есен т. б.*

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ** – географиялық терминдер жиынтығы.

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИН (ГТ)** (детерминатив) – нақты географиялық реалийді (нысанды), ұғымдарды білдіретін сөздер. Ол түрге не типке қатысты болуы мүмкін. Мыс.: *өзен, бұғаз, батпақ, арал, теңіз, шың, шөл, қала, ауыл, көл, тау*, т.б.

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУ** – қара: топоним.

**ГЕОНИМ** (геотопоним) – 1. Селеноним, марсионим, меркурионимдермен салыстырғанда жер бетіндегі кез келген табиғи-физикалық нысан атауы. Мыс.: *Ертіс өзені, Іле өзені, Тынық мұхит, Алатау, Қаратау, Ұлытау, Үнді мұхиты* т.б.

**ГЕОНИМДІ** – геонимге қатысты сын есім.

**ГЕОНИМИЯ** – геонимдер жиынтығы.

**ГЕОТОПОНИМ** қара: геоним.

**ГЕОРТОНИМ** – мемлекет тарапынан бекітілген, халық арасында сақталған мерекелер мен ерекше күндердің атауы. Мыс.: *Жеңіс күні, Желтоқсан оқиғасы, Ақтабан шұбырынды* т. б.; кейбір геортонимдер топонимдерден қалыптасады. Мыс.: *Аңырақай шайқасы* деп аталатын тарихи күн Аңырақай топонимінен қалыптасқан.

**ГЕРАЛЬДИКАЛЫҚ АТАУ** – онда белгіленген немесе соған қатысы бар геральдикалық белгіге байланысты тағылған жалқы есім.

**ГИБРИД АТАУ** – екі немесе бірнеше тілдің лексикалық немесе морфологиялық элементтерінен құралған атау, негізінен, қос тілді атау. Мыс.: *Өскемен, Семей*.

**ГИДРОДЕТЕРМИНАТИВ** – гидронимдердің құрамында қолданылатын географиялық термин. Мыс.: *қона, қамыс, су, сай, көл* т. б.

**ГИДРОНИМ** – топонимнің бір түрі, су объектілерінің жеке атауы. Мыс.: *Жайық, Талас, Шалқар, Ертіс, Балқаш* т. б.

**ГИДРОНИМДЕНУ** (қара: **гидроним**) – жалпы есімдердің (апеллятив) номинативтік қызметінің өзгеруіне байланысты гидронимдер қатарына ауысуы. Мыс.: Қазақстан территориясында *Қона, Өзен, Жыра* сияқты атаулар кездеседі. Осы топонимдер кезінде жалпы есімдер болатын. Олар белгілі бір географиялық нысанның жеке атауына айналған.

**ГИДРОНИМИКА** (қара: **гидроним**) – топонимиканың су атауларын зерттейтін сала.

**ГИДРОНИМИКОН** (қара: **гидроним**) – белгілі бір аймақтағы су атауларының тізімі немесе сөздігі.

**ГИДРОНИМШІ** – гидронимдерді зерттеуші ғалым.

**ГИДРОНИМДІК** – гидронимикаға қатысты сын есім. **Гидронимдік калька** – сөзбе сөз аудару арқылы алынған гидроним. Мыс.: *Қара теңіз – Черное море, Жерорта теңізі – Средиземное море*.

**ГИДРОНИМИЯ** (қара: **гидроним**) – гидронимдердің жиынтығы.

**ГИНЕКОНИМ** – антропоним түрі; әйелінің есімі немесе лақап аты бойынша атау.

**ГИШПЕРТҮЗЕТІЛГЕН ФОРМА** – түп-төркіні дұрыс анықталмағаннан немесе орфографиялық ережені дұрыс қолданбағаннан қате түзетілген жалқы есімнің жалған түзетіліп берілуі. Мыс.: *Алма-Ата*.

**ГИШПЕРТҮЗЕТУШІ ФОРМАНТ** – гиппертүзетілген атаудың қосымшасы.

**ГИШПОНИМ** – зооним түрі, жылқы атауы. Мыс.: *Шалқұйрық, Құлагер, Тайбурыл*.

**ГЛЯЦИОНИМ** – топоним түрі, мұздықтардың атауы.

**ГОДОНИМ** – урбанонимнің түрі; қала көшелерінің, даңғылдарының, ықшамаудандарының атауы. Мыс.: Алматы қаласында *Абай көшесі, Абылайхан даңғылы, Алмагүл ықшамауданы* бар.

**ГОДОНИМИЯ** – годонимдер жиынтығы.

**ГОДОНИМДІК** – годонимге қатысты сын есім формасы.

## Д

**ДЕМИНУТИВТІ АТАУ** – деминутив жұрнағы арқылы жасалған мәтін ішіндегі кішірейту-еркелету мағынасы бар есім. Мыс.: *Қайрош, Асантай, Бақалөк*.

**ДЕНОТАТ** – жалқы есім тағылған кез келген нысан.

**ДЕПРОПРИАТИВ** – трансонимдену (қара) нәтижесінде басқа жалқы есімдерден қалыптасқан атау. Мыс.: *тау атауы Алатау – кинотеатр атауы Алатау, өзен атауы Кеген – ауыл атауы Кеген, кісі есімі Иманәлі – фирма атауы Иманәлі.*

**ДЕРИВАТТЫ АТАУ** – туынды атау.

**ДЕТЕРМИНАТИВ** – қара: **географиялық термин**.

**ДИАЛЕКТИЛІК АТАУ** – 1. Диалектілік лексемалар мен форманттар негізінде қалыптасқан атау. 2. Атаудың диалектілік нұсқасы.

**ДИГНИТОНИМ** қара: **құрметті атау**.

**ДИСФЕМИЗМ**, какофемизм – ауыс мағынаның бір түрі. Қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларын неғұрлым дөрекі, тұрпайы сөздермен ауыстырып айту. Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Дисфемизм кеміту, қорлау, жаратпау ұғымын тудырады. Дисфемизмдер – әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Бұлар көбінесе көркем шығармада ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшарасады. Сол арқылы әр жазушы өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды.

**ДРИМОНИМ** – топонимнің түрі; орман, тоғай атаулары. Мыс.: *Роцца Баума, Беловежская пуца, Сосновый бор.*

**ДРОМОНИМ** – топоним түрі; кез келген байланыс жолдары: жер үсті, су, жер асты, әуе қатынас атаулары. Мыс.: *Жібек жолы, Қасқа жол.*

## Е

**ЕКІНШІЛІК АТАУ** – әртүрлі тәсілдер арқылы жалпы есімнің немесе жалқы есімнің екінші разрядқа ауысуы арқылы жалқы есім қызметін атқаруы; екіншілік атау құралдары (эпитеттер, перифраздар, синонимдер, есімдікті субституттар, аппроксимация).

**ЕТІСТІКТІ АТАУ** (вербалды атау, императивті атау) – етістік формасынан немесе есімшеден қалыптасқан кез келген жалқы есім, нақтырақ айтсақ, топоним-сөйлем, етістікті топоним, етістікті антропоним, етістікті зооним. Мыс.: *Бөген өзені, Есіл өзені, Сағындық, Бұзау жарған* т.б.

## Ж

**ЖАЛҚЫ ЕСІМ** – бір түрге жататын басқа объектілерден аталмыш объектіті ажырататын, жекелейтін сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем; соның ішінде жалқы есімнің әр түрлерін құрайтын *антропоним, топоним, зооним, космоним, астроним, анемоним, теоним, идеоним, прагматоним, фитоним, хрематоним* т. б.

**ЖАЛҚЫ ЕСІМНІҢ ХАРИЗМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ** – жалқы есімдердің табу, яғни діни-харизматикалық қызметі халықтың мәдениеті мен экономикасына қатыссыз әмбебап, яғни барлық халықтарға тән. Мыс.: *Итбай* т.б.

**ЖАЛПЫ ЕСІМ** қара: **апеллятив**.

### З

**ЗООНИМ** – оним түрі; жан-жануарлар мен хайуанаттар атауы. Мыс.: *Ақтөс, Ақжол, Құттыаяқ, Күреңтөбел т.б.* **Антропозооним** – кез келген антропонимнен қалыптасқан зооним. Мыс.: *мысық – Васька, ит – Мухтар, сиыр – Марта т.б.* **Топозооним** – кез келген топонимнен қалыптасқан зооним. Мыс.: *ит – Амур, Байкал, жылқы – Казбек т.б.*

**ЗООНИМДІК** – зоонимге қатысты сын есім формасы.

**ЗООНИМИКА** (қара: **зооним**) – ономастиканың зоонимдерді зерттейтін саласы.

**ЗООНИМИЯ** (қара: **зооним**) — зоонимдердің жиынтығы.

**ЗООФОРЛЫ АТАУ** – жануар атауынан қалыптасқан кез келген жалқы есім, соның ішінде топоним, гидроним, космоним, антропоним. Мыс.: *Қоянқұс ауылы, Щучье көлі т.б.*

### И

**ИДЕОНИМ** – оним түрі; адам қызметінің ойлау, идеологиялық, көркем аясындағы әр түрлі денотаттары бар жалқы есімдер аталмыш терминге біріктірілген, соның ішінде артионим, библионим, гемероним, геортоним, поэтоним т. б.

**ИМПЕРАТИВТІ АТАУ** қара: **етістікті атау**.

**ИНДИГЕНДІ АТАУ** – бастапқы (түп-төркін) жалқы есім.

**ИНДИКАТОР** қара: **термин-индикатор**.

**ИНСУЛОНИМ** – кез келген арал атауы. Мыс.: *Мадагаскар, Әулие Елена аралы, Диксон, т.б.*

**ИНФОРМАНТ** – тілде қалыптасқан не қолданылатын атау, сол тілде сөйлейтіндердің атауға қатысы туралы мәлімет беретін табиғи тіл иесі, негізінен, зерттелетін аймақтың тұрғыны.

**ИРРАДИАЦИЯ** [топонимнің] берілген нысанның географиялық атау негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы. Мыс.: *Арал теңізі, Арал қаласы; Талас өзені, Талас ауданы т.б.*

### К

**КАЛЬКА** қара: **атау-калька**.

**КАНОНДЫҚ АТАУ** қара: **жалқы есім**, канондық.

**КАТОЙКОНИМ** – жер атауы бойынша тұрғындарды атау. Мыс.: *алматылық, астаналық, мәскеулік.*

**КВАЛИТАТИВ** қара: **жалқы есім**, квалитативті.

**КИНОНИМ** – зооним түрі; ит атауы. Мыс.: *Алаяқ, Саққұлақ, Бөрібасар, Ақжол.*

**КОММЕМОРАТИВТІ АТАУ** қара: **жалқы есім**, мемориалды.



**КОМОНИМ** – ойконимнің түрі; ауылдық елдімекен атауы. Мыс.: *Кеген, Нарынқол, Қарасу, Жекекөл.*

**КОМОНИМИЯ** – комонимдер жиынтығы.

**КОНТАМИНАЦИЯ** – екі сөздің (атаудың) кірігуі нәтижесінде қалыптасқан жалқы есімдер. Мыс.: *е.м. Қатынқырған, кісі есімі Қошкелді.*

**КОНЦЕПТ** – адам санасының әлемді қабылдауда тек ұғыну ғана емес, эмоционалды баға беру, сезіну негізінде қалыптасқан зат немесе құбылыс туралы сығымдалған ақпараттың санада жүйеленген ойды тіл арқылы жеткізудегі жеке тұлға мен қоғамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде кешенді, энциклопедиялық ақпараттан тұратын, адам санасының ойлау кодының негізгі бірлігі болып табылатын дискретті менталды құрылым.

**КОСМОНИМ** – онимнің түрі, галактика мен ғарыш денелерінің, жұлдыздар мен жұлдыз шоғырының атаулары. Мыс., Жеті қарақшы, Құс жолы.

**КОСМОНИМИЯ** (қара: **Космоним**) – космонимдердің жиынтығы.

**КРИПТОНИМ** – жасырылған, шифр арқылы берілген кез келген жалқы есім. Мыс., М.Ә., М. – М.Әуезов, Б.М. – Б. Майлин.

**КТЕМАТОНИМ** – қара. Хрематоним.

## Л

**ЛИМНОНИМ** – гидронимнің түрі; көлдер мен тоғандардың атауы Мыс., Балқаш, Сасықкөл, Алакөл, Жалтыркөл.

**ЛИТОНИМ** – топоним түрі; жағалаудағы табиғи кез келген объектінің атауы, нақ-тырақ, шығанақ, тас, мыс., Оқжетпес, Жұмбақ тас.

## М

**МАКРОТОПОНИМ** – ірі физикалық-географиялық объектінің атауы, мыс., Сарыарқа, Ақжайық, Нарын, Бетпақ дала, Қызылқұм т. б.

**МАРСИОНИМ** – астротопонимнің түрі; Қызылжұлдыздағы кез келген табиғи-физикалық объектінің атауы.

**МАТРОНИМ** – анасы есімінің дериваты: анасы есімінен қалыптасқан лақап аты, «әкесінің атың, анасының лақап атынан қалыптасқан фамилия.

**МЕНСОНИМ** – эргонимнің (қара.) түрі, кез келген тағамхана (азық-түлік дүкені, мейрамхана, кафе т. б.) атаулары, мыс., кафе Дәм мерекесі, мейрамхана Алтын адам, дүкен Керемет.

**МЕРКУРИОНИМ** – астротопоним түрі; Есекқырғандағы кез келген табиғи-физикалық объектінің атауы.

**МИКРОТОПОНИМ** (шағынтопоним) – кең қауымға беймәлім географиялық объектілердің атаулары.

**МИФОНИМ** – мифтердегі, эпопея, ертегілердегі, жырлардағы кез келген ономастикалық кеңістік аясындағы атау, мыс., Құлагер, Шалқұйрық, Қобыланды батыр, Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба.

## Н

**НЕКРОНИМ** – топонимнің түрі; зират, бейіттер мен молалардың атауы, мыс., Кеңсай, Ваганьковское кладбище.

**НОМИНАЦИЯ** – атау беру үрдісі.

## О

**ОЙКОДОМОНИМ** – ғимарат атауы. Мыс., Республика сарайы, Оқушылар сарайы, Студенттер сарайы.

**ОЙКОНИМ** – топоним түрі; кез келген елді мекен (ауыл, село, кент, қала) атауы; ойконим астионим және комоним болып бөлінеді.

**ОЙКОНИМИКА** (қара: **Ойконим**) – топонимиканың ойконимдерді зерттейтін саласы.

**ОЙКОНИМИКОН** (қара: **Ойконим**) – ойконимдердің тізімі немесе сөздігі.

**ОЙКОНИМИЯ** (қара: **Ойконим**) – ойконимдердің жиынтығы.

**ОКЕАНОНИМ** – гидронимнің түрі; мұхиттар атауы. Мыс., Атлант мұхиты, Солтүстік Мұзды мұхит, Үнді мұхиты.

**ОНИМ** – қара. Жалқы есім.

**ОНИМИЯ** (қара: **Оним**) – жалқы есімдердің (онимдердің) жиынтығы.

**ОНОМАСТИКА** – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы.

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК** – белгілі бір жалқы есімдердің таралу аймағы немесе жалқы есімдердің тобы; ономастикалық кеңістік топонимия, антропонимия, зоонимия, теонимия сияқты топтардан тұрады.

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ ӘДІС** – ономастика саласында атаулар сырын танудың жолы; ономастикалық әдістер бірнеше түрден тұрады: стратиграфиялық, құрылымдық, ареалды, туыстық, типологиялық, этимологиялық; әр атаудың қалыптасу жолдары мен ат берілу себептерін анықтауда осы әдістердің біреуін немесе бірнешеуін пайдалануға болады.

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ** – ономастика саласындағы зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы.

**ОРОНИМ** – топонимнің түрі, тау, қырат, шың атаулары. Мыс., Алатау, Хантәңірі, Алтай, Орал, Қаратау т. б.

**ОРОНИМИКА** – топонимиканың оронимдерді зерттейтін саласы.

**ОРОНИМИЯ** – оронимдердің жиынтығы.

## П

**ПАТРОНИМ** – әкесінің есімі немесе лақап атының дериваты: әкесінің немесе атасының есімі немесе лақап аты бойынша адамға лақап ат немесе фамилия беру.

**ПЕЛАГОНИМ** – океанонимнің түрі, кез келген теңіз немесе оның бөлігінің атауы. Мыс., Каспий теңізі, Арал теңізі.

**ПЛАНЕТОНИМ** – онимнің түрі, кез келген аспан денелеріндегі табиғи-физикалық объектінің жалқы есімі; нақты айтқанда, марсионим, селеноним, венусоним т. б.

**ПОЛИОНИМИЯ** (көпонимді) – көп атқа ие болу, яғни бірнеше атауы болу.

**ПОРЕЙОНИМ** – кез келген көлік түрінің атауы. Мыс., Қазақстан поезі, Аврора крейсері, Восток-1 ракетасы.

**ПОТАМОНИМ** – топонимнің түрі; өзендердің атауы. Мыс., Іле, Талас, Жайық, Шаған т. б.

**ПРАГМАТОНИМ** – оним түрі; адамның күнделікті қызмет аясындағы денотат атаулары, соның ішінде тауароним, прагмоним, эргоним, фалероним, хрематоним, порейоним т. б.

**ПСЕВДОНИМ** – бүркеншік ат (қара: **Лақап ат**).

## Р

**РЕГИОНИМ** – тіл білімі, тарихи, географиялық, этнографиялық, лингвомәдени т. б. мәліметтер бойынша ономастикалық зерттеуге алынған белгілі бір аймақтың атауы. Мыс., Шығыс Қазақстан, Өр Алтай, Ертіс қойнауы, Солтүстік Қазақстан.

**РЕЛИКТІ ҚОСЫМШАЛАР** – топонимдердің құрамында кездесетін, бүгінгі тілімізде дәл сол күйінде қолданылмайтын көне тұлғалар. Мыс., Жымпиты, Аңқаты, Бұлдырты, Қалдығайты, Өлеңті, Шідерті топонимдерінің құрамында кездесетін *-ты*, *-ті* тұлғалары реликті қосымшалар болып есептеледі.

**РЕЛИКТІ ҚҰРЫЛЫМДАР** – реликтілік қосымшалардың қатысымен қалыптасқан жер-су атаулары.

## С

**СЕЛЕНОНИМ** – планетонимнің түрі; Айдағы кез келген табиғи объектінің атауы.

**СЕЛЕНОНИМИКА** (қара: **Селеноним**) – селенонимдерді зерттейтін ономастика саласы.

**СӨЗЖАСАМ** (ономастикалық) – онимдердің жасалу жолдары мен тәсілдерінің жиынтығы.

**СПЕЛЕОНИМ** – ороним түрі; кез келген табиғи жер асты объектілердің атауы, соның ішінде: үңгір, құдық, жар, лабиринт, сифон, жер асты өзен т. б. атауы.

**СПЕЛЕОНИМИЯ** (қара: **Спелеоним**) – спелеонимдер жиынтығы.

**СПИРИТОНИМ** – аруақ аты. Мыс.: Ғайып баба, Оқшы ата, Райымбек ата т. б.

**СТРАТИГРАФИЯ** (топонимиялық) – топонимдердің қалыптасуын белгілейтін тарихи қабаттар.

## Т

**ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОР** – жалқы есімдердің (топонимдердің, антропонимдердің, зоонимдердің, эргонимдердің т. б.)

қалыптасуында қоғамдық-саяси оқиғалардың, тарихи-әлеуметтік жағдайлардың себепші болуы.

**ТЕОНИМ** – кез келген пантеондағы құдай аты. Мыс., Алла, Құдай, Зевс, Гера, Будда, Кришна.

**ТЕОНИМИЯ** (қара. **Теоним**) – белгілі бір аймаққа, халыққа, шығармаға, мерзімге қатысты теонимдер жиынтығы.

**ТЕРМИН-ИНДИКАТОР** – топонимдердің құрамында келіп, олардың топонимдердің қай түріне жататынын анықтап отыратын географиялық термин; егер топонимдер су, сай, қамыс сөздердің қатысымен жасалса, ондай топонимдер гидронимдер тобына, ал тау, шоқы, қыр, асу сөздерінің көмегімен қалыптасса оронимдер тобына кіреді; термин-индикаторлардың детерминативтер, географиялық терминдер, халықтық терминдер деген атаулары да бар.

**ТОПОНИМ** – онимдердің бір түрі; топонимдерді, көбінесе, жер-су атаулары деп те атаймыз; топонимдер — жер бетіндегі табиғи объектілердің және адамдардың табиғатты игеру үрдісі нәтижесінде қалыптасқан объектілердің атаулары; топонимдер өз ішінен ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, урбанонимдер, некронимдер т. б. түрлерге бөлінеді.

**ТОПОНИМДІК** – сын есім, топонимге қатысты. Мыс.:

**ТОПОНИМДІК АЙМАҚ** – белгілі бір жер-су атауларының таралу аймағы;

**ТОПОНИМДІК КАРТА** – топонимдердің немесе олардың кейбір элементтерінің орналасу аймағын сипаттайтын географиялық атлас;

**ТОПОНИМДІК ҚАТАР** – құрылымы, топонимдік моделі бірдей жер-су атауларының тобы;

**ТОПОНИМДІК ЛЕКСЕМА** – топонимдер қалыптастыруға қатысатын сөздер;

**ТОПОНИМДІК ТЕРМИНОЛОГИЯ** – топонимдерді сипаттайтын ғылыми терминдердің жиынтығы;

**ТОПОНИМДІК УӘЖ** – жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған жағдай, себеп.

**ТОПОНИМДЕНУ** (қара: **Топоним**) – жалпы географиялық терминдердің (детерминативтердің) ешбір қосымшасыз топонимдерге айналуы; мыс., сын есім жіңішке – бұлақ атауы Жіңішке, сын есім қақ – көл атауы Қақ.

**ТОПОНИМИКА** (қара: **Топоним**) – ономастиканың топонимдерді зерттейтін саласы; топонимика жер-су атауларының қалыптасу себептерін, пайда болу ерекшеліктерін, даму жолдарын және қолданылу жайын тексереді.

**ТОПОНИМИКОН** (қара: **Топоним**) – топонимдердің сөздігі немесе тізімі.

**ТОПОНИМИСТ** – топонимдерді зерттеуші.

**ТОПОНИМИЯ** (қара: **Топоним**) – топонимдердің жиынтығы.

**ТРАНСАНТРОПОНИМДЕНУ** – трансонимденудің бір түрі; антропонимнің бір түрінен екінші түріне ауысуы.

**ТРАНСКРИПЦИЯ** – қабылдаушы тіл графемасы арқылы шет тілді атау фонемасын жеткізу.

**ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ** – белгілі бір әліпбимен жазылған жекелеген жалқы есімдерді екінші бір әліпбидің әріптерімен таңбалау. Мыс., қаз. Дәулет – орыс Даулет – ағылш. Daulet.

**ТРАНСОНИМДЕНУ** – жалқы есімдердің; мыс., антропонимдердің (кісі аттарының), ешбір қосымшасыз басқа жалқы есімдерге, мыс., топонимдерге айналу үрдісі; трансонимдену тәсілі арқылы антропонимдерден жасалған топонимдерді антропотопонимдер, топонимдерден жасалған антропонимдерді топоантропонимдер, антропонимдерден жасалған космонимдерді антропокосмонимдер т. б. деп атайды.

**ТРАНССТОПООНИМДЕНУ** – топонимдердің бір кластан екінші бір класқа ауысып, жаңа объектінің атауы ретінде жұмсалуды. Мыс., Шыңғырлау – 1) өзен атауы, гидроним; 2) аудан орталығы, ойконим; Бұлдырты – 1) өзен атауы, гидроним; 2) кеңшар орталығы, ойконим т.б.

## У

**УӘЖДІ АТАУЛАР** – ішкі уәжді формада тұратын, уәжі анық есімдер.

**УРАНОНИМЫ** – кез келген рудың ұран атауы. Мыс.: Аруақ-аруақ; Абылай.

**УРБАНОНИМ** (урбоним) – топонимнің түрі; қала ішіндегі кез келген топографиялық объект атауы; соның ішінде агороним, годоним, хороним, т.б.

## Ф

**ФАЛЕРОНИМ** – кез келген медаль, орден, ерекшелік белгілер атауы. Мыс., Парасат ордені, Барыс ордені, Алтын алқа медалі.

**ФИТОНИМ** – өсімдіктердің атаулары. Мыс., раушангүл Виктория, лилия Венера.

**ФИТОНИМИЯ** – фитонимдердің жиынтығы.

## Х

**ХАЛЫҚТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИН** – жергілікті географиялық терминдер, белгілі бір аймақта ғана қолданылатын детерминативтер. Мыс., копа, самар терминдері Батыс Қазақстан аймағында жиі қолданылады.

**ХОРОНИМ** – топоним түрі; кез келген территория, облыс, аудан атауы, соның ішінде әкімшілік, қалалық, табиғи хоронимдер болады. Мыс., Шығыс Қазақстан, Орта Азия, Еуразия, Алматы облысы, Қызылжар ауданы.

**ХРЕМАТОНИМ** – оним түрі; материалды мәдениет заттары атауы, соның ішінде қару-жарақ, музыкалық аспап, зергерлік заттар т. б. атаулары.

**ХРОНОНИМ** – оним түрі; уақыт кесіндісі атауы.

## Э

**ЭВФЕМИСТИК АТАУ** – кез келген объектің дәрекі естілетін бастапқы атауларын қорғау мақсатында сыпайы түрімен ауыстыру.

**ЭККЛЕЗИОНИМ** – топоним түрі; ғұрыпты өткізу орындары мен кез келген дінге бағыну орындары атауы, соның ішінде мешіт, шіркеу атаулары. Мыс., Орталық мешіт, Никольская церковь.

**ЭПОНИМ** – аты шыққан кісінің есімі немесе лақап атымен басқа кез келген онимнің пайда болуы. Мыс., Менделеев кестесі, Боткин ауруы, М. Әуезов драма театры.

**ЭРГОНИМ** – оним түрі; іскер адамдардың бірігу, ұйымдар мен мекемелер, корпорациялар т. б. атауы. Мыс., Таң телекомпаниясы, Қайрат футбол қоғамы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

**ЭТИМОЛОГИЯ** – жалқы есімнің шығу тегі.

**ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОР** – жер-су атауларының халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына сәйкес қалыптасуы.

**ЭТНОМАРКЕРЛІ ОНИМДЕР** – құрамында этнографизмі бар мәдени-этнографиялық ақпаратқа ие жалқы есімдер, соның ішінде этномаркерлі топонимдер (Қойтас, Сандықтау, Айғыржал), этномаркерлі антропонимдер (Бөрібай, Жібек), этномаркерлі космонимдер (Жетіқаракшы, Есекқырған) т. б.

**ЭТНОНИМ** – кез келген этникалық топ, халық, ру, ұлт атаулары. Мыс., қазақ, ағылшын, орыс, қырғыз.


**ЭТНОНИМИЯ** (қара: **Этноним**) – этнонимдердің жиынтығы.

**ЭТНОТОПОНИМ** – этнонимдердің қатысымен қалыптасқан жер-су атаулары. Мыс., Қалмаққырған, Қоңырбұлақ, Базар, Шүршүтсу.

**ЭТНОТОПОНИМИЯ** – этнотопонимдердің жиынтығы.

## ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕР КЕСТЕЛЕРІ

### Жалқы есім түрлері



Прагматоним  
(адамның күнделікті  
қызмет аясындағы  
денотат атаулары)


т.б.

Идеоним  
(адам қызметінің ойлау,  
идеологиялық, көркем  
шығармашылық  
аясындағы әртүрлі  
денотат атаулары)

### Топоним түрлері




## Антроним түрлері







## Прагматоним түрлері




## Идеоним түрлері



## Зооним түрлері



## Космоним мен астронимдер түрлері



## Жалқы есімдер туралы айтылымдар

«Жер бетіндегі адамдардың ешқайсысы есімсіз болмайды; туылған кезде әрқайсысы – кедейі де, байы да есімді ата-аналарынан тәтті сәттерде сыйға алады.

*Гомер. Одиссея*

«Осы уақытқа дейін түсіндірмесі берілмеген, мағынасы ашылмаған жердің, шатқалдардың т.б. атаулары филология тұрғысынан қарастырылса, яғни атаулардың мағынасы ашылып, аударылатын болса, географияны оқытудың қызықты да мазмұнды болатыны сөзсіз еді. Топографиялық атаулар еш уақытта жайдан жай тағылмайды және мағынасыз болуы мүмкін емес. Онда көбінесе шатқалдардың айрықша белгілерін немесе елдімекеннің ерекшеліктерін білдіретін, немесе заттың шығу тегіне сілтейтін, немесе, тіптен, белгілі бір жағдайларға байланысты болуы мүмкін».

*Академик Я.К. Грот*

«Еріккендік, наздықпен емес, белгілі бір себептермен Атау тағылады әр елдімекенге».

*С. Сейфуллин*

*Nomen est omen* (Атау – алдын-ала болжаушы, жорушы).

*Т. Массии Плаути*

«Атау керексіз зат емес: Наполеонның ұлы есімге ие болу үшін жарты адамзатты шашыратып тастағаны бекер емес».

*В. Гете*

«Құдай есімі қанша сақталса, менің есімім сонша сақталады».

*Б. Наполеон*

«Адам кез келген жерге, ең болмаса ағашқа, өз есімін ойып жазғанын мақтан тұтады, оны таба алмағанына таңданады».

*Александр Дюма (ұлы)*

«Адамзат ажырату үшін барлығына атау беру керек».

*К. Маркс, Ф. Энгельс*

«Барлық мәдениет, барлық адамзат болмысы, барлық өмірі атаулардан тұрады. Барлық санаға сиятын, барлық жарқын түсінік, өзара түсінік атаудан

басталады және өзін-өзі сезіну түсінігі оянады. Ғасырлар бойы жиналған барлық мәдени байлығымыз сөзде, әсіресе, атауда сақталады».

*А.Ф. Лосев*

«Адамның есімі – кез келген тілде ең тәтті және маңызды».

*Д. Карнеги*

«Олардың (әдеби атаудың) әрқайсысының көптеген мағынасы бар. Бұл повесть, роман, тарих, поэма, драма, көп томды кітап, қысқасы, бір сөзбен берілген тұтас әлем!»

*В.Г. Белинский*

«Әңгімеге атау босқа берілмейді, ол маңызды тақырыпты ашады».

*Л.С. Выготский*

«Ұрпақ үшін титулдардың еш маңызы жоқ. Ұлы істер атқарған адамның есімі барлық эпитеттерге қарағанда құрметке ие».

*Вольтер*

«Әйгілі есім арсыз адамның атағын көтермейді, керісінше, құртады».

*Ф. Ларошфуко*

«Әйгілі есімің арқылы жазылған шығарманы мойындату оңай, керемет шығарма жазып атыңды шығару оңай емес».

*Ж. Лабрюйер*

«Көркем шығармаларда танымал емес есімдер жоқ. Шығармада аталған әр есімнің өзі мағына».

*Ю.Н. Тынянов*

«Орта дәулетті адам үшін әлемдегі барлық есімдерді бірге алғанның өзінде өз есімі маңызды».

*Д. Фарли*

«Есімді атау, яғни санада кімді атағаның туралы ой қалыптасады деген сөз. Атап тұрған адам үшін есім мен адам біртұтас, сондықтан дамудың бірінші кезеңдерінде адам мен есім бір ұғым болған... Есім адамға тек қоғамда және қоғам үшін қажет. Қоғам үшін әр есім маңызды».

*В.А. Никонов*

«Жалқы есімдер – бұл мәдениеттің ерекше категориясы, тарихи сананың

ерекше категориясы. Адамзат үшін жалқы есімдер қызметімен, құрылым жағынан, негізгі параметрлері, негізгі уәждері және жасалу принциптері бойынша әмбебап».

*Ә. Т. Қайдар*

«Атау – бұл елдің халықтық поэтикалық сәні. Олар халықтың мінез-құлқы, оның тарихы, оның тұрмыс-тіршілігі туралы мәлімет береді».

*К. Паустовский*

«Атау жасау – бұл сақтанып, саналы түрде жүретін үрдіс, себебі ол шетел тілде жасалса да дуалап, бас айналдыратын қабілеті барын білемін».

*В.К. Тредиаковский*

«Ұрпаққа өз атыңды қалдыру – атаққа ие болу деген түсінік бермейді. Тарихта ұят есімдер де, ұлы адамдардың ұлы есімдері де бар; өкінішке орай, өзінің жақсы істерімен атаққа ие болған адамдардың есімдері қатыгездігімен аты шыққан адамдардың есімдерімен қатар аталады».

*Д. Леббок*

«Есімін жырға қосқандар үш есе рақат табар. Атауы бар ән басқасына қарағанда ұзағырақ жасар».

*О. Мандельштам*

### **Жалқы есімдер туралы мақал-мәтелдер**

Атың шықпаса, жер өрте (қаз.).

Мыңның түсін білгенше,  
Бірдің атын біл (қаз.).

Адам деген – ардақты ат (қаз.).

Аты шықпаған жігіттен,  
Аты шыққан төбе артық (қаз.).

Жақсының артында аты қалады,  
Жаманның артында даты қалады (қаз.).

Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді,  
Ұстаның таты өлмейді(қаз.).

Ер өлсе де, аты өлмейді (қаз.).

Аман ердің аты шығады (қаз.).

Атына заты сай (қаз.).

Аты барда Иван – аты жоқта ақымақ (болван) (ор.).

Аты жоқ бала – сайтан (ор.).

Онда да, Мұнда да жақсы, егер атымен атаса (ор.).

Өз атын білмеген, тарихын да білмес (осетин).

Егер адамның затын білгің келсе, алдымен атын біл (қытай).

Адам сыры – атында (парсы).

Тал – жапырағымен, адам атымен көрікті (парсы).

Аты бақытты білдіреді – тағдыры бақытсыз (непал).

### Мақал-мәтелдердегі жалқы есімдер

Әркімнің өз жері – *Мысыр* шаһары.

Әлім келсе, *Арыс* суын байлар ем.

Сұрай-сұрай *Меккені* де табады.

Еңкейгенге еңкей,  
Атаңның, қара құлы емес.  
Шалқайғанға шалқай,  
Пайғамбардың ұлы емес.

Ақ *Еділдің* өзі болмасақ та  
Бұлағымыз.  
Ақылды бастың өзі болмасақ та – Құлағымыз.

Ананды *Меккеге* үш арқалап барсаң да,  
Қарызыңнан құтыла алмайсың.

Барар жерің *Балқан тау*,  
Ол да біздің көрген тау.

Атанды *Алатауда* бір жығып ем (деме).

*Аллаңнан* – ойбайым жақсы

*Аллаға* жағайын десең – Азаның болсын,  
Қазыға жағайын десең – Қазаның болсын.

*Пайғамбар* да күйеу баласын сыйлапты.

*Сүмбіле* туса су суыр.

*Үркерлі* айдың бәрі қыс.

Ботқаға қазан тоймас,  
Пұттаған сөзді қолдаған құл  
*Мұхамметке* үмбет болмас.

Киімі жаманды ит қабады,  
Пейілі жаманды *тәңірім* табады.

Қашқан да «*Құдай*» дейді, Қуған да «*Құдай*» дейді.

*Құдай* асыраған тоқтысын қасқыр жемес.

*Құдай* десең, құр қалмайсың.

*Құдай* берейін деген құлына құлай береді.

*Құдай* ұрған оңалса да, аруақ ұрған оңалмас.

«*Құдай*» деген қор болмас.

*Құдай* қырсығынан сақтасын.

*Құдайға* сыйынған құстай ұшады,  
Адамға сыйынған мұрттай ұшады.

*Құдайдан* қорықпағаннан қорық,  
Адамнан ұялмағаннан ұял.

Құдайдан үміті жоқ.

Талап – пендеден, жеткізу – Алладан.

Құдайға қарсы болма.

*Тәңірім* берейін деген құлының айдап салар жолына.  
Бермеймін деген құлының. іздесе, таптырмайды пұлына.

*Алла* жаққан шырақты,  
Ақымақ үрлеп сөндірмес.

*Алланикі* – бұйрық, Адамдікі – зорлық

Адамнан тілеген қариды, Құдайдан тілеген жариды.

*Құдай* малынды алса да, пейілінді алмасын.

Малының есебін қу табады,  
Қудың есебін *құдай* табады.

Сыйлағанды сыйла,  
Атаң құлы түңілер,  
Сыйламағанды сыйлама,  
*Пайгамбар* ұғылы түңілер.

*Құдай* маған түйедей бой бергенше,  
Түймедей ой бер.

Ердің ерлігін білмеген,  
*Құдайдың* бірлігін білмейді.

Мал малға жеткенше, *әзірейіл* жанға жетер.

«*Алла*» деген ойын сөз,  
Қияметте қиын сөз.

*Алла* бермегенді молда бермейді.

*Алла* деп барсаң, аман келерсің.

*Алла* салған отты, адам өшіре алмас.

Болжалсыз таң атпайды,  
Ажалсыз жан шықпайды.



*Құдайдың бұйрығынан тыс,  
Құмырқаның аяғы сынбайды.*

*Ай бетінде де дақ бар.*

*Ай қораланса, арбанды сайла.  
Күн қораланса, күретінді сайла.*

*Ай туса қуанба, Жағымды туса қуан.*

*Ай шалқасынан туса – ай бойы аяз.  
Ай қырынан туса, айбалтанды сайла.*

*Айдабол, ас ішкенде пай да бол!*

*Ақыран – аспандағы қамбар тоғысы.*

*Арғындар аса қонды,  
Шөмекей баса қонды.*

*Арғын – адыр,  
Қытшақ – шадыр.*

*Арыстандай жігітте Алатаудай ақыл бар.*

*Астраханда атты кісі таң болар.  
Аяз би, әлінді біл,  
Құмырқа, жолыңды біл.*

*Әзірейіл барда, жаным бар деме.*

*Барымта барда, малым бар деме.*

*Әлім келсе, Арыс суын бойлар ем.*

*Әркімдікі өзіне,  
Ай көрінер көзіне.*

*Бас-басыңа би болсаң,  
Манар тауға сыймассың.*

*Бидай – қырда,  
Күріш – Сырда,*

Жемістердің ғажабы – *Жетісуда*.

Ерді көрсең, *Қыдыр* тұт,  
Асты көрсең, кадыр тұт.

Жаман иттің атын «*Бөрібасар*» қояды.

*Жетіқарақшыны* таныған – жеті қараңғы түнде адаспас.

*Қазақ* қартайса, түйе бағады,  
*Қарақалпақ* қартайса, томар қазады.

*Қазақ* байыса, қатын алар,  
*Сарт* байыса, там салар.

Қырықтың бірі – *Қыдыр*.

*Өзбек* менің өз ағам, *сарт* – садағам.

*Өзбектің* кигенін ал,  
*Қазақтың* мінгенін ал.

*Сүмбіле* туғанда, сұмырай қатын ұйықтайды.

*Сүмбіле* туса, су суыр,  
*Таразы* туса, таң суыр.

*Таразы* туса, тары піседі.  
*Үшарқар* айдай туып, күндей батар.

*Үркер* – жұлдыз ағысы.

### **Прецедентті мәтіндегі прецедентті жалқы есімдер**

*Қайда барсаң да Қорқыттың көрі.*

*Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау.*

*Жүзігі барда Сүлеймен, Жүзігі жоқта сүмірейген.*

*Дәуіттің де отыз ұлы болған.*

*Мұсаның аса таяғы.*

*Қаратаудың басында бір жеңгенмін.*

*Жауды көп кашырады, Жақсы атақ Барақта қалады.*

*Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, Қарызыңнан құтыла алмайсың.*

*Сараңға Сырдың суы да жетпейді.*

*Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары.*

*Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы – Майқы би.*

*Абылайдың асында шаппағанда, Атаңның басына шабасың ба?*

*Әлім келсе, Арыс суын байлар ем.*

*Еділ басынан лайланады, Сағасынан тұнады.*

*Еділ – ел болып келгенге су, Едірейіп келгенге у.*

*Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы.*

*Суымен Жайық әдемі, Ескегімен қайық әдемі*
